

ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2014

БАЯНДЫ БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛУ ЖОЛЫНДА



Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер

КПО 2014 жетістіктері

Жұмыс уақытын жоғалту апаттар жиілігі – **0,20**

Жалпы тіркелетін апаттар жиілігі – **0,27**

Қарашығанақ газды пайдаға асыру **99,81%** құрады

Қарашығанақ кен орнында айтарлықтай төгілуін **0** жағдайлары болды

КПО үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді ұсынудағы қазақстандық қамту үлесі **47,38%** құрады

Кадрлардың ұлттандыру кәсіби мамандар мен супервайзерлер санатында **95%**-ға, ал жетекшілер санатында **70%**-ға жетті

ҚПО-ның тұрақтанды және қолма-тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді өндіру рекордтық **142,5 М.Б.Э.** деңгейге жетті

Ең терең **6 605 м** ұзындығымен ұңғыма бұрғылды, көлденеңінен жылжу **1 625 м** болатын

МАЗМҰНЫ

1. Тұрақты даму қағидатына деген біздің беріктігіміз.....	1
2. Бас директордың жолдамасы	2
3. Есепке қысқаша шолу.....	3
4. Өндірістік қызмет пен даму жобалары.....	8
5. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік және сүбелі мәселелер	17
6. Корпоративтік басқару	24
7. Еңбекті және денсаулықты қорғау, активтердің қауіпсіздігі мен тұтастығы.....	34
8. Қоршаған ортаға қамқорлық.....	70
9. Адамдар – біздің байлығымыз.....	102
10. Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік.....	120
11. Аймақ экономикасының дамуына қосқан үлес.....	133
12. GRI көрсеткіштерінің кестесі.....	143
13. Тәуелсіз тексеру туралы есеп.....	155
14. Терминдер мен қысқартулар.....	157

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТЫНА ДЕГЕН БІЗДІҢ БЕРІКТІГІМІЗ

Бұл «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО) Компаниясы шығарып отыратын тұрақты даму саласындағы есептің санақ бойынша – жетіншісі және біздің орнықты даму принципіне деген өзгермейтін ұстанымымыз. 2009 Жылы ҚПО Қазақстан аумағындағы халықаралық стандарттарға сай тәуелсіз растамаға ие болған тұрақты даму туралы есеп шығарған алғашқы компания болды. Ал 2014 жылы ҚПО Есептілік Жөніндегі 4 Жаһандық Бастама (GRI G4) нұсқаулығының талаптарына сәйкес тұрақты даму туралы есеп шығарған Қазақстандағы алғашқы компания атанды.

Орнықты дамудың принциптерін басты назарда ұстай отырып, біз «тұрақты даму – бүгінгі күн талаптарын қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне кесірін тигізбейтін даму» делінген Брутланд комиссиясының «тұрақты дамуға» берген жалпыға бірдей анықтамасына бағдар жасаймыз.

Коммерциялық ұйым ретінде ҚПО өзінің тұрақты дамуға қосқан үлесін:

- компанияның қатысуына байланысты туындаған мүмкіндіктерді барынша пайдалану және оның кері әсерін азайту;
- қабылданған шешімдердің ұзақ мерзімді салдарын назарға алу;
- мүдделі тұлғаларды конструктивтік диалогқа тарту;
- корпоративтік басқару мен айқындықтың ең жақсы тәжірибелерін практикалық тұрғыдан енгізу ретінде қарастырады.

Құрметті оқырмандар!

Біз Сіздің назарыңызға КПО-ның Тұрақты даму туралы жетінші есебін ұсынғанымызға қуаныштымыз.

КПО Қарашығанақ кен орны барлауда озық технологияларды қолданып, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздіктің ең қатаң стандарттарын сақтау арқылы кен орны игеруде барынша экономикалық пайда түсіруді мақсат етеді.

2014 жылы өндірістік қызмет саласында біз жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік және де осы есеп арқылы компанияның экологиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерінің орындалуы туралы толық ақпарат ұсынамыз.

Бүкіл әлемдегі мұнай-газ өнеркәсібіндегі экономикалық және қаржылық қиыншылықтарға қарамастан, біз 2015 жылы да кен орынындағы өндіріс деңгейін қалыпты ұстауға және тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге күш жұмсайтын боламыз. Біз жұмыс барысындағы кез келген кедергінің Жобаның нәтижелі іске асуына мүдделі адамдардың барлығына кесірін тигізетіндігін анық түсінеміз.

Біздің жұмысшыларымыз үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау КПО үшін басты міндет болып саналады, бұған 2013 жылмен салыстырғанда еңбек қабілеттілігін жоғалтуға әкелген жарақаттардың 2014 жылы азайғаны айғақ бола алады. Біздің экологиялық көрсеткіштеріміз әлемнің ең үздік көрсеткіштеріне сәйкес келеді, соның ішінде парниктік қалдықтар көлемінің қысқару бойынша – CO₂ эквивалентіне 193 мың тонна.

Біздің әлеумет алдындағы жауапкершілігіміз 2014 жылғы Березовка ауылындағы мектепте орын алған келеңсіздікте де айқын көрініс тапты. Осы бір қиын жағдайда біз жергілікті тұрғындарға да, мемлекеттік органдарға да қолымыздан келгенше көмек көрсете білдік. Бұл жөніндегі ақпарат 127 беттегі «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік» тарауында көрсетілген.

Қазақстан Республикасы мен серіктес-компаниялардың мүддесі үшін өзінің өндірістік қызметін жүзеге асыру барысында КПО алдағы уақытта да өз жұмысшыларының, мемлекеттік органдар мен жергілікті тұрғындардың және басқа да мүдделі тараптардың сенімдерінен шығуға тырысады.

Сөз соңында 2015 жылдың наурыз айынан бастап КПО бас директорының қызметі Дамиано Раттидан (BG) Ренато Маролиға (eni) көшкендігін айтқымыз келеді. 2015 жыл ішінде компанияның басқа да жетекші лауазымдарында ауысымдар күтілуде.

Дамиано Ратти

КПО-ның бұрынғы бас директоры

Ренато Мароли

КПО-ның қазіргі бас директоры

КПО-ның тұрақты даму туралы есебі компанияның тұрақты даму аспектілері мен экологиялық, экономикалық және әлеуметтік саладағы негізгі жетістіктерін ашады. Тұрақты даму туралы есебіміз біз үшін мүдделі тараптарымызға өзіміздің тұрақты даму саласында атқарған жұмыстарымыз туралы баяндайтын диалог құралы болып табылады және осы арқылы олармен кері байланысқа түсетінімізге үміттенеміз.

2014 жылы КПО G4 Есептілік жөніндегі жаһандық бастамасының (GRI) жаңа нұсқаулығына сәйкес 2013 жылға Тұрақты даму туралы есеп шығарған Қазақстандағы алғашқы компания болды. Біздің есебіміз Нұсқаулыққа сәйкестіктің «Негізгі» нұсқасында шығарылған болатын. Ағымдағы жылда да біз жариялылық пен айқындық деңгейін менеджмент саласындағы әдістер туралы мәліметтерді, оның ішінде компаниядағы корпоративті басқару принциптері, экологиялық стандарттар мен еңбек қатынастарын ашу кезінде сақтай отырып, сол G4 нұсқаулығын басты назарда ұстаймыз. Бұл есеп G4 нұсқаулығының «Негізгі» нұсқасының талаптарына сәйкес жасалынды.

Есепте берілген мәліметтердің жариялылығы мен айқындығын анықтау мақсатында КПО тәуелсіз тарапты шақырады. КПО-ның 2014 жылғы есебіндегі ақпараттарға EY компаниясы тәуелсіз растама жасады. Бұл G4 GRI нұсқаулығының талаптарына сәйкес шектеулі деңгейдегі растама болып табылады. Растама шектеуінің көлемі мен шарттары 155-156 беттеріндегі «Тәуелсіз тексеру туралы есепте» келтірілген.

КПО үшін 2014 жыл жалпы табысты болды. Жыл ішінде компания өзінің бизнесті тұрақты дамыту саласындағы өндірістік міндеттері мен тапсырмаларын орындап шықты. Бұрынғы жылдардағыдай қоршаған ортаға ұқыпты қарау, өз жұмысшыларына қауіпсіз және лайықты еңбек жағдайын жасау серіктес-компаниялар мен Қазақстан Республикасы үшін табыс табу мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ салалары бойынша кең көлемде шаралар жүргізілді.

Қауіпсіздік техника мен өндіріс тұтастығы

Біздің өндірістік қызметте қауіпсіздіктің ең жоғары деңгейіне жететінімізге үміттенеміз.

2014 жылы ҚПО мен оның мердігерлік ұйымдарындағы жұмыс уақытын жоғалтуға әкелген жарақат алу көрсеткіші 0,20-ны құрады, бұл 2013 жылғы көрсеткіштен төмен. Біз тіркелетін жағдайлар жиілігінің көрсеткіші бойынша жоспардағы 0,38 көрсеткішінен асып, 0,27 көрсеткішіне қол жеткізе алдық. Басқа да жетістіктеріміздің ішінде 2015 жылы 30 наурызда Миланда КПО компаниясына ені компаниясы табыстаған «2014 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша үздік көрсеткіштер» номинациясы бойынша ҚТ саласындағы марапат бар.

Біз, әрине, бұл қол жеткізген жетістіктерімізбен тоқтап қалуға болмайтынын түсінеміз. Жұмыс уақытын жоғалтуға әкелген 11 жарақаттану оқиғасы орын алған 2013 жылмен салыстырғанда, 2014 жылы біз олардың санын 7-ге дейін төмендете алдық және бұл жарақаттардың ешқайсысы да өндіріспен байланысты емес.

Біздің мақсатымыз – Қарашығанақта қызмет ететін және жұмыс істейтін жұмысшыларды, мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарды әрдайым қажетті ақпараттармен таныстыра отырып, кез келген ықтимал апаттардың алдын алу арқылы нөлдік көрсеткішке қол жеткізу.

Осы мақсатқа сай қауіптерді бағалау әдістерінің өзгертулері мен жақсартуларын басты назарда ұстай отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өндірістік нысандардың тұтастығын басқару саласында жұмыс үзілмеді.

Өнімді алу және өткізу

2014 жылы Қарашығанақ кен орнынан көмірсутегі шикізатын қазу мұнайлық эквивалентте 142,5 млн баррельге жетіп, рекордтық деңгейге қол жеткіздік. Кептірілген шикі газды пластқа толтыру көлемі 8,818 млн м³ құрады, бұл алынған газдың жалпы көлемінің 48,3% тең. 2014 жылы ГҚДҚ-3 толық тоқтату мен ГҚДҚ -2-ні жартылай тоқтату арқылы шағын жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары (ЖЖЖ) жүргізілді. ЖЖЖ ешқандай кедергісіз жасалынды.

2014 ж. КПО батыс нарықтарына 10 млн тоннадан аса теңдестірілген мұнай жеткізді. «Жаздық газды» сату бойынша қосымша бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде Оренбургтегі ГӨЗ өндірістік нысандарына жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде, 2014 ж. КПО Орынборға 8,6 млрд м³ көлемінде газ жеткізудің рекордтық көрсеткішіне қол жеткізді.

2014 жылы КПО Қарашығанақ-Атырау және одан әрі Каспий құбырөткізгіш концорсиумы (КҚК) тасымалдау жүйесі бойынша сұйық көмірсутектерді тұрақты экспорттау экспорттық құбыр желісін пайдалануды бастаудың он жылдығын атап өтті.

Қарашығанақ кен орнының батыс бөлігін бұрғылау да сәтті жүргізілді – алынатын коммерциялық мұнай қорының бары дәлелденді.

Қарашығанақтағы бұрғылау жұмыстарының рекордтық көрсеткіші 9838 ұңғымасы болып табылады, қазіргі кездегі ең терең ұңғыма 6 605 м-ді құрайды, оның көлденеңінен жылжуы ең ұзын, 1 625 м-ді құрайды.

Қоршаған ортаны қорғау

2014 жылы КПО-ның газды утилизациялау көрсеткіші 99,81%-ды құрады, бұл әлемдік деңгейдегі көрсеткіш болып табылады. Парниктік газ қалдықтарының таза көлемі 2013 жылғы 68 тоннадан 2014 жылғы көмірсутек шикізатын алудың мың тоннасына шаққанда CO₂-эквивалентінің 75 тоннасына артса да, КПО көрсеткіші мұнай өндіру өнеркәсібі бойынша еуропалық және халықаралық орташа көрсеткіштер деңгейінен жақсы.

Жыл сайын Табиғатты қорғау туралы шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар жүргізу КПО-ның тұрақты дәстүріне айналған. 2014 жылдың соңында КПО ластанған заттарды атмосфераға шығаруға рұқсат алды.

2014 жылдың мамыр айында Алматыдағы салтанатты жиында ҚПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы бойынша Америкалық Сауда Палатасынан марапатқа ие болды. Бұл марапат ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы алдыңғы қатарлы әдістер мен стандарттарға сай жұмыс істейтіндігіне дәлел бола алды.

Біздің бюджетке жасаған төлемдеріміз

ҚОҚ бойынша шараларды жақсартуға және Қазақстан Республикасы заңнамасы мен халықаралық стандарттардың талаптарын орындауға жұмсаған біздің тоқтаусыз күш-жігерімізге қарамастан, 2014 жылы КПО нормативтен тыс қалдықтар үшін 2,5 млрд теңге көлемінде айыппұл төледі құрады, бұл рұқсат етілген қалдықтар көлемінің 5,5%-ын құрайды. Компанияға 2 млрд теңге көлеміндегі айыппұл төлету туралы сот үкіміне наразылық білдіріп, компания облыстық соттың апелляциялық коллегиясына шағымданған болатын. Алайда жоғарғы сот шешімді өзгеріссіз қалдырды. Осыған байланысты компания кассациялық инстанцияға кезекті шағымын түсірді. Аталмыш есепті жариялау барысында кассациялық соттың үкімі келген жоқ.

Сонымен қатар біз 2013 жылғы ҚР-дағы Кен өндіруші компаниялардың жариялылық бастамасын орындау туралы тоғызыншы республикалық есепке сәйкес, КПО-ның республикалық бюджетке төлеген салықтары мен төлемдерінің сомасы 1,2 млрд АҚШ долларын құрағанын атап өткіміз келеді.

КПО-ның Қазақстан Республикасы экономикасын дамытуға қосқан үлесі 2015 жылдың сәуір айында ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен жоғары бағаланып, Батыс Қазақстан облысы және Қазақстан Республикасы бойынша «2013 жылдың үздік салық төлеушісі» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.

Персоналды дамыту

2014 ж. Ұлттандыру бағдарламасын іске асыру барысында жоғары және орта буынды 8 басқарушылық қызметке және 7 білікті жұмысшы мен супервайзер қызметіне жергілікті ұлт өкілдерінен қабылданып, сәйкес санаттар бойынша жоспар 70%-ға және 95%-ға орындалды.

2014 жылы КПО-ның 4 мыңға жуық Қазақстандық қызметкері өнеркәсіптік қауіпсіздік, сондай-ақ тілді, техникалық және басқару дағдыларын дамыту бойынша оқыту курстарынан өтті.

Есептік кезеңде КПО халықаралық және отандық сарапшылар мен алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарын жұмылдыра отырып, қазақстандық персоналды оқытуға және дамытуға 11 млн-нан астам АҚШ долларын жұмсады.

Экономиканы инвестициялау

2014 ж. тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ұсынудағы қазақстандық қамту КПО үшін 47%-ды, 470 млн АҚШ долларынан астам соманы құрады.

2014 ж. басында ҚПО қазақстандық бизнесті одан әрі дамытудың ары қарайғы шараларын анықтау үшін, Ақсай индустриалды паркімен бірлесе еңбек ету жөніндегі меморандумға қол қойды. Сонымен қатар КПО жергілікті өндірісті қолдауға бағытталған жобаға қолдау көрсетіп, «Tenaris Global Company» компаниясымен Ақтау қаласында өндірістік база салу туралы келісімге қол қойды.

ҚПО-ның 2014 жылғы әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларының қатарында Орал қаласының теннис корты мен автомобиль жолдарының құрылысы және Қалдығайты ауылындағы Мәдениет үйінің құрылысы бар.

XXI-ші Халықаралық мұнай конгресін өткізу аясында ҚПО ҚАЗЭНЕРДЖИ қауымдастығының өзара тиімді серіктестікті дамытуға қосқан үлесі үшін медальмен марапатталды.

Жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттестік

2014 жыл ішінде біздің жергілікті билік органдарымен және тұрғындармен қарым-қатынасымыз сәтті болды. Атап айтқанда, «2015 жылға арналған табиғатты қорғау шараларының жоспары» және «ҚМГКК-да бақылау ұңғымаларының желісін құру» тақырыптарындағы екі қоғамдық жиын өткізілді.

Сонымен қатар КПО кен орындарына жақын орналасқан ауылдық округтердің тұрғылықты халқымен экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тақырыптарда 21 кеңестік отырыс өткізді.

«Британ Кеңесі» коммерциялық емес ұйымымен бірлесе отырып, ҚПО Бөрлі ауданы орта мектептеріндегі ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру бағдарламасын орындап шықты. Осы бағдарламаның арқасында ұстаздар өздерінің ауызша тілін жақсартып, сабақ беру әдістемесін жетілдіруге мүмкіндік алды. Бағдарламаның ерекше бөлігі коучинг* пен ағылшын тілін тасымалдаушының қатысуымен өткен тәлімгерлік болды.

Ескерту: оқыту және дамыту әдісі ретінде «коучинг» сөзінің толық түсіндірмесі «Адамдар – біздің байлығымыз» және «Терминдер мен қысқартулар» тарауларында берілген.

Қарашығанақ кен орны Қазақстанның Солтүстік-Батысында орналасқан және 280 шаршы километрден астам аймақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсаты кен орындарының бірі болып табылады.

Қарашығанақ кен орны шалғай және пайдалануға қиын аймақта орналасқан. Мұнда қоршаған ортаның температурасы қыста -40°C , жазда $+40^{\circ}\text{C}$ аралығында болуы мүмкін. Үстіңгі қабаты 3 500 м тереңдікте орналасқан қор қалыңдығы 1 600 м-ді құрайды және аса күрделі және ерекше болып табылады. Көмірсутектерінің құрамында 4,5%-ға дейін улылығы жоғары күкіртті сутегі мен белгілі бір жағдайларда коррозиясы жоғары болып табылуы мүмкін көмірқышқыл газ болады.

ҚР Мемлекеттік қор жөніндегі комитеттің 18.03.2014 күнгі отырысында қабылданған Қарашығанақ кен орнындағы мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорын қайтара есептеу туралы ҚПО есебінің бағалауы бойынша Қарашығанақта 12 млрд баррель сұйық көмірсутек пен 57 трлн куб фут газ бар, оның 11%-ы бүгінгі күнге дейін алынып болды.

Бүгінгі күні көп ұлтты ҚПО ұжымында 4 300 адам еңбек етеді. 1997 жылы Өнімді бөлу туралы ақырғы келісімге қол қойған сәттен бері, Мердігер (Қарашығанақ реттеу туралы келісімі мен Өнімді бөлу туралы ақырғы келісімге сәйкес қазіргі кезде бірлескен бес негізгі компанияны білдіреді) экономикалық кірісті тұрақты көбейтуге және қоршаған ортаға әсерін жоюға бағытталған алдыңғы қатарлы технологияларды қолдана отырып, кен орнын игеруге 19,1 млрд-тан астам АҚШ долларын инвестициялады.

2014 ЖЫЛҒЫ ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАР

Өзара байланысты жүйе

Шығару, дайындау және өңдеу жұмыстары негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені, ГҚДҚ-2 мен ГҚДҚ-3. Негізгі нысандарды байланыстырып, өндірістік ағындарды ұңғымадан қондырғыларға қарай және қондырғылар арасында бағыттап, өнімдерді жинауға және бөлуге арналған ішкі өндірістік өткізгіш құбырлар жүйесі шамамен 2 000 км-ді құрайды. 2014 жылдың соңындағы жағдайға қарағанда, Қарашығанақта 95 эксплуатациялық ұңғыма мен шикі газды кері айдайтын 17 ұңғыма жұмыс істеп тұр, мұнымен қоса ұңғымалардың жалпы қорының саны 396-ны құрады.

ҚӨК

Қарашығанақ өңдеу кешенінде (ҚӨК) 44 өндіруші ұңғымадан түсетін мұнай конденсаты мен ГҚДҚ-2-ден тасымалданатын шикізат өңделеді. Мұнай мен газ алғашқы сепарация қондырғысы арқылы ажыратылады. Мұнайды тұрақтандыратын төрт технологиялық желімен жеткізеді және халықаралық нарықтарға сату үшін, Атырауға дейін экспорттық құбыр желісі арқылы айдалады.

Сұйық көмірсутектерді тұрақтандыратын және тазалайтын қосымша төртінші желі 2011 жылы салынды және ҚӨК-тің бар енгізу құрылыстарын кеңейтуді, шикі газды айдау компрессорын, конденсаттың бустерлік сорғыштары мен конденсатты ағызу сорғыштарының жиынтығын, ГҚДҚ-3-те тиісті ойымдары бар екі ішкі өндірістік құбыр желісін, сондай-ақ алғашқы мұнайды өндіру станциясын қамтиды.

Ерте мұнай өндіру сателлиті

Ерте мұнай өндіру ұңғымаларынан өнімдер ағынын жинастыру және ГҚДҚ-3 және ҚӨК

нысандарындағы өнеркәсіптік өнімдерді алдағы уақытта жеткізетін ұңғыма дебитін бағалау үшін, 2000 жылы салынып, іске қосылған.

ГКДҚ-3

№3 Газды кешенді өңдеу қондырғысы (ГКДҚ-3) 1984 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қондырғыда 28 өндіруші ұңғымадан келетін өнеркәсіптік өнімді газ бен конденсатқа айыратын төменгі температурадағы сепарация жүзеге асады. Сонымен қоса Ресейдің Орынбор газ өңдеу зауытына құбыр желісі арқылы экспортқа жіберу алдында конденсат жартылай тұрақтандырылады.

ГКДҚ-2

№2 Газды кешенді өңдеу қондырғысы (ГКДҚ-2) – 2003 жылы қолданысқа берілген көпфункционалы нысан. Қондырғыда алынған өнімді газ бен сұйық фазаға бөлу және жоғары қысым арқылы шикі газды кері айдау жұмыстары іске асырылады. Сонымен қоса экспортқа жіберу алдында ҚӨК-ке тұрақтандыруға жіберілетін мұнайды жартылай тұрақтандыру жұмысы жүргізіледі. ГКДҚ-2-ге 25 өндіру ұңғымасынан өнім түседі.

ГКДҚ-2-де әлемдегі озық технологияларды қолданатын өте жоғарғы қысымда жүргізілетін шикі газды айдау жүйесі жұмыс істейді. Үш компрессордың құрамында күкіртті сутегі өте көп (9%) газды 550 бар қысымға дейін айдау мүмкіндігі бар.

Аталған газ айдау схемасы аймақтағы қоршаған ортаны қорғаудың маңызды басымдығы болып табылатын қабатты қысымды ұстау, сұйық көмірсутектерді қалыпқа келтіруді жақсарту, сондай-ақ күкіртті шығару және сақтау қажеттілігін жою арқылы Қарашығанақ кен орнындағы тұрақтылықты арттыра білді.

Эко-орталық

ко-орталық мұнай мен газды бұрғылаудан кейін, қалдықтарды тазалауға арналған жеті өндірістік қондырғыны біріктіретін әлемдік деңгейдегі қалдықтарды өңдеуші нысан болып табылады:

- Мұнай негізіндегі бұрғылайтын шламды қауіпсіз және тиімді тазалауды қамтамасыз ететін шламдарды тазалайтын термомеханикалық қондырғы;
- Бұрғылау ерітінділерінің қондырғысы – мұнай негізіндегі бұрғылау ерітінділерін араластыруға және тазалауға арналған өңдеуші қондырғы;
- Көмірсутекпен ластанған суды тазартуға, үстіңгі ұңғымаларда бұрғылау кезінде қолданылатын мұнай қабаттарын әзірлеу және сулы бұрғылау ерітіндісін қалпына келтіру жұмыстарында пайдаланылатын минералданған суды өңдеуге мүмкіндік беретін сұйықтықтарды тазартуға арналған қондырғы;
- Бұрғылау шламынан басқа, мұнай өнімдерімен ластанған топырақтар мен материалдарды өңдеу үшін қолданылатын қалдықтарды өртейтін айналмалы пеш;
- 2011 жылы іске қосылған қатты қалдықтарды қауіпсіз утилизациялауды қамтамасыз ететін, қалдықтарды көметін полигон;
- 2012 жылы іске қосылған жалпы қажеттілікке қолданылатын пеш;
- 2014 жылы іске қосылған қалдықтарды сегрегациялайтын жаңа қондырғы.

«Қарашығанақ-Атырау» тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ)

ҚАТЖ 2003 жылдан бері қолданыстағы Қарашығанақ кен орнынан алынатын тұрақтандырылған сұйық көмірсутектердің негізгі экспорттық бағыты болып табылады. Тасымалдау жүйесі Қарашығанақ өңдеу кешенінен (ҚӨК) Атыраудағы ҚПО-ның соңғы нүктесіне өткізілген диаметрі 24 дюйм жерасты құбыр желісінен тұрады. Екі сорғы станциясы қолданылады: бірі ҚӨК-дегі аралық айдау станциясы да, екіншісі Үлкен Шаған кентінде орналасқан негізгі айдау станциясы, сонымен қоса ол Атыраудағы ҚПО терминалында өнімдерді қабылдап, сақтауға арналған құрылыс болып табылады. Атырауда құбыр желісі мұнай танкерлерге тиеліп, экспортқа жіберілетін Қара теңіздегі Новороссийскке тасымалданатын Каспий Құбыр желісі Консорциумының (КҚК) жүйесімен біріктіріледі.

ҚПО жоғарыда аталған нысандардың барлығын пайдаланып, қызмет көрсетеді.

«Қарашығанақ-Орынбор» тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ)

ҚОТЖ Қарашығанақ кен орынан Ресейдегі Орынбор ГӨЗ-ге көмірсутек шикізатын тасымалдайтын, ұзындығы 140 километр болатын бес өткізгіш құбырдан тұрады. Бұл өткізгіш құбырлар ӨБАК бойынша кен орнын игеруге дейінгі уақытта да болған.

Бүгінгі күні барлық өткізгіш құбырлар ОГӨЗ-ге көмірсутек шикізатын тасымалдауға іске қосылған. Диаметрі 28 дюйм және 14 дюйм болып келетін екі өткізгіш құбыр арқылы келесі тазалауға арналған шикі газ тасымалданады. Диаметрі 14 дюйм болатын тек бір конденсат өткізгіш қана сұйық көмірсутектердің экспорттық желісі ретінде қолданылады.

БІЗДІҢ ӨНІМДЕР МЕН ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР

Алынған көмірсутек өнімдерінің басым көпшілігі сатудан түсетін кірісті көбейту мақсатында экспортқа жіберіледі. 2014 жылы алынған сұйық көмірсутегінің 94%-ы Каспий құбыр желісі консорциумы (КҚК) бойынша батыс нарықтарына және «Трансмұнай» құбыр желісі арқылы Атырау-Самара құбыр желісіне тұрақтандырылған мұнай қалпында сатылған болатын.

КҚК құбыр желісі ҚПО мұнайын Новороссийсктің Қара теңіз портына жеткізеді, ал Атырау-Самара құбыр желісі мұнайды Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына жеткізуге пайдаланылады. 2014 ж. қолданыстағы ҚӨК-ні кеңейту жобасы ҚПО-ға КҚК құбыр желісі арқылы рекордтық көлемдегі 9,5 млн тонна мұнай экспорттауға мүмкіндік берді. Сұйық көмірсутектердің қалған бөлігі Орынбор арқылы Ресейге тұрақтандырылмаған конденсат түрінде экспортталды немесе жергілікті нарыққа шығарылды.

Кен орнында алынған газ қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қайтадан қабатқа айдалады, сонымен қоса «КазРосГаз» ЖШС-мен жасалынған ұзақ мерзімді келісім бойынша тазартылмаған газ күйінде сатылады немесе ҚПО қажеттіліктері үшін электр энергиясын өндіру және жергілікті «БатысЭнергоресурстар» ЖШС және «Ақсайэнерго» ЖШС компанияларына сату мақсатында күкірт байланыстарынан тазартылады (яғни күкірт сутегі алынып тасталады).

«Жаздық газды» сату қосымша бағдарламасын сәтті іске асыру (ОГӨЗ өндірістік нысандарындағы жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде газды жеткізу) нәтижесінде 2014 жылы ҚПО Орынборға 8,6 млрд м³ көлемінде газдың рекордтық көлемін жеткізді. Қосымша сұйықтықты қоса алғанда жаздық газды қосымша сатуды жүзеге асыру нәтижесінде жалпы өсімі мұнай эквивалентінің 2,5 млн баррелін құрады.

Қабат қысымын ұстап тұру және сұйық көмірсутектер қайтарымын алдағы жылдары арттыру мақсатында жыл ішінде компания қабатқа 8,8 млрд м³ газ айдады, бұл алынған газдың жалпы көлемінің шамамен 50%-на тең келеді.



2014 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРІС

2014 жылы ҚПО компаниясы тұрақты және тұрақсыз сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 142 млн баррель мұнай эквивалентін (м.э.б.) өндірді. 2014 ж. шикі газды жеткізу 8,6 млрд кубометрге жетті, бұл ҚПО-ның тарихи рекордтық жоғары көрсеткіші болып табылады.

1-Кесте. 2014 жылғы өндіріс		2012	2013*	2014
ЖАЛПЫ ӨНДІРІС	млн м.э. б.	139,5	136,0	142,5**
ЖАЛПЫ ТҰРАҚТАНДЫРЫЛҒАН МҰНАЙ	мың т	11 014	10 492	11 004
ЖАЛПЫ ГАЗ ӨНДІРІСІ	млн м ³	17 519	17 531	18 248
ГАЗДЫ КЕРІ АЙДАУ <i>қабатқа кері айдау үшін қолданылады, сатуға арналмаған</i>	млн м ³	8 666	8 570	8 818
ТАЗАРТЫЛҒАН ГАЗ ӨНДІРІСІ <i>ҚӨК-де ішкі қажеттіліктер үшін пайдаланылады</i>	млн м ³	660,0	637,8	689

* Жоспарлы Жөндеу Жұмыстарын жүргізудегі тоқталыс жылы

** берілген цифрға қабатқа айдалған газ көлемі кірмейді.

2-Кесте. 2014 жылғы сатылым		2012	2013*	2014
ЖАЛПЫ САТЫЛЫМ	млн м.э.б.	134,4	132,1	137,9
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер <i>Орынбор газ зауытына және кіші тазарту зауытына конденсат</i>	мың т	850	914	732
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер <i>КҚК және Атырау-Самара құбырына мұнай және тұрақтандырылған конденсат</i>	мың т	10 246	9 700	10 269
Шикі газ <i>Орынбор зауытына</i>	млн м ³	8 039	8 197	8 594
Отын газы <i>БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін</i>	млн м ³	130,4	98,7	114,3

Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тоқталыс (ЖЖЖ)

ҚПО-ның жоспарлы жөндеу жүргізу стратегиясы қауіпсіз үздіксіз өндірісті және заң нормаларына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, кідірістер арасындағы интервалдарды арттыру және оларды іс жүзінде жүргізу уақытын азайту есебінен өнім алуды оңтайландыруға бағытталған.

2014 ж. ГҚДҚ-3-ті толық тоқтату және ГҚДҚ-2-ні ішінара тоқтату арқылы шағын ЖЖЖ жүргізілді. ЖЖЖ барысында ешқандай жағдай орын алған жоқ.

Бұрғылау

2014 ж. қазанында Қарашығанақ кен орнында тағы да бір бұрғылау қондырғысы іске қосылды. Жалпы айтқанда 2014 ж. үш бұрғылау қондырғысы және ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізуге арналған бір қондырғы пайдалануда болды.

Жыл ішінде 7 жаңа ұңғыма (эквивалент бойынша) сәтті бұрғыланып, оның 5-үі бекітілді. Кен орынындағы өндірістің тиімділігін арттыру және газды кері айдау мақсатында ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу бағдарламасын жүзеге асыру одан әрі жалғасты. Ағыстарды стимуляциялау мақсатында бес ұңғыма сәтті бұрғыланып, ісінетін пакерлерді пайдалану және қышқылмен өңдеу арқылы аяқталды.

Қарашығанақтағы бұрғылау жұмыстарының рекордтық көрсеткіші 9838-ұңғыма табылады. Бұл тереңдігі 6 605 м, көлденеңінен жылжу ұзындығы ең ұзын 1 625 м болатын ең терең ұңғыма. Мұндай рекордтық өнімділікке мұнай-газ операцияларында роторлық тәсілмен қиғаш бағытта бұрғылау жүйесін кеңінен қолданудың жинақталған тәжірибесінің арқасында қол жеткізді.

Сонымен қоса 9844-ұңғымада іріктелген кернмен үздіксіз 500 метр бұрғылаудың нәтижесінде де қол жеткізген табыс 100%-ды құрады.

2014 ж. ҚПО бұрғылау жұмыстарында ендірілген жаңа технологиялар мыналарды қамтыды:

- Күрделі жөндеу және ұңғымаларды тереңдету жұмыстарында кеңейтілетін шеген бағана технологиясын қолдануға дайындау.
- КСРО кезеңінде бұрғыланған, қатты тоттанған және тозған бағаналары бар ескі ұңғымаларға қайтадан кіруге мүмкіндік беретін бағаналарды тозудан қорғау жүйесі.
- Ұңғымаларды тазалау процесіндегі қолданылатын жоғары қысымды қабат суларын бөлу технологиясы бұрғылау алаңында қабат суларымен бөлуді және басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл технология газ бен мұнай ағынын қабат желілеріне өткізетіндіктен, қалдықтардың азаюына ықпал етеді.
- Оптикалық талшықты желілер көмегімен ұңғыма ішіндегі қысым мен температураны өлшеуге арналған жүйе стандартты электрондық ұңғыма өлшеу құралдарын ауыстырып, мәліметтерді тура және сапалы анықтауға мүмкіндік берді.
- Ұңғыма ішіндегі су негізіндегі сұйықтықты айдамастан, роторлық әдіспен қиғаш бағытталған бұрғылау жүйесі клапандарына фрезерлік жұмыстарды тиімді жүргізуге және пайдалануға арналған Well Tractor ішкі ұңғымалық тасығышы.
- Қауіпсіз сақтау және тасымалдау мақсатында жолай шығарылатын судағы күкіртті сутектің құрамын азайтуға көмектесетін, бұрғылау алаңында қалдықтарды азайту жүйесімен бірге қолданылатын Acroclear су өңдегіш жүйесі.

Су ресурстарын басқару стратегиясы

Қарашығанақ кен орнындағы басты мәселелердің бірі – өндіру барысында түскен сумен жұмыс істеу. Бастапқыда өнеркәсіптік судың мол көлемімен жұмыс істеуге арналмаған нысандарда өнеркәсіптік судың көбеюінен компания өндірістік шығындарға, қоршаған орта мен нысандарды қалпында сақтауға кесірін тигізетін жағдайларға ұшырап отырады.

Сонымен қатар компания алдында өндірістік процеске қажетті су көлемін және өндірістік персонал мен жаңа нысандардың құрылысына тартылған персоналға қажетті ауыз су көлемін үйлестірудің күрделі мәселесі тұр.

Қазіргі уақытта ҚПО ОБАК мерзімі аяқталғанша, қысқа, орташа және ұзақ мерзімге арналған өндірілетін және ауыз су мәселелерін шешуге бағытталған бүкіл кен орны аясындағы су ресурстарын басқару стратегиясын дайындауда.

Электр энергиясын өндіру стратегиясы

ҚПО 2003 ж-дан бері БҚО тұрғындарына қажетті электр энергиясын жеткізіп береді. Қысқы кезеңде 45 МВт-ға дейін, ал жаз уақытында 27-ден 45 МВт –қа дейін жеткізіледі.

2014 жылы БҚО әкімшілігі электр энергиясын 80-100 МВт-қа дейін көбейту туралы сұраныс жасаған болатын.

Электр энергиясы өндірісінің көлемін арттыру үшін, ҚПО-ға тазартылған газ мөлшерін едәуір көбейтіп, ҚӨК мен БҚО арасындағы электр желілерін модернизациялау қажет. Аталған жобалардың өзі ірі көлемді болып табылатындықтан, ҚПО-ға газдың едәуір газ мөлшерін, мүмкін, нарықтық бағадан төмен тазартуды және жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ҚР-ның сәйкес заңнамасына қатысты нақты және айқын кеңестер қажет.

Өкілетті органдардың мақұлдаған жағдайда, ҚПО тазартылған газды өндіру, электр энергиясын шығару және электр желілерін модернизациялау бойынша жүйелі стратегия әзірлейтін болады.

МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОБАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының Мердігері ретінде ҚПО Мұнай кен орындарын пайдаланудың әлемдік оңтайлы тәжірибесіне сәйкес кен орнының келісілген аумағында мұнай өнімдерін шығаруға және алуға қажетті барлық мұнай-газ операцияларын өткізуге міндетті. Фаза II бастапқы бағдарламасын аяқтағаннан соң, ҚПО Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамытуды, оның ішінде жаңа эксплуатациялық ұңғымаларды бұрғылауды, бұрыннан бар ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізуді, өндірістік нысандар мен табыс деңгейін ұстауға және Қазақстан Республикасының игілігі үшін жобалардың экономикалық тиімділігін арттыруға қажетті басқа да жобаларды модернизациялауды қамтитын «II Техникалық қызмет» фазасын қаржыландыруға және іске асыруға жауапты.

2014 ж. ішінде ҚПО келесі даму жобаларын орындауды жалғастырды, бірақ олармен шектелмейді:

Газ факторын бақылауға арналған теңестіруші газ құбырларының жобасы

Жоба Қарашығанақтағы сұйық көмірсутек игеру көлемін қондырғылар арасындағы газдың жалпы өткізу мүмкіндігін арттыру арқылы көбейтуге мүмкіндік береді. Бұл үшін ГҚДҚ-2, RMS-M қашықтықтағы манифольд станциясы және алғашқы мұнайды игеру станциясы бір-бірімен қосылады. Осының нәтижесінде газды дайындаудағы (ҚӨК) шектеулі қуаттардан ГФ-сы төмен ұңғымаларды қосу бағыты өзгеріске ұшырап, бүгінгі уақытта ГҚДҚ-2-ге қосылған (газды дайындауда қуаты бойынша шектеулері жоқ) ГФ-сы жоғары ұңғымалар ауыстырылады. Осылайша, сұйық көмірсутекті игерудің жалпы көлемі арта түседі.

Бұл жобаның екінші жақсы жағы – сулылығы жоғары ұңғымаларды ҚӨК-ден ГҚДҚ-2-ге қайта бағыттау, осылайша, ҚӨК-ге қазіргі уақытта бітелген басқа сулы ұңғымалардан ағынды арттырып, суды өңдеу мүмкіндігін беру арқылы игеруді оңтайландырудағы икемділік.

2014 жылы ҚӨК мен ГҚДҚ-2-ні 10 дюймдік екі жаңа магистральді құбыр желісімен байланыстыру арқылы жоба аяқталды.

ІІМ фазасын игеру сөрелерін ұзарту бойынша жобалар

Аталған жоба 2011 ж. мақұлданған Қарашығанақты дамыту жоспарына және оның 2015 ж. жаңа нұсқасына сәйкес игерудің жоғары деңгейін қалпында ұстауға бағытталған. Олардың тек жоспарлық сипаттағыларынан басқа кейбіреулері төменде сипатталған.

а) Батыс учаскесін дайындаудың бастапқы кезеңі

Жоба кен орнының батыс учаскесіндегі алты ұңғыманы бұрғылау арқылы сұйық көмірсутектерді игеру сөресін кеңейтуге бағытталған. Келесі игеру жұмыстары RMS-Y қашықтағы манифольдының қосымша станциясын орнату және ҚӨК-ге магистральдық және сынақтық құбыр желілерін қосу арқылы жинақты оңтайландыру арқылы іске асырылады.

Батыс учаскесін дайындаудың бастапқы кезеңін бағалау екі ұңғыманың жаңа өзегін бұрғылауды және оюды қамтыды. Екі 9816D және 9834 ұңғымасы 2014 ж-дың I тоқсанында аяқталып, іске қосылған. RMS-Y қашықтағы манифольды қосымша станциясының жобасы 2014 ж. 2-тоқсанында жүзеге асыру кезеңіне өтті.

б) ГҚДҚ-2 газ айдау қуатын модернизациялау жобасы

ГҚДҚ-2 газ айдау қуатын модернизациялау жобасы да игеру қалтасын жоғарлату жобасының бөлшегі болып табылады. Оның мақсаты – Қарашығанақ кен орнындағы газды кері айдау жүйесін тоқтап тұру уақытын қысқарту және газдың кері айдаудың қолжетімділігін, сенімділігін, икемділігін және өндірістік қуатын арттыру есебінен оңтайландыру үшін, газды ГҚДҚ-2-ге айдаудың бұрыннан бар инфрақұрылымын модернизациялау. Жобаның жұмыс көлемі қосымша бесінші магистральді құбыр желісін орнатуды, қосымша төрт айдау ұңғымасын бұрғылауды және лезде буланатын газдың қосымша компрессорын орнатуды қамтиды. 2014 ж. аяғында жоба алдын ала жобалауға дайындау фазасына өтті.

с) Жеңіл көмірсутектердің құрамында күкірті бар кең фракциясын өңдеу жобасы

Жеңіл көмірсутектердің құрамында күкірті бар кең фракциясын өңдеу жобасының мақсаты – Қарашығанақ кен орнынан алынатын кірісті тұрақсыз конденсатты ОГӨЗ-ге емес, ҚӨК-ке тұрақтандыру және КҚҚ құбыр желісі арқылы батыс нарығына экспорттау жолымен арттыру. 2014 ж. аяғында Жобаны алдын ала жобалау фазасы басталды.

d) ҚӨК өндірістік шектеулерін жою жобасы (ҚӨК ӨШЖ)

Жоба ГФ артуынан туындаған газ көлемінің өсуіне байланысты ҚӨК-дегі газды дайындауға арналған қосымша қондырғылармен қамтамасыз етуге бағытталған. 2013 ж. жоспарланған нысанға ең жақсы сәйкес келетін тұжырымдаманы таңдау арқасында жобаны дамытуда ілгерілеуге қол жеткізілді. 2014 ж. алдын ала жобалау жұмыстарына дайындық аяқталып, алдын ала жобалау жұмыстары басталып та кетті.

Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасы (ҚКЖ)

Қазақстан Республикасы алдындағы ұзақ мерзімді келісімшарт міндеттемелеріне байланысты, ҚПО кезеңімен орындалатын Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасын жүзеге асыру арқылы Қарашығанақ кен орнын кезеңімен игеруді жалғастыруда.

Кен орнын кеңейту жобасы барлық мүдделі тараптардың болжамын ескере отырып, қосымша ұңғымаларды бұрғылау, өңдеу нысандарын салу және сенімді газ экспорттау бағыттарын жасау есебінен, тұрақтандырылған сұйық көмірсутектердің сатылымын оңтайландырып, ОБАК мерзімінің соңына дейін серіктес-компаниялар мен Қазақстан Республикасына қосымша табыс жасайды.

ҚКЖ үшін тұжырымдамалық шешімді бағалау және таңдау қызметі ұсынылған жаңа нысандарды салу және пайдалану барысында персоналдың қауіпке ұшырауын талдауға арналған қауіптерді сандық бағалау (ҚСБ) үлгісін әзірлеуді қамтыды. Үлгі қорытындылары жаңа нысандарды орналастыру, бөлу және жобалау схемасын әзірлеу қауіптерді іс жүзіндегі ең төмен деңгейге түсіруге көмектесуі үшін қолданылды.

Жобаның осы ерекшеліктері жобаның қауіпсіздік деңгейін арттырып, жаңа нысандардың барлық пайдалану мерзімінде өндіріске тартылған персоналға тиетін қауіптердің (соның ішінде улы газдардың әсерінен болатын қауіптіліктердің) азаюына әкеледі. Сонымен бірге ҚКЖ оператордың қатысуын, демек, технологиялық нысандардағы қауіпке бару деңгейін біржола жоятын технологиялық шешімдерді пайдалануға тырысуда.

ҚКЖ ұсынған жаңа нысандардың қоршаған ортаға әсерін басқару қолда бар ең үздік әдістерді (ҚЕӨ) қолдану негізінде жүзеге асады, ҚКЖ қалдықтарының атмосферада шашырауын модельдеу кен орны айналасындағы санитарлық-қорғаныс аймағының (СҚА) шекарасына тиетін кез келген әсерді бағалау үшін жүргізіледі.

2014 ж. ішінде ҚКЖ алғашқы кезеңін жобалау тұжырымдамасы келісілді. Өткен жылдың соңында аяқталған жобаны одан әрі дайындауға арналған бірқатар зерттеулер жүргізілді. Жобаның келесі кезеңі FEED алдын ала жобалау фазасы болады, ол кезде нысандардың дизайны егжей-тегжейлі әзірленіп, жобалау ерекшеліктері толығырақ көрсетілетін болады.

Мүдделі тараптарды диалогқа тарта білу – кез келген компания үшін тұрақты даму мен бизнесті сәтті жүргізудің бірден-бір кепілі. Сол себепті біз мүдделі тараптармен диалогты қолдауға тырысамыз, себебі мұны олармен сенімді қарым-қатынас орнатудың маңызды құралы деп білеміз.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

1-Сур. ҚПО-ның мүдделі тараптарының негізгі топтары



ҚПО-ның мүдделі тараптармен өзара әрекет ету тәжірибесі тиісті саясаттар мен процедуралар арқылы реттеледі.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету процесі компанияның бірқатар саясаттары мен процедураларында көрініс тапқан. Оның ішінде ҚПО-ның корпоративтік коммуникация саласындағы саясаты ҚПО-ның ақпаратты компания ішінде және одан тыс жіберу кезінде корпоративтік деңгейде пайдаланатын механизмдер мен процестердің сипаттамасын қамтиды. Аталған процедурада сыртқы мүдделі тараптармен ҚПО атынан өзара әрекет етуге өкілетті жауапты тұлғалар көрсетілген. Сонымен қатар Корпоратившілік коммуникация саясаты, ҚПО, Бөрлі ауданының Мәслихаты мен Әкімдігі арасындағы кен орнына жақын орналасқан ауылдарда Консультативтік кеңестер құру мәселелері жөнінде Өзара түсіністік меморандумы, сондай-ақ Қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасы секілді басқа да құжаттар бар.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету операциялық процедурасы жергілікті ерекшелікті ескере отырып, мақсатты, ақпаратты, жариялы қатынас жасауды талап ететін Халықаралық қаржылық корпорация (ХҚК) принциптерінің негізінде даярланды.

Төменде ҚПО-ның 2014 ж. ішінде негізгі мүдделі тараптармен жасаған бірқатар өзара әрекеттестіктері көрсетілген:

Бақылаушы органдар мен министрлік

Ағымдағы іскерлік хат алмасулар мен есептіліктен басқа, біз өнеркәсіптік, экологиялық және еңбек заңдарының талаптарын сақтаумен байланысты сұрақтарды талқылау және айқындау үшін билік органдарымен кездесулер өткізіп отырамыз. Сәйкес Министрліктермен жұмыс топтарына, дөңгелек үстелдерге және конференцияларға қатысу парниктік газ қалдықтарының мөлшерін азайту, мүдделі тараптардың топтарымен серіктестіктің, ықтимал жеткізушілерді тартудың нәтижелілігін және тиімділігін арттыру және т.б. секілді өзара әрекеттестігіміздің негізгі тақырыптарына қарай анықталады.

2014 ж. сәуір айында ҚПО ҚР Мұнай және газ министрлігі мен Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ұйымдастырған Орал қаласында өткен «Мұнай-газ секторындағы сервистік қызметтер мен машина жасау» халықаралық форумына қатысты. Форум жұмысына 250-ден астам ірі компания өкілдері қатысып, заманауи мұнай-газ технологияларын, өнеркәсіптік автоматизация мәселелерін, көлденеңінен бұрғылау технологияларын, Батыс Қазақстандағы мұнай-газ машина жасау саласын дамыту аспектілерін талқылады. Форумды дайындауға және өткізуге белсене қатысқаны үшін, ҚПО ҚР Мұнай мен газ министрлігінің алғыс хатына ие болды. Аталған форум 2015 ж. күзінде Атырау қаласында өтетін XI Қазақстандық-Ресейлік өңіраралық ынтымақтастық форумының дайындық алаңы болып табылады. Сонымен қоса форум жұмысы барысында қатысушылар ҚПО секілді мұнай-газ саласындағы шетелдік өкілдермен тәжірибе алмасты.

2014 ж. мамыр айында ҚПО мен ҚР ТЖМ Төтенше жағдайлар мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті тұрғындар өмірін техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыруды қамтамасыз ету қауіптерін азайтумен байланысты мәселелерді талқылап, оларды тиімді шешу жолдарын жасау мақсатында Ақсай қаласында өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі біріккен семинар өткізді. Семинар жұмысына Төтенше жағдайлар мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарының Төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттерінің өкілдері, ҚПО компаниясының басшылары мен бас мамандары қатысты. Бірлескен семинар қорытындысы бойынша өндірістегі қауіпті азайтумен байланысты мәселелердің шешімдері қабылданып, осындай бірлескен шаралардың ҚПО-ның өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдармен серіктестікті нығайтуына септігін тигізетіндігі жөнінде келісімге қол жеткізілді. 15-19 маусым аралығында Мәскеу қаласында өткен XXI Бүкіләлемдік мұнай конгресі аясында ҚПО компаниясы өзара тиімді серіктестікті дамытуға қосқан үлесі үшін, KAZENERGY қауымдастығының медаліне ие болды. ҚР Мұнай және газ вице-министрі Ұ.Қарабалин ҚПО-ның Қазақстан Республикасы мүдделерін тұрақты қолдап, осы жолды ұстанып келе жатқанын атап өтті.

Қызметкерлер

Біз өз қызметкерлеріміздің тұрақты даму (ТД) мәселелері жөнінде хабардар болуына тұрақты түрде жұмыс істейміз, кезекті Тұрақты даму туралы есепте көрсетілген мәселелер туралы ақпарат береміз, ТД негіздері және сәйкес бөлімдерге арналған есептілік жөнінде сауалнамалар, электрондық оқытулар мен семинарлар өткіземіз.

2014 ж. маусым айында компания мен мердігерлік ұйымдардың барлық бөлімдерінде және барлық өндірістік учаскелері мен кеңселерінде ҚТ жөнінде жиындар өткізу мақсатындағы жұмыстар тоқтатылды. Өндірістік процесс толығымен тоқтатылған жоқ, себебі жиналыстар кезең бойынша, кестеге сәйкес әр өндірістік учаскеде жекелей жүргізіліп отырды. Бұл жалпы жиналыстарды өткізу мақсаты Қарашығанақта қауіпсіз еңбек етуді қамтамасыз ету үшін, қауіптерді

басқару маңыздылығын бір команда болып талқылап, ортаға салу болатын. Жиналыстың міндетті шарты жоғарғы және орта буын билік өкілдерінің жиынға қатысуы болды. Аталған жиындардың қорытындысы компания жетекшілерінің техникалық қауіпсіздікке деген ұстанымының тұрақтылығын тағы бір дәлелдеп, өз үлгілерімен жұмысшылардың жұмысты қауіпсіз әдістермен орындауының маңыздылығын, сол арқылы апаттың алдын алуға болатынына көз жеткізу болды.

Қазақстан жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс істеу аясында компания SPE Инженерлер-мұнайшылар қауымдастығы ұйымдастыратын форумдарға жыл сайын қатысып келеді. 2014 ж. 18 сәуірінде Алматыда ҚПО ұңғыма жұмыстары бөлімінің өкілдері көшбасшы мұнай компаниялары қолдау көрсеткен XI Халықаралық мұнай-газ жастар форумына қатысты. Мұндай шаралар жас инженерлерге көшбасшы мұнай компанияларының өкілдерімен кездесіп, Қарашығанақ секілді үлкен жобаларды дайындау барысында қолданылатын инновациялық технологиялар туралы білуге мүмкіндік ашады.

Кәсіподақтар

Біз кәсіподақтармен тиімді әрекеттестікті қолдауға жұмыс істеудеміз. 2014 ж. ҚПО басшылығының кәсіподақ ұйымдарымен кездесулері еңбек шарттарына, еңбекті төлеу және әлеуметтік төлемақылар деңгейлеріне қатысты қызметкерлер қозғаған мәселелерді талқылау мақсатында жалғасын тапты. Бұл талқылаудың нәтижелері жаңа ұжымдық келісімді әзірлеу барысында өз кезегінде қарастырылатын болады. Жаңа Ұжымдық шартты жасау 2015 жылға жоспарланып отыр.

Сонымен қатар есеп беру уақыты барысында кәсіподақтармен бірлесіп, қызметкерлер үшін футболдан, мини-футболдан, үстел теннисінен, волейболдан, еркін күрестен, бильярдтан, шахматтан, сонымен қатар веложарыс пен тау шаңғысынан өткізілген жарыстар секілді әр түрлі спорттық шаралар жарыстар өткізілді.

Мердігерлік ұйымдар

ҚПО-ның әр түрлі мердігерлік ұйымдармен өзара еңбек етуі әр түрлі деңгейде өткізіледі: республикалық, аймақтық және жергілікті.

ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ жақсарту жөніндегі жыл сайынғы жоспар бойынша, ҚПО ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша мердігерлік ұйымдардың қатысуымен бірлескен форумдар өткізіп отырады. Мұндай форумдар ҚПО мен мердігерлік ұйымдарының жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті күшейту үшін мақсатты әрекеттер жүргізуге мүмкіндік береді. 2014 ж. форумда қауіпсіз жұмыс орнын қамтамасыз етудегі супервайзердің рөлі туралы мәселелер талқыланды. Жұмыс процесінің бөлінбейтін бөлшегі қауіпсіздік болып саналатын ҚПО шарттары бойынша ТҚ жөніндегі құзыреттілікті жұмыс орнындағы кез келген әрекеттің маңызды бөлігі деп қарастыру қажет. Форум қорытындысы бойынша мердігерлік ұйымдардың жетекшілері ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы жеке жауапкершілігі туралы құжатқа қол қойды. Бұл құжат бойынша олар супервайзерлер құзыреттілігін бағалау жұмыстарын жүргізіп, қажет болған жағдайда ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласы бойынша білімдерін арттыруға арналған оқулар ұйымдастыруға міндеттенді. Алынған міндеттеменің алдағы 12 ай ішінде орындалуы күтілуде. Қорытындылар 2015 ж. форумда талқыланатын болады.

Біздің сатып алу жүйеміздегі жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында компанияның веб-сайтында жыл сайынғы, орташа және ұзақ мерзімді сатып алу жоспарлары шығарылып отырады.

Сонымен қоса тендерлерге қатысу талаптары туралы жеткізушілерге ақпарат беру мақсатында, сайтта жеткізушілерді алдын ала бағалау және компанияның дерекқорына тіркеу туралы мәліметтер жаңартылып тұрады.

Жергілікті қоғамдастықтар

ҚПО-ның жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттестігінде қолданар негізгі құралы – қоғамдық тыңдаулар мен Консультативтік кеңестер. ҚПО көпшіліктің талқылауына жергілікті тұрғындар мүддесін қозғауы мүмкін өндірістік қызметке қатысты мәселелерді ұсынады. Жергілікті атқару комитеті – Бөрлі ауданының әкімдігінің қолдауымен қоғамдық тыңдаулар өткізіліп отырды. 2014 ж. маусым айында ҚПО көпшіліктің талқылауына тыңдау кезінде мақұлданған 2014 ж. екінші жартысы мен 2015 жылға арналған Табиғатты қорғау шараларының жоспары ұсынды. Бұл жөніндегі нақты деректер 124 беттегі «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік» бөлімінде берілген.

Консультативтік кеңестер ҚПО-ның өндірістік қызмет аумағында орналасқан ауылдарда тұрақты жүргізіледі. Мұндай кездесулерде жергілікті қоғамдастық өкілдері инфрақұрылымды жақсарту мәселелері, оның ішінде жолдарды және сумен қамтамасыз ету жүйелерін жөндеу, жұмыспен қамту және атмосфералық ауа сапасын бақылау мәселелері секілді маңызды мәселелерді қозғайды.

2014 жылғы Әлеуметтік бағыттағы жобалар жоспарын іске асыру арқылы біз жергілікті билік органдарына білім, медицина, мәдениет салалары бойынша бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ете алдық. Бұл жөніндегі нақты деректер 128-132 беттегі «Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестік» бөлімінде берілген.

Жергілікті тұрғындардың қауіпсіздік және апаттық шұғыл әрекет ету қызметі тобының жаттықтыру сабақтарын жүргізген кезде төтенше жағдайларға әрекет ету мәселелері жөнінде хабардарлығын және белсенді қатысуын арттыру мақсатында ҚПО кен орнына жақын және Қарашығанақ – Үлкен Шаған – Атырау экспорттық құбыр желісінің бойында орналасқан ауыл тұрғындарымен өзара белсенді әрекет етеді. Соңғы жылдардағы жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттестік жұмыстары экспорттық құбыр желісіндегі заңсыз кесіп алу жағдайларының санын азайтуға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік емес ұйымдар (МЕҰ)

Біз жергілікті және аймақтық коммерциялық емес ұйымдармен де белсенді жұмыс істеп, тұрғындардың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қолдау көрсетуге бағытталған әртүрлі қайырымдылық шараларын жүргізуге қатысып, көмек көрсетіп келеміз.

2014 ж. жыл сайынғы «ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы жоғары көрсеткіштерді марапаттау бағдарламасы» бойынша ҚПО Батыс Қазақстан облысы мен Бөрлі ауданының үш қоғамдық қорына қайырымдылық бағдарламаларды өткізуге 2 000 АҚШ доллары көлемінде сертификат ұсынды.

Қауымдастықтарға мүшелік

Біз «ҚазЭнерджи» қауымдастығы, «Қазақстан табиғат пайдаланушыларының орнықты даму қауымдастығы» (ҚТОДҚ) және «Қазақстан Петролиум қауымдастығы» (ҚПҚ) секілді қазақстандық қауымдастықтарға мүшелігімізді стратегиялық маңызды деп есептейміз, себебі бұл

қауымдастықтардың басқа мүшелерімен бірлесіп жұмыс істеуге және олардың ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай мүшелік бизнестің келелі мәселелері жөніндегі жұмысшы топтар мен комитеттерге қатысуымызға мүмкіндік тудырады.

2014 ж. KAZENERGY қауымдастығы EY компаниясымен бірлесе отырып, 2012-2013 жылдарға ҚР-дағы мұнай-газ саласындағы әлеуметтік жауапкершілікке шолуды дайындау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізді. ҚПО Қазақстандағы және шет елдегі мүдделі тараптардың кең ауқымына қазақстандық мұнай-газ саласының елдің тұрақты дамуына қосқан үлесі туралы ақпарат беруді мақсат еткен Шолуды дайындауға белсенді қатысты. Шолуда ҚПО өзінің әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ең мықты тәжірибелерін ұсынды және 2015 жылы да KAZENERGY қауымдастығымен бірлесе еңбек етуді жоспарлауда.

СҮБЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

Жыл өткен сайын ҚПО-ның тұрақты даму саласындағы есептілік процесі дамып, компания ішінде және одан тыс ақпарат алмасу, деректерді жинау және коммуникация процестері жақсаруда. Бұл өз кезегінде Тұрақты даму туралы есебіміздің маңызды аспектілерін анықтауымызға көмектеседі. Сонымен қоса маңызды аспектілер келесі жұмыстардың нәтижесінен де көрінеді:

- ҚПО-ның жоғарыда аталған мүдделі тараптар тобымен өзара әрекеттесуі;
- Тұрғындардың алаңдаушылығын тудыратын мәселелер талқыланатын Консультативтік кеңеспен, сонымен қатар ҚПО өткізетін әртүрлі мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік жөніндегі форумдар, көпшілік талқылаулар, жиналыстар кезіндегі өзара әрекеттестік;
- Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сараптау;
- Мүдделі тараптарды анықтау барысында компания қызметкерлерін тарту;
- Есептілік жөніндегі 4 жаһандық бастамасы (GRI) нұсқаулығының стандарттарын және оның мұнай-газ секторындағы компанияларға арналған қосымшасын мұқият оқып білу.

Есепті дайындау жұмыстары компания ішіндегі бірнеше тексеру сатысын қамтиды: алғашқы шимайларды компаниядағы өз қызмет саласы бойынша маңызды мәселелер туралы мәліметтер беретін бөлімдер дайындайды. Одан әрі есептерді дайындаушы топ есептің мазмұнын сараптап, ақпарат ұсынған бөлімдермен келісіп шешеді. Одан кейін тәуелсіз тарап Есеп жобасы мазмұнының GRI нұсқаулығының талаптарына сәйкестігін тексереді. Осыдан соң, Есеп жобасын заңгерлер мен компанияның жоғарғы басшылары тексеріп, мақұлдайды, кейін тәуелсіз тарап қорытынды жасайды.

Қызметкерлердің тұрақты даму аспектілері туралы хабардарлығын арттыру және 2013 жылғы ҚПО Есебінде көтерілген келелі мәселелер туралы ақпарат беру мақсатында компания интранетке сәйкес сауалнама жариялау арқылы қызметкерлерден электрондық формада сұрау жүргізді. Компания жыл сайын өткізетін сауалнамасы қызметкерлеріміздің Есеп туралы пікірлерін білдіріп, келесі Есепте тұрақты дамудың қандай аспектілерін көтеруімізге болатыны туралы пікір алуымызға көмектеседі. 2014 жылы жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша сұрауға қатысқан жұмысшылардың саны 12%-ды құрады. Сұрау барысында осы есепте де көрініс тапқан белгілі бір маңызды мәселелер анықталды. Қызметкерлердің пікірінше, ең басты анықталған мәселелер Ақсай қаласындағы әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар, 3В қалдықтары және ауа сапасының

мониторингі, көгалдандыру, қалдықтарды өңдеу және қайырымдылық болып табылады. Біздің елімізде тұрақты даму туралы есептілік салыстырмалы түрде жаңа және дамушы процесс болып табылатындықтан, алдағы жылдары біз ҚПО-ның тұрақты даму саласындағы қызметі туралы хабардар болуын арттыру және есептеріміз туралы пікірлер алу мақсатында сыртқы мүдделі тараптармен тиімдірек өзара әрекеттесуді мақсат тұтамыз.

3-кестеде біз маңызды және осы Есепте көрсету қажет деп тапқан таңдалған келелі мәселелер көрсетілген.

№ 3 Кесте. Маңызды аспектілер

		МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР
ӘЛЕУМЕТТІК	ЕҢБЕК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК	Жұмысбастылық
		Қызметкерлер мен басшылық арасындағы өзара қарым-қатынас
		Еңбекті қорғау және жұмысшылардың қауіпсіздігі (біздің мердігерлер үшін де маңызды)
		Жұмысшылардың денсаулығын сақтау
		Персоналды дамыту және оқыту
		Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
		Еңбек қатынастарының тәжірибесіне арыздану механизмдері
	АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ	Адам құқығымен байланысты оқыту
		Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі
		Қауымдастық бостандығы және ұжымдық келіссөздер жүргізу
		Адам құқығы бұзылған жағдайда арыздану механизмдері
	ҚОҒАМ	Ықпал еткен жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу және ықпалын бағалау және жұмсарту тәсілдері
		Жемқорлыққа қарсы әрекет
		Қоғамға әсер еткен жағдайда арыздану механизмдері
		Оқыс оқиғаларға дайындық, жергілікті қоғамдастықтарды тарту механизмдері
		Активтердің тұтастығы және процестердің қауіпсіздігі

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ	Парниктік газдар мен ластанған заттар қалдығын азайту
	Қалдықтарды басқару
	Төгілулер
	Суды пайдалану
	Энергия қолданысын реттеу
	Экожүйелерді биотүрлендіру және сақтау
	Экологиялық проблемаларға арыздану механизмдері
ЭКОНОМИКАЛЫҚ	Ұлттандыру (ұйымдағы жоғары дәрежелі басшылардың үлесі)
	Қатысты аймақтағы инфрақұрылымға, оның ішінде жергілікті ұйымдарға қолдау көрсетуге салынатын инвестициялардың әсері
	Жергілікті қоғамдастықтар үшін электр энергиясын қолжетімділік жөніндегі инвестициялық бастамалар
	Тауарлар мен қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамтудың үлесі
	Сатып алу тәжірибелері
	Мемлекетке жасалған төлемдердің жариялылығы (EITI)

Тиімді корпоративтік басқару ірі инвестициялардың тұрақтылығын ірі қамтамасыз етудің міндетті шарты болып табылады. КПО бірлескен кәсіпорны қызмет ететін күрделі жағдайлар тиімді басқару, бақылау процестерінің және алдағы уақытта жетістіктерге жетуге арналған сапа кепілдігінің болуын талап етеді.

1997 ж. бері Agip пен BG қазіргі уақытта инвесторлар (жекелеп айтқанда «Мердігер компаниялар», ал барлығы бірге «Мердігерлер») деп аталатын және Қазақстан Республикасымен Өнімді бөлу туралы ақырғы келісімнің тараптары болып табылатын бес халықаралық мұнай компаниясы иелік ететін КПО өндірістік кәсіпорнына негізгі пайдалану өкілдігін беріп, Қарашығанақ мұнай-газ конденсат кен орнында өндірумен және пайдаланумен айналысады. BG Group үшін акционерлік капитал үлесі – 29,25%, eni SpA (бұрынғы Agip) – 29,25%, Chevron Corporation – 18%, ЛУКОЙЛ – 13,5 % және «ҚазМұнайГаз» – 10 % («ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС болып аталған ҚазМұнайГаз Мердігердің 10% үлесіне ие болған кезден 2012 ж. бері).

ӨБАК-қа сәйкес Мердігер 2038 ж. қаңтарына дейін кен орнын дайындауға жауапты болып табылады. Мердігер болып танылатын жоғарыда аталған бес компания Қарашығанақ кен орнын әзірлеуден барынша пайда түсіру үшін, өздерінің барлық бірлескен халықаралық тәжірибесін қолданады.

ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

КПО-ның ұйымдастырушылық құрылымы бизнестік мақсаттарға жету және Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттерін орындау мақсатында құрылған.

Өнім бөлімі туралы соңғы келісімге сай екі комитет құрылған: Басқару жөніндегі Бірлескен Комитет (ББК) және Өткізу жөніндегі Бірлескен Комитет (ӨБК). Екі комитет те Өкілетті орган деп аталатын жоғарыдағы бес компанияның әр қайсысынан саны жағынан бірдей өкілдер мүше болған комитеттен құралады (қазіргі кезеңде PSA ЖШС) және Өнім бөлімі туралы соңғы келісімге сай ҚР алдында жауапты. Мердігерлер мен Өкілетті Орган тең дауысқа ие. Шешім қабылдау консенсус негізінде қабылданады.

ББК мүшелері өз компанияларынан марапатталып, әр үміткердің кәсіби тәжірибесі мен тиісті компания саясаттарына негізінде әр қатысушы компанияның жоғарғы басшылығымен тағайындалады.

Сатып алу жөніндегі бірлескен комитет (СБК) ББК құратын қосалқы комитет болып табылады және КПО жасаған барлық негізгі келісімдерді бекітуге немесе оларға қол қоюға жауапты болып табылады. Сатып алу бойынша бірлескен комитет Басқару бойынша бірлескен комитетпен бекітілетін тендерлерді өткізу нұсқаулығына сәйкес қызмет атқарады.

СБК мүшелігі мен дауыс беру құқығы да ББК секілді және оның шешімдері бір ауыздан қабылдануы қажет.

Өтім жөніндегі бірлескен комитет (ӨБК)

Өтім жөніндегі бірлескен комитет (ӨБК) көмірсутек пен көмірсутек емес өнімдердің сатылуына байланысты барлық жұмыстарға жауапты. Бұл комитет мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, өзара жеткізу және сатуға қатысты ұсыныстарды мақұлдайды. Шешімдер таза кірісті көбейту мақсатында қабылданады.

Мердігер комитеті

Мердігердің ең жоғарғы басқару органы Мердігердің / Мердігер компаниялардың комитеті болып табылады. Аталған Комитет Мердігердің алдағы уақытта ББК және ӨБК жиналыстарында талқыланып, дауысқа салынатын кез келген мәселелері бойынша позициясын анықтауға жауапкершілік алады.

Мердігерлік комитет мүшелері бес мердігерлік компанияның әрқайсысының өкілдері, сондай-ақ КПО-ның басшылығы болып табылады. Барлық шешімдер 90%-дан кем емес жеке немесе бірлесіп қатысу үлесі бар тараптардың мақұлдап дауыс беруімен қабылданады. Кейбір қосалқы комитеттер жыл ішінде тұрақты түрде кездесіп, Мердігер комитетіне белгілі бір сараптамалық білім салаларында көмек көрсетеді.

Қазіргі кезде Мердігерлік компаниялар комитеті мынадай қосалқы комитеттерден құрылған:

- Қаржылық қосалқы комитет,
- Салықтық қосалқы комитет,
- Заңдық қосалқы комитет,
- Аудиторлық қосалқы комитет,
- Жұмыс бағдарламасы мен бюджет жөніндегі қосалқы комитет,
- Сақтандыру қосалқы комитеті,
- Үкімет байланыс және коммуникациялар жөніндегі қосалқы комитет,
- Өтім жөніндегі мердігердің комитеті (ӨМК).

Операторлар комитеті

Басқару органының келесі деңгейі BG және ені операторлық негізгі компаниялар өкілдерінен құрылған Операторлар комитеті болып табылады. Операторлар комитеті КПО-ның жалпы қызметіне бақылау жасайтын және Операторлары арқылы өз міндеттерін атқаратын орган болып табылады.

Кейбір қосалқы комитеттер персоналды басқару, ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ, қауіпсіздік пен тұрақты даму секілді салаларда эксперттік білімдер аясында да қолдау көрсетеді.

КПО-ның жоғарғы басшылық лауазымдары

Бас директорды, Өндіріс жөніндегі директор мен басқа да КПО директорларын негізгі компаниялар тағайындайды. КПО директорларын ауыстыру BG мен ені арасында үш жылда бір рет жүзеге асады.

БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Барлық қызмет түрлерін орындаған кезде және ӨБАК-қа сәйкес, КПО бірқатар саясаттар, процедуралар арқылы және өзіндегі алдыңғы қатарлы тәжірибе негізінде енгізетін халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейді. Олар біздің басқару жүйемізге енгізілген және мыналарды қамтиды: Мінез-құлық кодексі, Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау жүйесі (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ), ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясат, Өндірісті басқару жүйесі және Корпоративті басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық.

Біздің Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйеміз бен Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттары бойынша сертификатталған.

КПО өзінің Тұрақты даму кодексін 2009 ж. дайындап шығарды. Алдыңғы қатарлық халықаралық тәжірибеге және операторлар компаниясының тәжірибесіне негізделген аталған кодекс КПО дамуының басқарушылық принциптерінің негізін қалады.

Сыртқы аудитория үшін Тұрақты даму Кодексі www.kpo.kz веб-сайтында жарияланған, ал компания жұмысшылары үшін ішкі порталда бар.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

КПО-да компанияның өз қызметі барысында кездестіруі мүмкін бизнес тәуекелдерді анықтауға және тиімді басқаруға арналған қауіптерді басқарудың қалыптасқан процесі бар. Бұл процесс және басқа да функциялар мен жауапкершілік Тәуекелдерді басқару жөніндегі процедурада

анықталады.

Корпоративті басқару директоры КПО-дағы тәуекелдерді басқару жүйесінің тұрақты дамуына ықпал етеді, сондай-ақ Тәуекелдердің корпоративтік реестрін жүргізуге жауапты. Реестрге КПО-ның корпоративтік деңгейде кездескен тәуекелдері мен аталған тәуекелдерді басқару шараларының жоспарлары кіреді.

Негізгі корпоративтік тәуекелдер (деңгейі жоғары) құрамына КПО-ның барлық директораттарының өкілдері енетін Тәуекелдер жөніндегі комитеттің тоқсанаралық отырыстарында қаралады. Тәуекелдер жөніндегі комитеттің әр отырысынан кейін, Корпоративті басқару жөніндегі меңгеруші Мердігерлер комитетіне деңгейі жоғары тәуекелдер бойынша өзгерістер көрсетілген Тәуекелдердің тоқсан сайынғы реестрін ұсынады.

КПО қызметінің ерекшелігіне байланысты тұрақты даму тәуекеліне ерекше көңіл бөлінеді. Әрине мұндай тәуекелдермен ғана тоқталып қалмай төмендегі жағдайлар да ескеріледі:

- Персонал қауіпсіздігі мен объект тұтастығы;
- Табиғатты қорғау заңнамасын және рұқсаттар беруді сақтай отырып, ластаушы заттарды еріксіз тастаумен байланысты болуы мүмкін экологиялық тәуекелдер;
- этикалық нормаларды сақтамау тәуекелдер;
- жергілікті кәсіби мамандарды тартумен және сақтаумен байланысты тәуекелдер;
- ілеспелі репутациялық тәуекелдер.

КПО осы тәуекелдерді Тәуекелдер жөніндегі комитет отырыстарында тұрақты бақылап және талқылап отырады және олардың туу және әсер ету ықтималдығын азайтуға тырысады. КПО-ның тәуекелдерді азайту үшін қолданатын шаралары туралы ақпарат осы Есептің тиісті бөлімдерінде берілген.

САПА КЕПІЛДІКТЕРІ

КПО-ның жүйелері мен саясаттары КПО басшылары мен Мердігерлік компаниялар үшін тәуекелдерді анықтаумен және басқарумен және бекітілген процедураларды сақтауды қамтамасыз етумен байланысты процесстердің тиімділігіне кепіл болатын жылдық аудиттерге жатады. Компания ішінде сапаны қамтамасыз ету шараларын Ішкі корпоративтік аудит тобы жүргізеді. Жыл сайын аудиторлық тексеруді өткізу мақсатында КПО ішкі тәуекелдерін басқару процестерін пайдалану, директорлармен негізгі компанияның сұрауларын және өндірістік салалар мен аудиттердің мерзімділігін егжей-тегжейлі сипаттайтын КПО-ның жеке аудиторлық үлгілерін талқылау негізінде аудиттің жекеленген салалары анықталады.

Біздің басқару мен сапа кепілдігі жөніндегі бағдарламаларымыз 2014 ж. бойына жалғасты: сапа кепілдігінің мәселелері жөнінде 35 тексеру, кеңес және жұмыс жиыны, инвестициялық жобалар жөніндегі 3 форум және 8 ішкі аудит жүргізілді.

Сапа кепілдігінің сыртқы тексерулері де, оның ішінде компаниялардың барлық саясаттарын, стандарттарын және озық салалық тәжірибелерін сақтау кепілдігін ұсыну мақсатында өткізілетін жыл сайынғы Негізгі компаниялардың аудиторлық тексеруі, сондай-ақ қазақстандық заңнама талаптарына сәйкестігін тексерулер тұрақты жүргізіліп тұрады.

2014 ж. қарашасында негізгі компаниялар заңдық сәйкестік, қаржы, шарттарды басқару, жобаларды басқару, тәуекелдерді басқару және ақпараттық технологиялар секілді бағыттарда аудит жүргізді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Біз қазақстандық қызметкерлерді дамытуға, жергілікті білікті жеткізушілерді тартуға және қолдауға және жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік дамуына көмектесуге қолайлы мүмкіндіктер табамыз.

Соңғы алты жыл ішінде компанияның тұрақты даму саласындағы есептілік процесі бизнес процестерінің тұрақты жақсарып отыруына және мүдделі тараптардың біздің ұйымымыз туралы хабардарлығын арттыруға ықпал етті. GRI (Есептілік жөніндегі жаһандық бастама) стандарттары бойынша есептіліктің алдыңғы қатарлы тәжірибесі туралы білім деңгейін арттыру біздің тәжірибе қабылдап, жинақтауымызға, жұмыс сапасын жақсартып, еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі. Жыл сайын біз компания ішіндегі салааралық серіктестіктен оң өзгерістерді көріп, КПО жоғары басшылығының бизнесті ұзақ мерзімді тұрақты дамыту мәселелеріне қызығушылық танытатынын байқаудамыз.

ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ БАСТАМАСЫ (ӨСЖБ)

КПО ҚР табиғи ресурстарын басқарудағы кірістер мен құн жасаудың барлық тізбегіндегі жариялылықты қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардағы жариялылық бастамасын (ӨСЖБ) қолдайды.

ӨСЖБ стандартына сәйкес, өндіруші компаниялар төлемдер туралы ақпаратты жариялап отыруға, ал өндіруші елдердің Үкіметі түскен соманы халыққа жариялап отыруға міндетті.

КПО ӨСЖБ есептерін 2014 жылдан бері ҚР-ның өкілетті органдарына ұсынып келеді. Өткен жылдарда КПО деректеріне сәйкес және оның атынан Есептерді негізгі компаниялар беретін. Бұрын барлық есептер ҚР Мұнай және газ министрлігіне (қазіргі кезде – ҚР Энергетика министрлігі) жіберілетін. 2012-2013 жылдың соңғы екі есебі 27.10.2014 күнгі толықтырулармен бірнеше тікелей Инвестиция және даму министрлігіне жіберілді.

2014 ж. есеп ҚР тиісті министрлігінен есепті жіберу туралы хабарлама алынған соң ғана барлық жауапты тараптардың қатысуымен жасалынатын болады.

2015 ж. қаңтарында КПО ӨСЖБ аясында толықтығын, нақтылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған қажетті әрекеттер мен міндеттерді қарастыратын ӨСЖБ бойынша Есепті әзірлеу тәртібі жөніндегі процедураны дайындап шықты.

ТАЛАПТАРДЫ ОРЫНДАУ ЖҮЙЕСІ

Әдеп кодексі

Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі бүкіл ұйым аясында қолданылатын КПО принциптік құндылықтары мен көзқарасын бекітетін компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілері басқаруды реттейді. Бұл жүйенің негізі КПО бизнесін жүргізудегі негізгі этикалық принциптерді, құндылықтарды және әдеп ережелерін орнататын Әдеп кодексі болып табылады.

Жаңартылған Әдеп кодексі 2014 ж. маусым айында шығарылды. Әдеп кодексінде көрсетілген біздің негізгі құндылықтарымыз төменде келтірілген:

«КПО компаниясы – көптеген ұлттар мен әртүрлі мәдениет өкілдері жұмыс істейтін күрделі құрылымды ұйым. КПО абыройын ұстау және қалыптастыру барлығымыздан жұмыс барысында және компания ішінде де және одан тыс бір-бірімізге қатысты жоғары стандарттарды сақтауымызды талап етеді.

Мақсаттарды орындаудың ұзақ мерзімді бағдарламасында үздік нәтижелерге барлық қызметкерлер жоғары стандарттар принциптерінің жинағы мен моральдық қағидаларды сақтайтын ұйымда ғана қол жеткізуге болады.

Біздің жетістігіміз іскерлік қатынастарымыздың адалдығы мен анықтығының жоғары деңгейіне, барлығына даму және өсу мүмкіндігі берілген және барлығына ашық және еңбегін қадірлейтін ортада тең дәрежеде қарайтын сенімді де қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз етудің озық тәсілдерін қолдануға негізделуі қажет.

КПО компаниясы әр уақытта өзінің іскери мақсатын қызметін атқарып отырған қоғамның ниеттерімен құрылымды және жауапты түрде байланыстыруға тырысады. Әр түрлі мәдени және әлеуметтік ерекшеліктер құрметтеліп, компания құндылықтарының негізгі бөлігі ретінде қаралуы тиіс. Біз қоршаған ортамызды құрметтейміз және аялаймыз, жұмыс істеп жүрген қоғамға құрметпен қараймыз және акционерлермен, қызметтерді жеткізушілермен және тұтынушылармен іскери қарым-қатынаста тек жүйелі және адал ықпал қолданылуын қамтамасыз етеміз».

Болашақ іскери серіктестер ретінде бизнесті жүргізуге қатысты КПО-да бекітілген іскери этика стандарттары туралы ақпарат беру үшін, КПО Әдеп кодексі өндірушілермен, жеткізушілермен немесе мердігерлер мен жасалған келісімдік құжаттардың құрамдас бөлігі ретінде тіркеледі.

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жүйесі Заңдық мәселелер жөніндегі директорға есеп беретін Нормативтік-құқықтық сәйкестік жөніндегі кеңесші мен Әдеп кодексін сақтау жөніндегі менеджердің бақылауында болады.

Нормативтік-құқықтық сәйкестік комитетін Заңдық мәселелер жөніндегі директор басқарады, оның отырыстарына бас директор және КПО жоғары басшылығының басқа да мүшелері қатысады. Комитет тоқсан сайын жиналып, компанияның нормативтік-құқықтық жарлықтарын сақтауына байланысты мәселелердің барлығын қарайды. Комитет нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау жөніндегі топтың қызметін бақылап, Нормативтік-құқықтық сәйкестік жөніндегі кеңесшінің жұмыстары мен есептерін бекітеді немесе қосымша әрекеттер жүргізу үшін, мәселені/есепті қарастыруды қайтарып беруі мүмкін.

Аталған комитет әртүрлі комитеттер, оның ішінде Аудит жөніндегі қосалқы комитет арқылы Операторға және Мердігерлік компанияларға барлық қатысты сұрақтар бойынша есеп береді.

Әдеп кодексін үйрету және жемқорлыққа қарсы тренинг

Персоналды этникалық қағидалар мен стандарттарды оқыту көпұлтты көпмәдениетті құрамына байланысты халықаралық компаниялар үшін маңызды. КПО-ның Әдеп кодексіне

Кіріспе курс КПО-ның жаңадан орналасқан жұмысшыларының барлығына міндетті болып табылады. Курстың мақсаты – барлық қызметкерлерге стандарттарды үйретіп, Әдеп кодексіне сәйкес олардан Компания күткен әдептілік пен жеке міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету.

Әрбір қызметкердің КПО-ның интранет желісінде орналасқан Әдеп кодексімен және басқа да этикалық сәйкестік саясаттарымен оқып танысуына мүмкіндігі бар. Қызметкерлердің өз міндеттерімен үздіксіз танысуына көмек беру үшін, КПО-ның барлық қызметкерлеріне саясаттарды оқып шыққандығын жыл сайын растауы қажет.

Интранет порталға кіре алмайтын қызметкерлер баспа нұсқаларын алып, оқығаны жөнінде қолхат береді. 2014 ж. желтоқсан айының соңында КПО қызметкерлерінің 83% -ы нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясымен танысқанын растады. 2015 ж. КПО-ның барлық қызметкерлері үшін Сәйкестікті оқыту арналған онлайн модульдер енгізу жоспарланған.

Жемқорлықпен күрес оқыту семинарлары Келісімшарттар және сатып алу жөніндегі бөлімі, МТЖ және логистика бөлімі, Тасымалдарды ұйымдастыру жөніндегі сектор, визалық және транспорт секциясының қызметкерлеріне жүргізілді. Бұл семинар процедураларды жеңілдету және парақорлық жөнінде төлемдер жөніндегі қауіптер туралы хабардар етуді қамтыды.

Сонымен қоса 2013 ж. бастап КПО-ға мердігерлік ұйымдар үшін оқытуды жүргізу тәжірибесі енгізілді. 2014 ж. қыркүйегінде компания 17 мердігерлік ұйым үшін этикалық талаптарды сақтау жөнінде семинар өткізді. Оның 10-ы КПО-ның ірі мердігерлері болып табылады. Семинар жұмысына компания жоғары басшылығының 20 өкілі қатысты. Семинарда қаралған этикалық сәйкестік мәселелері жөніндегі екі презентацияда да КПО-ның Әдеп кодексі қарастырылады.

Компания КПО-ның Әдеп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық принциптер барлық өзара қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға және оны қолдауға итермелейді.

Сәйкестікті сақтау жедел желісі және басқа да шаралар

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестік бағдарламасының аясында қосымша шара ретінде тегін, анонимдік және құпия жедел желі 2012 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Компания алдыңғы қатардағы аккредиттелген халықаралық жедел желілер қызметін жеткізуші NAVEX Global компаниясымен келісімге отырған.

Тәулік бойы жедел желі қызметкерлердің болуы мүмкін құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылықты, дискриминацияны қоса алғанда, жыныстық күш көрсету, мүдделер дауы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық туралы хабарлауына мүмкіндік береді. Арыз беруші қалай хабарлағысы келгенін өзі таңдайды: телефон арқылы немесе жазбаша болуы да мүмкін. Арызды Нормативтік-құқықтық сәйкестік кеңесшісі мен Әдеп кодексін сақтаушы менеджер қарап, қандай шара қолданатындығы белгіленеді.

2014 жылы бойына ыстық желі арқылы мұқият оқылып, тиісінше шара қолданылған 12 хабар алынған. Арыздардың көбі оқиға жайына байланысты тәртіптік мәселелер бойынша болды. Арыздардың жағдайына тәуелді Шағым қарастыру тәртібі және Тәртіп жөніндегі мәселелерді қарастыру процедурасына сәйкес шешімдері табылған болды.

Нормативті-құқық сәйкестігіне сай келмейтін мәселелер принцип негізінде қаралып, олар жөніндегі есептер сәйкестік сақтау Комитетіне оқып-біліп, келісімге келісу үшін жіберілді.

Жедел желінің жұмысы КПО-ның парақорлықпен және жемқорлықпен күрес бойынша халықаралық стандарттармен сәйкестігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ол қызметкерлер мен мердігерлерге әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын ұсынады.

Оған қоса Заң директоры КПО-да жұмыс істемейтін тұлғаларға арналған өкілдік шығындар мен жолақылары, мүлкіті ұрлау мен оны тексеру мәселелері, КПО қызметкерлеріне арналған корпоративтік сыйақылар секілді нормативтік-құқықтық сәйкестіктің сақталуымен байланысты мәселелер жазылатын реестрлер, сондай-ақ жемқорлыққа тағылған айыптарды бекітуге арналған арнайы реестр жүргізеді.

2014 ж. КПО алаяқтықты ескерту және келісімшарттарды басқару процедуралары жөніндегі саясатты күшіне енгізген болатын. Алаяқтықты ескерту жөніндегі саясат алаяқтық туралы мәлімдеу ережелерін сипаттайды, алаяқтыққа жауаптыларды анықтайды, тергеу процедуралары мен есептілік құрылымын қамтиды. Келісімшарттарды басқару процедурасы берілген келісімшартты орындау барысында КПО-ның пайдаланушы-бөлімдері қолданатын әрекеттерді тиімді басқару жөніндегі нұсқаулықты қамтиды.

Контрагенттердің этикалық сенімділігін тексеру

КПО акционерлері халықаралық интеграцияланған мұнай компаниялары болғандықтан, тиісінше, олар тіркелген барысында елдердің халықаралық заңдарын сақтауы міндетті болғандықтан, КПО мына заңдарды орындауға міндетті:

- ҚР пара берудің/алудың үш түрін, сонымен қатар парақорлық барысындағы делдалдықты қарастыратын Парақорлыққа қарсы күрес заңнамасы:
 - ҚР Қылмыстық Кодексі - 253-бап (Параға коммерциялық сатып алу), 366-бап (Пара алу), 367-бап (Пара беру) және 368-бап (Парақорлыққа делдал болу);
 - ҚР Әкімшілік тәртіп бұзушылық туралы кодексі – 676-бап (заңсыз материалдық сыйақы ұсыну), 677-бап (мемлекеттік қызметті орындауға өкілетті тұлғаның немесе соған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы), 678-бап (заңды тұлғаларға заңсыз ақшалай сыйақы ұсыну);
- Шет елдердегі жемқорлық туралы АҚШ заңы;
- Италия Үкіметінің 231-қаулысы;
- 2010 ж. Ұлыбританияның жемқорлықпен күрес туралы Заңы.

Осыған орай КПО өзінің барлық бизнес-серіктестерінен, мердігерлер мен тауар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерінен бизнесті жүргізудің этикалық нормаларын сақтау кепілдіктерін талап етеді.

КПО компаниясы мен оның контрагенттері - жеткізушілер, агенттер, қосалқы мердігерлер және т.б. - ҚР тиісті заңдарын, сонымен қатар өз негізгі компаниялары тіркелген елдердің заңдарын сақтауға міндетті және бұл міндеттер КПО-ның типтік келісім-шарттарына енгізілген.

Аталған талаптарға сай болуы және проблемалық мәселелерді шешуде, біздің бизнес серіктестеріміздің бірлесе жұмыс істеуі және қолдауы бізге өте маңызды. Басты назарда ұстауды талап ететін проблемалардың бірі жемқорлықтың, парақорлықтың және ақшаны жалған жолмен пайдаға асырудың алдын алу болып табылады.

Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін, біз «өзіміздің бизнес серіктерімізді тану» әдісін ұстанамыз және олардың қызметіне қатысты міндеттер бойынша белгілі бір ақпараттарды сұратамыз. Осы мақсатта КПО ықтимал бизнес-серіктестердің әрқайсысымен байланысты қауіптерді анықтау үшін және қауіп төндіруі мүмкін мәселелерді реттеу шараларын қабылдау мақсатында этикалық сенімділікті тексеру бағдарламасын дайындады. Әрбір контрагентке тәуекелді бағалау жұмыстарын жүргізу үшін, меншік, бизнесті басқару және жүргізу, оның ішінде компаниядағы этикалық іскерлік тәжірибесі туралы ақпарат мақсатында оларға сауалнама жіберіледі. Компания туралы корпоративтік ақпаратты тексеру және олардың іскери тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз пікірлердің барлығын тексеру үшін, КПО халықаралық дерекқорларды да пайдаланады.

Бүгінгі күні көптеген компанияларға бағалау жүргізілді және КПО осы процестің біздің мердігерлерімізді, жеткізушілер мен өндірушілерді КПО бизнес жүргізуінің жоғары этикалық стандарттарына сәйкес болу қажеттігіне сендіргеніне сенімді.

Осы үдерісті жүзеге асыру аясында біз жергілікті компанияларға этикалық шарттарға сәйкестік ісінде де септігімізді тигіземіз. Келісімшарттар және сатып алу жөніндегі бөлімі жергілікті компанияларға өз Әдеп кодексін дамытып және өз келісімшарт құжаттарын, соның ішінде қосалқы мердігер қызметтері немесе жабдықтар пен материалдарды сатып алу үшін пайдалануға болатын құжаттарды қайта қарастыруға көмектесетін құжаттардың нысандарын ұсынады.

Біздің нысандарымызды қауіпсіз пайдаланумен қатар, біздің қызметіміз әсерін тигізетін ҚПО-ның барлық қызметкерлерінің, мердігерлік ұйымдарының және тұрғындарының денсаулығы мен қауіпсіздігі компанияның өндірістік қызметінің жетістікке жетуінің негізгі өлшемі болып табылады. Қарашығанақ кен орнын әзірлеу және пайдалану кезінде көмірсутек шикізатындағы күкіртті сутектің жоғары деңгейімен және қысымның жоғары болуымен байланысты қауіп-қатерлер бар. Қауіпсіз жұмыс жағдайларын жасау мақсатында компания ЕҚ, ТҚ және активтердің тұтастығы мәселелерін басқаруда алдын алу шараларын қолданады.

4 Кесте. ҚТ саласындағы біздің міндеттеріміз

2014 ж. Біздің міндеттер	Міндеттердің орындалу күйі	2014 ж. Міндеттерді жүзеге асыру үшін қолданылған әрекеттер	2015 жылға арналған міндеттер
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған сертификациялық аудитті қайта жүргізу	Иә	Сертификациялық аудит 2014 ж. қайта өткізіліп, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйелерінің ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттарының талаптарына сәйкестігі сертификатталды.	2015 ж. бақылау аудитін өткізу
3-деңгейдегі басшылар/супервайзерлер үшін қауіпті факторлар туралы хабардар болу бойынша бағдарламаны күшейту стратегиясын жасау және келісіп шешу	Иә	3 деңгейдегі басшылар/супервайзерлер үшін қауіпті факторлар туралы хабардар болуды арттыру бағдарламасын күшейту стратегиясы. Бағдарлама енгізілді	Ұлыбританиядағы Спейдадам оқу полигонында «PSA» ЖШС мен ҚПО басшылығының өкілдері үшін өндірістегі жоғары деңгейде қауіпті көздер және нысандардың эксплуатациялық сенімділігі туралы семинар өткізуге көмек көрсету.
Қауіпсіздікті кешенді бағалау есептерін жаңартуды қамтамасыз ету	Жұмыс үстінде	Қауіпсіздікті кешенді бағалау туралы есептер қолданыстағы өнеркәсіптік нысандар үшін (ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, ҚӨК, жинақтау жүйесі, АМӨС, ҚАТЖ және ҚОТЖ) дайындалып, бекітілді.	ҚМГКМ және ұңғымалық операциялар үшін қауіпсіздікті кешенді бағалау есебін дайындауды және келісіп шешуді қамтамасыз ету.

<p>ҚМГККО мен ҚӨК үшін НӨҚД дайындау (Нысандардың өнеркәсіптік қауіпсіздігі декларациясы)</p>	<p>Иә</p>	<p>ҚМГККО мен ҚӨК үшін НӨҚД түзетіліп, мемлекеттік органмен бекітілді.</p>	<p>СУМ-У жаңа жобасын ескеріп, ұңғымалық операцияларға арналған НӨҚД-ны жаңартуды қамтамасыз ету.</p>
<p>Кәсіптік қуаттылықты кеңейту жөніндегі жобаларға, сондай-ақ модернизация жөніндегі басқа да қолданыстағы жобаларға арналған қауіпсіздікті қамтамасыз ету техникалық қолдау көрсету</p>	<p>Жұмыс үстінде</p>	<p>Қауіпсіздік қамтамасыз ету бойынша келесі жобаларға техникалық қолдау көрсетілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ҚӨК жеңіл көмірсутектерінің кең фракцияларын өңдеу; • ҚӨК өндірістік шеутеулерін алу; • ГҚДҚ-2 газ айдау қуатын модернизациялау; • №703 (КРС) ұңғымасын күрделі жөндеуден өткізу. 	<p>Келесі жобалар бойынша ҚӨК бөлімдеріне техникалық көмек көрсетуді жалғастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ГҚДҚ-2 газ айдау қуатын модернизациялау; • №703 ұңғымасын күрделі жөндеуден өткізу; • ҚӨК су тазарту қондырғысы; • ҚӨК екінші факельді сеператоры; • ҚӨК отын газын қосымша тазалау қондырғысы.
<p>Жоғары және орташа тәуекел деңгейіндегі мердігерлік ұйымдарға ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару саласындағы жұмыс қорытындыларын бағалауға арналған бағдарламаны енгізу</p>	<p>Иә</p>	<p>Аяқталып, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың жұмыс көрсеткіштерін басқару стратегиясы келісімшарт тарын ұстаушылардың барлығының назарына ұсынылды.</p>	<p>Жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ету және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың жұмысын бақылау және жақсарту.</p>
<p>Кеңсе қызметкерлері үшін ҚТ туралы хабардарлықты арттыру бойынша тоқсандық науқандар дайындап, іске қосу</p>	<p>Иә</p>	<p>Кеңсе қызметкерлері үшін ҚТ туралы хабардарлықты арттыру бойынша 4 тоқсандық науқан дайындалып, іске қосылды.</p>	

<p>ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы желілік жетекшілердің құзыретін жоғарылатуға бағытталған бағдарламаны қолға алу.</p>	<p>Иә</p>	<p>ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша құзыреттілікті бағалайтын 4 элементті қамтитын, желілік жетекшілердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аясындағы құзыреттілігін арттыру бойынша оқыту курсы дайындалып, енгізілді.</p>	<p>Желілік жетекшілердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аясындағы құзыреттілігін арттыру бағдарламасын ары қарай дамыту және енгізу жұмыстарын жалғастыру</p>
<p>Мәдениетті арттыруға және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін талқылау мақсатында мердігерлік компаниялармен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша ірі бір форум өткізу.</p>	<p>Иә</p>	<p>Маусым айында 40 мердігерлік ұйымның өкілдеріне арналған қауіпсіз жұмыс орнымен қамтамасыз етуге супервайзердің рөлі туралы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форум өткізілді. Нәтижесінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында өте қауіпті деңгейде жұмыс істейтін 36 мердігерлік ұйымның жетекшілері ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жеке ұстамдылық туралы құжатқа қол қойды. Аталған құжат арқылы мердігерлік ұйымдар өздерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы супервайзерлерінің құзыреттілігін бағалауға, қажет болған жағдайда қосымша оқытуды ұйымдастыруға міндеттеме алды. Міндеттеме қорытындылары 2015 ж. келесі форумда көрсетілуі қажет.</p>	<p>Мердігерлік ұйымдар үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында бір ірі форум өткізу. Форумның күн тәртібіндегі мәселелерінің бірі мердігерлік ұйымдар өткізген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы супервайзерлердің құзыреттілігін бағалау жүйесін енгізу жөніндегі жұмыс нәтижелерін талқылау болады.</p>
<p>Қарашығанақ кен орнындағы H₂S қалдығын шығару кезіндегі апаттық жедел жауап беру шараларды зерттеу нәтижелері бойынша 2014 ж. жоспар шараларын іске асыру.</p>	<p>Жұмыс үстінде</p>	<p>Жүргізілген әрекеттердің 9-ы 2014 ж. жоспарына қосылды. Әрекеттің орындалуын тәуекелді басқару тобы бақылады. Шектеулі ресурстар мен бюджетке, күрделі инженерлік жұмыстар мен қолданыстағы жүйелермен бірігуге байланысты, әрекеттердің бірқатары 2014 ж. жүзеге асты, жұмыстар 2015 ж. жалғасады.</p>	<p>Қарашығанақ кен орнындағы H₂S қалдығын шығару кезіндегі апаттық жедел жауап беру шараларының зерттеулеріне байланысты 2015 жылға жоспарланған шараларды жүзеге асыруды жалғастыру.</p>

**ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ, АКТИВТЕРДІҢ
ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТҰТАСТЫҒЫ**

2014

Хабардар ету жұмыстарын жүргізу және ҚПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында тәуекелді басқару жүйесінің тетікті енгізу	Иә	ҚПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің механизмі енгізіліп, персоналға хабардар етілді.	
Кен орнының әкімшілік ғимаратында және Пилоттық қалашыққа арналған минималды жинақтау тұжырымдамасын енгізуді жүзеге асыру.	Жұмыс үстінде	Персоналды кен орнынан Ақсай қаласына көшіру кейінге қалдырылды.	<ul style="list-style-type: none"> • Кен орны аясында Персоналды жинақтау стратегиясын енгізу; • Персоналды кен орнының әкімшілік ғимаратынан және Пилоттық қалашықтан Ақсайға көшіруді ұйымдастыру.

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясаты компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тиімді басқаруына, көрсеткіштерді үздіксіз жақсартуға және барлық заңнамалық талаптарды орындауға жауаптылығын көрсетіп, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы негізгі қызмет принциптерін және стратегиялық мақсаттарын бекітеді. Аталған саясат тең құрылтайшы-компаниялардың, ҚПО-ның басқа саясаттарының, ISO 14001 және OHSAS 18001 халықаралық стандарттарының талаптарына және заңнама талаптарына сәйкес келеді.

ҚПО-да жүйенің барлық негізгі элементтерін, құрылым сипаттамасын, персоналдың рөлдері мен жауапкершілігін, Компания орындайтын жұмыстарды қамтитын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесі әзірленіп, енгізілген. Осы менеджмент жүйесінің мақсаты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді тиімді және зерделі басқару болып табылады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесінің негізгі элементтерін басқару процестері егжей-тегжейлі сипатталатын корпоративтік және ішкі процедуралар әзірленіп, енгізілген.

ҚПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әр қилы қауіп түрлері бар және қауіптерді басқару өндірістік қызметтегі негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Осы мақсатта ҚПО-да осындай қауіптерді бағалауды, бақылауды және/немесе қолайлы деңгейге түсіруді қамтамасыз етуге арналған талдау амалдары мен әдістемелерін сипаттайтын қауіптерді басқару жөніндегі тиісті процедуралар әзірленіп, енгізілген. Қауіптерді басқару процесі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіпті факторлар мен аспектілердің анықтамасын, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға төндіретін қауіптің бағасын, сонымен қоса тиісті бақылау шараларының анықтамасын қамтиды.

ҚПО-да жоғары дәрежеде қауіпті жұмыстарды бақылауға және қадағалауға арналған қосымша сертификаттары бар өкімхат-рұқсат қағаздар жүйесі бар.

ҚПО-да өндірістік бақылау туралы ереже мен технологиялық қауіпсіздік пен құрылғылардың тұтастығын қамтамасыз ету, сондай-ақ өзгертулерді басқару жөніндегі процедуралар әрекет етеді. Аталған ережелер тиісті бақылау шараларын қолдану және кез келген қондырғыдағы өндірістік жұмыстар кезіндегі бақыланбайтын процестер (әсіресе, қауіпті заттардың шығарылуын, өрттерді немесе жарылыстарды қамтитын) нәтижесінде орын алуы мүмкін өндірістік оқиғалар мен ірі апаттардың қауіпін азайту үшін қажет.

Сонымен қатар компанияда оқиғаларды хабарлау және тергеу процедуралары әрекет етеді, олардың міндеттері мынадай:


- барлық оқиғалар, оның ішінде болмашы жарақаттар, алғашқы жәрдем көрсетілген жағдайлар, қауіптілігі ықтимал оқиғалар туралы дер кезінде хабардар ету;
- олардың салдарларын жедел жою;
- тиімді және жүйелі тергеу жүргізу.

ҚПО нысандарындағы жұмыстар кезінде болған барлық оқиғалар жедел хабарлануы тиіс. Аталған талап ҚПО-ның барлық қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдар үшін міндеті. Әрбір оқиға мұқият тергеледі, ал оқиға туралы барлық ақпарат Synergi дерекқорына тіркеліп, түзету жұмыстары бақыланады.

ЕҚ МЕН ҚТ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР

Аталған бөлімде 2009-2014 жж-ға арналған ЕҚ мен ҚТ бойынша жалпы көрсеткіштердің сараптамасы ұсынылған. 1-сызбада ҚПО-да орын алған еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) көрсетілген. 2014 ж. ЕЖОЖ 0,20-ны құрады (2013 ж. 0,29), ал ЕТОЖ – 0,27 (2013 ж. 0,46).

1-сызба. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: қпо және мердігерлік ұйымдар



ҚПО-да жоғарыда көрсетілген ЕЖОЖ бен ЕТОЖ көрсеткіштерін есептеу үшін мына әдістер қолданылды:

- Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) = еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + өліммен аяқталған оқиғалар) x 1 000 000 / адам-сағат.
- Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) = есепке алынуы тиіс оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар + еңбек ету қабілетін шектелген жағдайлар) x 1 000 000/адам-сағат).

5 кестеде ҚПО-дағы ЕЖОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕЖОЖ көрсеткіштерімен салыстырылып берілген.

5-Кесте. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі: ҚПО мен мердігерлік ұйымдар

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ҚПО)	0,21	0,00	0,71	0,42	0,58	0,14

Еңбекке ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,10	0,23	0,21	0,30	0,17	0,22
--	------	------	------	------	------	------

6-кестеде ҚПО-дағы ЕТОЖ көрсеткіштері мердігерлік ұйымдардағы ЕТОЖ көрсеткіштерімен салыстырылып берілген.

6-Кесте. ҚПО-дағы етож деректері мердігерлік ұйымдардағы етож көрсеткіштерімен салыстырылған*

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Есепке алыну тиіс оқиғалар жиілігі (ҚПО)	0,43	0,11	1,00	0,42	0,58	0,14
Есепке алыну тиіс оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,69	0,47	0,36	0,36	0,41	0,32


* Ескерту: алғашқы жәрдем көрсетілген оқиғалар өндірістік жарақаттар есебіне қосылмайды.

Компанияның 2014 ж. ЕҚ мен ҚТ көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған еңбектерінің арқасында есепке алынуы тиіс оқиғалар саны 2013 ж-мен салыстырғанда (11), 36%-ға (7) кеміді. Оның ішінде мұзда тайғанақтаудан немесе құлаудан жарақат алу жағдайлары тіркелмеді. 2014 ж. ҚПО қысқы уақыттағы қауіпсіздік шараларын алдын ала қолға алып, 2013 ж. (4) болған осынлай бақытсыз жағдайларды тергеу нәтижесінде жоспарланған түзету шаралары тиімді орындады.

Есепке алынуы тиіс бірде-бір оқиға технологиялық процестің бұзылуына қатысты болмады. Өндірістік жарақаттар шаруашылық жұмыстарды атқару, қалдықтарды жою барысында, жол-көлік оқиғасы кезінде, қондырғыларға қызмет көрсету барысында орын алды. Алты жарақатты мердігер ұйымдардың жұмысшылары алса, ҚПО-дан бір адам жарақаттанды. Жеті жарақаттың бесеуі еңбек қабілетін уақытша жоғалтуға әкелді. 2014 ж. екі кішкентай жарақат тіркелді, бұл 2013 ж-мен салыстырғанда екі есе аз; екі жағдайда да уақытша жеңіл жұмысқа ауыстырылды. Жарақат алынған оқиғаларға жұмыстардың тиісінше басқарылмауы мен басқару жүйесінің жетілмегендігі негізгі себеп болды.

ҚПО OGP Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығына түсіп отыратын әлемдік геологиялық барлаушы және мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарының статистикалық мәліметтерімен жарақаттанушылықтың негізгі көрсеткіштеріне жыл сайын салыстырмалы сараптама жасап отырады. ҚПО-дағы еңбек ету қабілетінің жоғалуына әкелген оқиғалар саны 2014 ж. едәуір төмендеген және ҚПО-дағы соңғы бес жылдағы ЕЖОЖ-дың жалпы көрсеткіштері 2-сызбада көрсетілгендей, OGP көрсеткіштерінің орташа деңгейінен төмен.

2-Сызба. ҚПО мен OGP мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының ежожд көрсеткіштері




Шартты белгілерге түсініктеме:

OGP – 1985 жылдан бері әлемдік деңгейдегі қатысушы–компаниялардың оқиғалары туралы деректер жинақтайтын Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы. OGP орташа статистикалық көрсеткіштері, OGP 10 көшбасшы көрсеткіші мен OGP№1 бойынша деректер OGP www.ioop.org ресми сайтында көрсетілген жыл сайынғы ресми есептерден алынған.

OGP№1 – мұнай мен газ өндіруші компанияларының арасындағы ЕЖОЖ бойынша ең үздік көрсеткіш.

3-Сызба. Өліммен аяқталған оқиғалар жиілігі: ҚПО мен мердігерлік ұйымдар



ҚПО-да жоғарыда көрсетілген өліммен аяқталған оқиғалар жиілігінің көрсеткішін есептеу анықтау үшін, келесі тәсіл қолданылады:


- Өліммен аяқталған оқиғалар жиілігі (адам жұмыс істеген бір миллион сағатқа) = өліммен аяқталған оқиғалар саны x 1 000 000 / адам жұмыс істеген сағаттар.

7-Кесте. Өліммен аяқталған оқиғалардың жиілігі: ҚПО мердігерлік ұйымдармен салыстырғанда

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Өліммен аяқталған оқиғалар жиілігі (ҚПО)	0,00	0,00	0,14	0,00	0,00	0,00
Өліммен аяқталған оқиғалар жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,03	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

1 млн км жүріске жол-көлік оқиғаларының жиілігі 2013 ж. 0,13-тен 2014 ж. 0,10-ға дейін қысқарды.

4-СЫЗБА. ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ ЖИІЛІГІ: ҚПО МЕН МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР



ҚПО-да жоғарыда көрсетілген ЖКО жиілігінің көрсеткішін есептеу үшін келесі тәсіл қолданылады:

- ЖКО жиілігі = ЖКО саны (есепке алынуы тиіс) x 1 000 000 / км жүріс.

8-Кесте. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: ҚПО мен мердігерлік ұйымдарды салыстырғанда

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (ҚПО)	0,12	0,13	0,00	0,00	0,00	0,00
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (мердігерлік ұйымдар)	0,03	0,09	0,02	0,00	0,14	0,10

2014 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша ЖОСПАР

2014 ж-ға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша ҚПО-ның жыл сайынғы жоспары ҚПО ішіндегі қауіпсіздікті жақсартуға маңызды деп белгіленген алты негізгі бағытты қамтыды. Бұл жоспар 2013-2016 жж. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жасалынған төртжылдық стратегиялық жоспарға, сонымен қатар құрылтайшы компаниялардың нұсқаулары мен сыртқы және ішкі аудиттерге негізделген болатын. Сонымен қатар 2014 жылдың жоспарына “KPO in Safety” бағдарламасын жүзеге асыру, кеңсе персоналының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласынан хабардарлығын арттыру бойынша тоқсандық науқандар өткізу, қауіпті факторлар туралы хабардар ету бойынша семинарлар өткізу секілді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша хабардарлықты арттыруға бағытталған бағдарламалар мен бастамалар қамтылған.

Есеп беру мерзімі ішінде ҚПО-да 2014 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоспарға енген шаралардың 97%-ы жүзеге асты. Бюджет пен ресурстардың шектеулігінен 2014 ж. толық іске аспаған шаралар 2015 ж. жоспарына ауыстырылды. 2014 ж. жұмыстардың негізгі бағыттары бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі жоспардың орындалған шараларының қысқаша сипаттамасы төменде берілген:

I. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестігі

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесіне қолдау көрсету және үздіксіз жақсарту мақсатында ҚПО-да 0-4 деңгейдегі ҚПО басқару персоналы арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процедураларынан хабардар болудың деңгейін арттыруға бағытталған жоба жүзеге асырылған. Жоба аясында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процедуралары бойынша матрица дайындалып, пайдалануға берілді және әрбір директоратта оны енгізу жөніндегі презентация болып өтті.

Компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштері туралы персоналдың хабардарлығын арттыру үшін, барлық нысандар мен негізгі орындарға ақпараттық тақталар мен электронды дисплейлер орнатылды. 2014 ж. негізгі мердігерлік ұйымдардың көліктерін компания талаптарына сәйкестендіру жұмысы жалғасты. Мердігерлік ұйымдардың 300-ге тарта көлігі борттық мониторинг жүйелерімен жабдықталды.

II. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық пен бақылау

2014 ж. желілік басшылар үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы құзыреттілікті жоғарылату бағдарламасы жалғасын тапты. 2014 ж. өткізілген ҚТ бойынша кәсіби мамандарды тиімді дайындау бағдарламасына

қосымша ретінде үшін 2013 ж. көптеген кемшіліктер анықталған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша құзыреттілікті бағалаудың 10 элементінен 4-уін қамтыған оқыту курсы әзірленіп, енгізілді.

2014 ж. Епі негізгі компаниясының өкілдері «KPO in Safety» бағдарламасының аясында ҚПО-ның 1-3 деңгейіндегі басшылары үшін семинарлар өткізді. Аталған бағдарлама ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшының рөлін көрсетіп, жұмысшылардың ҚТ мәдениетінің деңгейін көтеруге бағытталған.

III. Технологиялық қауіпсіздік және қауіптерді басқару

Технологиялық қауіпсіздік пен құрылғылардың тұтастығын басқару бағдарламасындағы элементтердің әрқайсысы бойынша ең негізгі талаптарды енгізу жұмыстарын жалғастыра отырып, 2014 ж. қауіптерді басқару процедурасы әзірленіп, енгізілді. Бұл процедура бүкіл компания бойынша қауіптерді бағалау құралдарын іріктеуге жүйеленген әдісті қолдану арқылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және бойынша қауіптерді басқару процесіне бағытталған. Процедура технологиялық процестегі өзгерістерге, модификацияларға немесе КПО өзгерістерді басқару процесі аясында қарастырылатын жұмыстарға байланысты ықтимал қауіптен оған көмектесетін факторлардан шығатын сәйкес қауіпті бағалау әдістемесін таңдаған кездегі қажетті қадамдарды анықтайды.

2013 ж. жүргізілген кен орнына күкірт сутегі шығарылған жағдайда апаттық жауап беру жөніндегі зерттеулер нәтижесінде бастамашылық етілген өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша 2014 ж. төмендегі бағдарламалар іске асырылды:

- Ұңғыманың ауыздарына күкіртсутегіні анықтайтын жүйе мен дабылдар орнату;
- Көлік құралдарын жүргізушілермен байланыс жүйесін және жарыққа шағылысатын жол белгілерін орнату;
- Жаһандық позициялау жүйесі;
- Кен орны нысандарындағы персоналды электрондық бақылау жүйесі;
- Жеке газ детекторлары және тыныс алу органдарының жеке қорғаныс құралдары;
- Кен орнындағы персоналды азайту жобасы.

Ірі апаттардың пайда болуына ықпал ететін қауіпті факторлардан хабардар болуды жақсарту бағдарламасы аясында 2014 ж. қаңтар айында ҚПО Ұлыбританияның Spadeadam оқу полигонында оқыту семинарын өткізіп, оған БҚО мемлекеттік органдарының өкілдері мен ҚПО жетекшілері қатысты. Қараша мен желтоқсан айлары ішінде 3-4 деңгейлі жекетшілер үшін ірі апаттарды тудыратын қауіпті факторлармен таныстыруға арналған үш оқу семинары өткізілді. Осы бағыттағы жұмыс 2015 ж. жалғасын табады.

IV. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың қызметін басқару

2014 ж. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың көрсеткіштерін басқару стратегиясы іске қосылған болатын. Аталған құжат келісімшарттың жұмыс істеу циклінің (ықтимал мердігерлерді алдын ала квалификациялау кезеңінен бастап, келісімшарттың аяқталу кезіне дейін) әрбір кезеңіндегі мердігерлік ұйымдарды тиімді басқару бойынша қажетті шаралар жүйесін сипаттайды. Стратегияда процеске қатысушылардың рөлдері мен міндеттері, сондай-ақ ілеспелі процедураларға сілтемелер мен мердігерлік ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін басқару саласындағы компания нұсқаулығы көрсетілген. Келісімшарт иелері ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында белгіленген қауіп деңгейіне сәйкес аталған стратегияны өздерінің барлық келісімшарттарына қолдануға міндетті.

Мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін тәуекелдерді төмендету, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тиімділік шарттарын орнату, олардың мониторингі мен есептілігі, сонымен қатар осы ақпаратты үздіксіз дамыту үшін пайдалану және мердігерді таңдау процесінде пікір білдіру жолымен басқаруға болады.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жоғары немесе орташа тәуекел деңгейімен жұмыс бойынша барлық келісімшарттарға қатысты, ҚПО келісімшарттың «Д» қосымшасында келтірілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарын сақтаудың бірқатар міндетті талаптарын бекітеді. Келісімшарт жасаған кезде осы қосымша оның бөлінбейтін бөлшегі болып табылады және ҚПО аумағында және нысандарында жұмыс істеген кезде мердігерлік ұйымдар мен оның қосалқы мердігерлерінің оны міндетті түрде орындауы қажет.

V. ҚПО жұмыстарының қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштері

Парниктік газдар (ПГ) қалдығын азайтудың жаңа мүмкіндіктерін анықтау мақсатында алдын ала зерттеулер жүргізіліп, 2015-2020 жж-ға ПГ қалдықтарын қысқартудың ұзақ мерзімді жоспары әзірленді. Аталған жоспардың мақсаты ҚПО-дағы ПГ қалдықтарын халықаралық заңнаманың, ҚР заңнамасының, серіктес компаниялардың, компанияның ішкі саясатының талаптарына сай жүйелі қысқарту болып табылады. Жоспар компанияның өндірістік қызметі нәтижесінде жинақталатын ПГ қалдықтарын азайтуға бағытталған ықтимал жобалар туралы ақпаратты жинақтау және талдау процесін, жарамды жобаларды таңдау процедурасын, сондай-ақ осы жобаларды жүзеге асыру мониторингінің процесін сипаттайды.

2014 ж. қоршаған ортаның корпоративтік мәселелері жөніндегі бөлімнің бастамасы бойынша ҚПО-ның барлық нысандары мен бөлімшелерінде қағаз пайдалануды қысқарту науқаны өткізілді. Барлық жұмысшыларға таңдап басып шығару және қарау үшін құжаттардың электрондық нұсқасын пайдалану арқылы қағазды тиімді пайдалану нұсқауларын сақтау ұсынылды. Бағдарлама аясында компания жұмысшыларының арасында «Үздік экологиялық ұсыныс: қағазды пайдалануды қысқарту» атты конкурс өткізілді. 2014 ж. бойынша ҚПО-да басып шығарылған/көшірмесі жасалған қағаз беттерінің саны 7 492 113 болды, бұл 2013 ж-мен салыстырғанда 21%-ға аз.

VI. Еңбек пен денсаулықты қорғау бойынша көрсеткіштер

Жыл сайынғы ЕҚ,ТҚ және ҚОҚ бойынша жоспар аясында 2014 ж. еңбек пен денсаулықты қорғау бөлімі кен орны жұмысшыларының денсаулығына төнетін қауіптерді бағалауды; кен орны персоналын (100% қамту) және кеңсе қызметкерлерін (30%) профилактикалық медициналық тексеруден өткізуді; арқа мен жүрек ауруларын алдын алу науқандарын өткізуді, сондай-ақ Ақсай қ. мектеп оқушыларының арасында ағартушылық жұмыстар жүргізуді қамтитын мемлекеттік органдармен келісіліп, бекітілген Өндірістік гигиена бағдарламасының бірқатар шаралары жүзеге асырылды.

2015 ЖЫЛҒА ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ ЖАҚСARTУ ЖОСПАРЫ

2015 жылға арналған жыл сайынғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту жоспары алдыңғы жоспарлардағы принциптер мен міндеттер негізінде жасалды. 2015 ж. жоспары 2014 ж. жоспарын орындау барысындағы жетістіктер мен орын алған кемшіліктерді егжей-тегжейлі талдау, ішкі және сыртқы аудиттер қорытындысы және 2014 ж. жүзеге асырылған бағдарламалар мен бастамалар негізінде дайындалды.

2014 ж. Жоспары секілді 2015 ж-ға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсартуға арналған ҚПО жоспары күнделікті жұмыстардың аясынан шығатын әрекеттерді белгілеп, жұмысқа тарту қажет директораттары,

олардың өзіндік шаралары мен Компания жүзеге асыратын жобаларға қосатын үлесін дәл анықтайды. ҚПО-дағы шаралар ұзақ мерзімді болғандықтан, Жоспардың негізгі құрылымы айтарлықтай өзгерген жоқ және келесі элементтерді қамтиды:

- I. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік;
- II. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық пен бақылау;
- III. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдардың жұмысын басқару;
- IV. Технологиялық қауіпсіздік пен қауіптерді басқару;
- V. Еңбек пен денсаулықты қорғау;
- VI. Қоршаған ортаны қорғау;
- VII. Жол қауіпсіздігі;
- VIII. Жобалардағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін басқару.

2015 ж. Жоспарына ҚПО-дағы еңбек қауіпсіздігін жетілдіру жөніндегі бастамалардың мәнін арттыру мақсатында жол қауіпсіздігі мен жобалардағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін басқару элементтері енгізілді.

2014 жылдағыдай, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту жоспарының шаралары бақыланып, ҚПО-ның жоғары басшылығы мен оператор-компанияларға ай сайын баяндалып тұрады.

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР

Қауіпсіздік мәдениетін одан ары арттыру және ақпаратты тиімді басқару мақсатында әкімшілік ғимараттар мен кен орындарының асханаларында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ негізгі көрсеткіштері туралы ақпарат көрсететін дисплейлер, ал өндірістік учаскелерде ақпараттық тақталар орнатылды. Бұл компания жұмысшыларының хабардарлығын және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерінің жалпы жетістігіне ат салысуын арттыруға көмектеседі. Ғимараттарға барлығы 16 дисплей, ал өндірістік учаскелердің кіреберістеріне 10 сыртқы ақпараттық тақта орнатылды.

Кеңсе қызметкерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы бойынша хабардарлығын арттыру үшін, қыс мезгіліндегі қауіпсіздік, кеңседегі техникалық қауіпсіздік, жол қауіпсіздігі және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларының бағдарламасы бойынша тоқсан сайынғы науқандар дайындалып, өткізілді. 2014 ж. ішінде компанияның барлық жұмысшылары үшін көрсетілімдер өткізіліп, ақпараттар ҚТ жөніндегі тұрақты жиналыстарда талқыға салынды.

ҚПО-да мәселелерді, проблемаларды, сондай-ақ оқиғаларды тергеу нәтижесінде алынған сабақтарды талқылау үшін, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жиналыстар әртүрлі деңгейде тұрақты өткізіліп тұрады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері талқыланатын отырыстар мен жиналыстарға мердігерлік ұйымдар да қатысады. 2014 ж. штат қызметкерлерінің жартысынан көбі (56%) ЕҚ және ҚТ мәселелері жөніндегі басшылармен ресми кездесулерге қатысты.

Мердігерлік ұйымдарды ашық өзара әрекеттестік процесіне тарту мақсатында коммуникация, тәжірибе мен алынған сабақтарды алмасу процестерін жақсартуға бағытталған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша форумдар өткізіліп тұрады. 2014 ж. желілік басшылардың жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі мен олардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы құзыреттілігі туралы хабардарлықты арттыру мақсатында мердігерлік ұйымдармен екі форум өткізілді. Мердігерлік ұйымдардың жетекшілері ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жеке ұстанымдары туралы құжатқа қол қойып,

2015 ж. ортасына дейін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша басшылардың құзіреттілігін бағалау жұмыстарын өткізуге міндетті.

ҚПО басшылығы жүргізетін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тұрақты тексерулері басшылықты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері толғандыратындығын көрсете отырып, жұмыс орындарындағы қызметкерлермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік ашып, қауіпсіз жұмыс істеуге ынталандырады. 2014 ж. жасалған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер саны қойылған мақсаттан асып түсті: жоспарланған 350 тексерудің орнына 423 тексеру жүргізілді. Бұл жетістік 2014 ж. «KPO in Safety» бағдарламасы секілді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылықты арттыруға және 2012 ж. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тиімді көшбасшылыққа оқытуға және т.б. бағытталған шаралардың бүтіндей кешенінің нәтижесі болды.


ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БОЙЫНША КАРТОЧКАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасы ҚПО-да жақсы жолға қойылған. 2014 ж. қортындысы бойынша 12 743 (оның ішінде 739-ы электрондық нұсқада берілді) карточка толтырылып, өңделді. Бақылау қортындысы бойынша 6 719 түзету жұмыстары тіркеліп, оның 6 482-сі орындалған. Олардың 6 000-нан астамын аталған бағдарламаға белсенді қатысып жүрген ҚПО-ның 36 мердігерлік ұйымы енгізген.

2014 ж. алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда ұсынылған карточкалар санының өсімі байқалады. 5-сызбада 2012-2014 жылдардағы төрт бақылау түрі бойынша сараптама көрсетілген.

Аталған бағдарламаның толығырақ сипаттамасы 2013 ж. ҚПО-ның тұрақты дамуы туралы есептің 38-39 беттерінде, 2012 ж. есептің 34-бетінде көрсетілген.

5-Сызба. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалар бағдарламасы бойынша бақылау сараптамасы



Бағдарламаға белсенді қатысқаны үшін марапаттау аясында ҚПО мен мердігер ұйымдардың 400-ден астам қызметкеріне сыйлықтар берілді. 40-қа тарта жұмысшы тоқсандық қорытынды нәтижесі бойынша ең үздік бақылау үшін ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

2014 ж. нәтижесі бойынша ҚПО-да қызмет ететін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалар бағдарламасының 12 комитетінің ең үздігі ГҚДҚ-3 комитеті атанды. ҚПО-ның үш қызметкері сапалы бақылағаны, сонымен қатар ҚТ және қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелеріне шынайы берілгіндігі үшін «Биджи Групп» негізгі компаниясынан «Алтын каска» сыйын алды. Номинаттардың бірі, «Қазтрансойл» компаниясының БӨҚЖА инженері Василий Козлов мұнайдың төгілу қаупін жою және құбырларды үрлеуге кететін уақытты қысқарту мақсатында «Атырау Терминал» МАС импульстік желілеріне қосымша шарлы крандар орнатуды ұсынғаны үшін марапатталды, оның ұсынысын нысан басшысы жүзеге асырды.

Қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және бағдарламаны жетілдіру мақсатында жыл бойы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалар бағдарламасын ЕҚ және ҚТ бөлімдері де, басшылық та белсенді алға жылжытып отырды. Нысандардағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалар бағдарламаласы жөніндегі комитеттер қарастыру, түзету шараларын қабылдау және бақылауларды талдау процестері бойынша жұмыстар өткізді.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалар бағдарламаласының тиімділігін бағалау мақсатында 2014 ж. басында ҚПО мен мердігер ұйымдар қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнамаға 1 395 адам қатысып, жауап берушілердің 90%-ы бағдарламаның ҚПО-дағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге оң әсерін тигізетінін айтты. Сондай ақ, сауалнама жақсартуды қажет ететін тұстарды, мысалы оқыту материалдарын, кері байланыс жүйесінің және компания басшылығының осы бағдарламаға ұстамдылығының қажеттігін анықтауға мүмкіндік берді.

Жыл бойы оқыту материалдары жаңартылып, 200-ден астам жаңа бақылаушылар оқытылды. Кеңсе қызметкерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы білімдерін арттыру мақсатында 1 117 кеңсе қызметкеріне 50 оқыту сессиясы жүзеге асырылды. Сонымен бірге комитет мүшелері мен карточка тіркеушілеріне Synergі деректер базасымен жұмыс істеу бойынша оқыту жүргізілді.

Жоғарыда берілген марапаттаулар туралы № 1 мысал ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жоғары көрсеткіштер үшін мадақтау бағдарламасының маңыздылығы мен тиімділігін көрсетеді.

1 мысал: ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында Жоғары көрсеткіштері үшін мадақтау бағдарламасы

Мақсаты

Компания қызметкерлері мен мердігер ұйымдарының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы нәтижелі бақылаулары мен инновациялық идеялары үшін тиімділікті басшылықты мойындау.

Әдісі

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жоғары көрсеткіштері үшін мадақтау бағдарламасы 2007 жылдан бері жемісті қызмет етіп келе жатыр. КПО компаниясы компанияның өркендеуі үшін, таза мәдени әдепті сақтау үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында, сонымен бірге өндірістік қызметке өте маңызды болып табылатын барлық салаларда, әр жұмысшыны ынталандырады және оның жұмысқа деген ықыласын оятады. Осындай ынталандырудың құралдарының бірі, бұл жұмысшылардың еңбегін мойындау және оны мадақтау, компания жұмысшыларының, мердігер ұйымдардың арасында корпоративтік конкурстар өткізу. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында көзге түскен жұмысшы марапатталады да, ол жөнінде компания ішінде және оның сыртында жарияланады. Марапат алуға таңдалынған номинаттарды таңдау барысында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы олардың мінез-құлықтық жауапкершілігі моделі, сонымен бірге әр бақылау өзіне тиісті критерийлері арқылы анықталады.

Нәтиже

Соңғы 2013-2014 жылдарда, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында бақылаулар мен ұсыныстар саны көбейіп келе жатыр, ал әр түрлі конкурстарға қатысу жөніндегі өтініштер саны 12-ден 48-ге дейін өзгеріп отырады. Бағдарламаның тиімділігін компанияда өткізілген ішкі және сыртқы аудитте дәлелдеп бере алады. Арттағы өткен жылдармен салыстырғанда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында көрсеткіштердің жақсарғаны, сонымен бірге компания қызметкерлерінің білігірлігінің жоғарылағаны байқалады. Есептерде, КПО компаниясында ақпарат алмасу процесі өте жақсы орындалатыны, соның ішінде экологиялық білім мен ҚТ бағдарламаларының бар екені, және қызметкерлерді ынталандыру мен марапаттау жөнінде ақпараттар бар екені туралы айтылады. Марапаттау бағдарламасына ұйымның барлық деңгейіндегі персонал қатыстырылады.

АПАТТЫҚ БАСҚАРУ

ҚПО ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді салдары бар ықтималды төтенше жағдайлар (ТЖ) кезінде шұғыл әрекет етуге арналған компания ресурстарының дайындығымен, сонымен бірге шұғыл шаралар жоспарын тиімді дайындап, ендіру мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Төтенше жағдай көлеміне қарай компанияда апатты жоюдың үш деңгейлі жүйесі қолданылады, ондағы әр деңгей шұғыл әрекет ету, жауапкершілік және қолдау көрсетудің тиісті деңгейін білдіреді.



I деңгей: оқиға салдары учаскеде немесе нысанда жеке ресурстар арқылы жойылады.

II деңгей: төтенше жағдайдың әсері нысан шегінен аспайды, дегенмен оқиға салдарының компания шегінен тыс таралуы мүмкін, бұл ведомстволық төтенше жағдай қызметтерін немесе басқа да ұйымдардың ресурстарын жұмылдыруды қажет етеді.

III деңгей: оқиға салдарларын жою үшін, қосымша ресурстар мен қолдауды жұмылдыру мақсатында кризисті жағдайларды басқару тобын белсендіруді қажет ететін жағдай. Немесе компания абыройына зиян келтіруі мүмкін, осындай таралу қаупі бар оқиға.

2014 ж. Қарашығанақ кен орнындағы ықтимал төтенше жағдайларды шұғыл басқаруды жетілдіру мақсатында II деңгейлі апаттық басқару топтарының және III деңгейлі кризистік жағдайларды басқару топтарының мүшелеріне бірнеше арнайы курс өткізілді, сонымен бірге корпоративтік байланыстарға жауап беретін қызметкерлерге кризистік коммуникациялар оқытылды.

2014 жылға арналған II және III деңгейлі апаттық шұғыл әрекет ету бойынша жаттығулар мен оқытулар өткізу жоспары аясында бірқатар тақырыптық талқылаулар мен оқу-жаттығу сабақтары өткізілді:

- ҚПО апаттық шұғыл әрекет ету ұйымының және оператор компаниялардың кризистік жағдайларды басқару топтарының барлық деңгейінде «ИНДИГО кешенді оқытуы;
- «ЮПИТЕР» II және III деңгейіндегі кешенді штабтық оқыту;
- Мұнайдың төгілуін жою бойынша I мен II деңгейлі кешенді штабтық оқыту;
- Кен орнындағы және Ақсай қаласындағы апаттық жағдайларды басқару топтарымен әр түрлі сценарийлерді талқылауға арналған апта сайынғы тақырыптық талқылаулар мен оқу-жаттықтыру сабақтары.

ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫН БАСҚАРУ

9-Кесте. Өндіріс тұтастығы саласындағы міндеттеріміз


2014 ж. Біздің міндеттер	Міндеттердің орындалу күйі	2014 ж. Міндеттерін жүзеге асыруға қолданылған әрекеттер	2015 ж. Міндеттер
Алғашқы қорғаныс тұтастығының бұзылу жағдайларын алдағы уақытта қысқарту үшін, қауіп факторларын ескере отырып, тексеру бағдарламасымен жұмысты жалғастыру	Жоқ	Кен өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімін тексеру және техникалық қызмет көрсету бағдарламасы аясында тексерулер жалғасуда. Алғашқы қорғаныс тұтастығының бұзылу жағдайларының саны тиімділіктің негізгі көрсеткіштерімен бекітілген шектен асқан жоқ.	Алғашқы қорғаныс тұтастығының бұзылу жағдайларын ары қарай қысқарту үшін, қауіп факторларын ескере отырып, тексеру бағдарламасымен жұмысты жалғастыру
Қауіпсіздіктің негізгі элементтері мен техникалық сипаттардың стандарттарын тәуелсіз тексерудің алдын ала кезеңін өткізу	Иә	Алдын ала тәуелсіз куәландыруды халықаралық белгілі ұйым өткізді.	ГҚДҚГ-3 нысанының статусын растау үшін, тәуелсіз куәландыру өткізу
Өндіріс тұтастығын басқару жүйесін дайындау	Иә	Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі дайындалды.	Өндіріс тұтастығын басқару жөніндегі комитеттердің тоқсан сайынғы отырыстарын ұйымдастыру
	Жаңа тапсырма		Кедергілер үлгісін, нысандарға төнетін өндірістік қауіптерге бағалауды, сондай-ақ тиісті олардың Тұтастығын басқаруды жақсарту бойынша жоспарды енгізу

Күрделі және капиталды қажет ететін Қарашығанақ кен орны сияқты нысандардың функционалдық, механикалық және оперативтік бүтіндігін белсенді және сенімді басқару ҚПО-ның ұзақ мерзімді өндірістік қызметін қамтамасыз етуге негіз болады.

ҚПО-ның өндірістік активтері жобаны пайдалану циклінің екінші кезеңіне өтуіне байланысты нысанның бүтіндігін басқару қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесінде маңызды орынға ие болуда. Осы екінші кезеңге өтудің маңыздылығын ескере отырып, ҚПО-ның жоғарғы буынының басшылары бүкіл ұйым аясында Нысандардың бүтіндігі мен технологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі қағидаттарын ендіру бағдарламасын дайындады.

Нысандардың бүтіндігі ірі апаттардың пайда болу қаупін басқарумен, сонымен бірге кәсіпорынның өзіне тиесілі өндірістік міндеттерінің тиімді орындалуын қамтамасыз етуімен байланысты. Компанияда қолданылатын концепцияға сәйкес, нысандардың бүтіндігіне қол жеткізу тиісті қорғаныс тосқауылдарын құрып, активтердің бүкіл қызмет ету мерзімінде олардың үздіксіз жарамдылығына бақылау жүргізуді талап етеді. Ірі апаттың бір немесе бірнеше физикалық тосқауылдың (яғни, қондырғының) істен шығуынан, әсіресе күрделі сценарийлерде пайда болатынын естен шығармаған дұрыс. Нысандардың бүтіндігін қамтамасыз ететін қорғаныс тосқауылдарының концепциясы төменде берілген.

3-Сурет. Нысандардың бүтіндігін қамтамасыз ететін тосқауыл моделі



Ірі апаттардан алынған халықаралық тәжірибе физикалық тосқауылдардың болуы өздігінен ірі апаттардың алдын алуға жеткіліксіз екенін растайды. Физикалық тосқауылдың тиімділігі көптеген негізгі виртуалды тосқауылдарға тәуелді болады, оның ішінде жұмыстардың (яғни,

процестердің) орындалуын тиімді ұйымдастыру, сонымен қатар жеке қызметкерлер мен ұжымның (яғни персоналдың) біліктілігі бар. Тосқауылдың бастапқы және үздіксіз жарамдылығына қол жеткізу үшін, барлық тосқауылдардың, яғни құрылғының, процестердің және персоналдың бүтіндей тиімділігі нысанның жарамдылық мерзімінің әр кезеңінде қажет.

2014 ж. ҚПО нысандардың бүтіндігін ең үздік деген халықаралық тәжірибеге сәйкес басқару үшін, тосқауылдардың осы моделін ендіре бастады. Модель Нысандардың бүтіндігін басқарудың негізгі принциптері туралы ережеде сипатталған, оның міндеттері мынадай:

- бизнес қауіптерін басқару процесінің ажырамас бөлігі ретінде қауіпсіз және тұрақты эксплуатациялық қызметтің көмегімен ҚПО стратегиясын ойдағыдай жүзеге асырудың құрылымдық әдіс-тәсілдерін белгілеу;
- адамдар, қоршаған орта, компания меншігі мен абыройы үшін ірі апаттардың орын алу қаупін және олардың салдарларын азайту.


Бұл өндірістік нысандардың бүтіндігін басқаруға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады, олар мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- нысандардың бүтіндігі тосқауылдарының күйіне талдау жасау;
- нысандар қауіпсіздігінің негізгі компоненттерін басқару әдістері, сонымен бірге техникалық күәландыру және олардың эксплуатациялық сипаттарын (орындау стандарттарын) тексеру;
- эксплуатациялық қауіп-қатерлерге баға беру әдістері;
- өзгертулерді басқару жүйесі.

Осы процестердің көпшілігі компанияда бірнеше жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқандығына қарамастан, осы нысандардың тұтастығын басқару әдісінің басымдығы оның ең күрделі мәселелерге бағытталатындығында. Ережеде келтірілген тұжырымдамалар корпоративтік мәдениеттің өзгеруімен байланысты. Осыған байланысты нысандардың бүтіндігін қамтамасыз ету бөлімінің жұмысы жүйелік процестерді енгізумен қатар, осы процестерді ҚПО-ның барлық бөлімшелеріне түсіндіруге бағытталады.

Тосқауылдар моделін қолдануды ірі апаттар пайда болуының қауіпті факторларының бірі ретінде күкіртті сутекті мысалға алып көрсетуге болады. 4 суретте берілген иллюстрация осыны көрсету мақсатында берілген және күкіртті сутектің әсерінен болатын қауіпті қадағалау шараларның толық мәліметі болып табылмайды.

4-Сурет. Апаттың пайда болуының қауіпті факторы ретінде күкіртті сутекке қойылатын тосқауылдар моделі



2014 ж. өндіріс бүтіндігі тосқауылдарын жақсартуға бағытталған негізгі жұмыстар:

1. Ірі апаттардың пайда болу қаупінен қорғайтын физикалық тосқауылдар ретінде қауіпсіздіктің негізгі компоненттерін басқару.

Қауіпсіздіктің негізгі элементтеріне технологиялық қондырғылардың кез келген компоненттері, оның ішінде бұзылған жағдайда ірі апаттардың пайда болуына әкелуі мүмкін бағдарламалық жасақтама кіреді. Қауіпсіздіктің негізгі элементтерінің мақсаты ірі апаттарға жол бермеу немесе олардың салдарын азайту болып табылады. 2014 ж. ҚПО-да қауіпсіздіктің негізгі элементтерін басқарудың қолданыстағы жүйесінде бар кемшіліктерге, оның ішінде осы элементтерді идентификациялау, техникалық сипаттар стандарттарын дайындау және оларды сынақтан өткізудің мерзімділігін анықтау әдістеріне талдау жүргізілді. Алдын ала тәуелсіз тексеру жұмысына аккредитациядан өткен компания шақырылды. Жақсарту бойынша ұсыныстарды жүзеге асыру жұмыстары 2015 ж. жалғастырылады.

2. Қолданыстағы өндірістік қуаттарды модификациялау үшін, электрондық өзгерістерді басқару жүйесін (ӨБЖ) жасау және енгізу. 2013 ж. басталған ӨБЖ жасау жұмысы 2014 ж. аяқталды.

Мәліметтерді өңдеу процесін жеңілдету және өзгерістерді сәйкестендіру процесін

тиімдірек әдіспен қамтамасыз ету мақсатында 2015 ж-дың қаңтар айында жаңа электрондық ӨБЖ қолданысқа енгізілді.

3. Технологиялық қауіпсіздікті және нысандардың бүтіндігін қамтамасыз ету (ТҚНБ) стандартының талаптарын ары қарай орындау.

Өткен жылдардағы жетістіктер мен келешектегі міндеттер арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету үшін, компания бұрыннан бар ТҚНБ қамтамасыз ету стандартын Нысандар бүтіндігін басқарудың негізгі принциптері туралы ережеге қосуға шешім қабылдады. Осы мақсатта ТҚНБ жөніндегі стандарт талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету жоспарын орындау жалғастырылды. 2014 ж. аяғындағы жағдай бойынша шаралардың 60%-ы жүзеге асырылды. Осы жоспарды орындау бойынша жұмыстар 2015 ж, жалғасатын болады.

4. 3-суретте көрсетілген өндіріс бүтіндігінің тосқауыл моделін енгізу нысандар бүтіндігін басқарудың негізгі принциптері туралы ереже аясындағы негізгі процесс болып табылады.

ҚПО Қарашығанақ кен орнындағы әр өндірістік нысан үшін индикаторлар тақтасы сияқты оңайландырылған тосқауыл моделін енгізуді бастады. Бұл жоғары басшылықтың назарына технологиялық қауіпсіздік пен нысандардың бүтіндігі саласындағы сүбелі мәселелерді айқындап беруге және компания белгілеген негізгі қорғаныс тосқауылдаын ірі апаттардың пайда болу қаупінен тиімді қорғау мақсатында қауіп-қатерді азайту шаралары үшін бірінші дәрежелі маңыздылық беруге мүмкіндік береді. Жұмыс 2015 ж. жалғасады.

Бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін, жоғарыда сипатталған бастамалар одан ары жетілдіру және ауқымды аудитория тарту арқылы 2015 ж. жалғасын табады. Нысандардың бүтіндігін қамтамасыз ету бөлімі бөлімшелер мен компания жобаларының қызметіне функционалдық демеу көрсетуге, сондай-ақ активтердің қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге асыруға екпін беріп, жұмысын жалғастырады.

ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ, АКТИВТЕРДІҢ 2014 ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТҰТАСТЫҒЫ

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мұнай-газ саласында еңбек ететін персонал денсаулығы мәселелерін басқару алғашқы, екінші және жедел медициналық көмекке қол жеткізуді қамтамасыз ететін жүйенің болуын қажет етеді. Сонымен қатар денсаулық сақтау жүйесі аясында сақтануға және күтім көрсету сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі әдіске негізделген еңбекті қорғау саласындағы сараптама болуы шарт.

10-Кесте. Еңбекті қорғау, денсаулық сақтау және медицинамен қамтамасыз ету саласындағы біздің міндеттер

2014 ж. біздің міндеттер	Міндеттердің орындалу күйі	2014 ж, міндеттерін жүзеге асыруға қолданылған міндеттер	2015 ж. міндеттер
«Жүрек саулығы» бағдарламасын енгізу; кардиоаурулардың жоғары қаупі бар қызметкерлер денсаулығының бақылау, профилактикалық шаралар өткізу	Иә	Қауіп-қатер тобындағы жұмысшылар үшін денсаулықты жақсартуға арналған жеке жоспарлар жасалынды. Жыл ішінде салауатты өмір салтын насихаттау және семіздіктің алдын алу жөніндегі науқан жүргізіліп, плакаттар, парақшалар, көрсетілімдер, бюллетеньдер қолданылды. Ален Каррдың әдісі бойынша темекіден бас тарту науқаны ұйымдастырылды. Оның қортындысы бойынша қатушылардың 38 %-ы темекіден бас тартты. 2 жыл бойы жинақталған деректердің сараптама компания жұмысшылары арасында холестирин деңгейінің төмендегенін көрсетті.	<ul style="list-style-type: none"> • “Жүрек саулығы” бағдарламасын орындауды жалғастыру; • Қауіп-қатер тобындағы қызметкерлердің денсаулық жағдайын жақсарту бойынша жеке жоспарларды қайта қарап, түзетулер енгізу; • Гипертонияға, физикалық белсенділік пен медициналық скринингті басты назарда ұстап, салауатты өмір салтын насихаттау науқанын өткізу; • Ален Карр тәсілі бойынша темекіден бас тарту бағдарламасын жалғастыру.

ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ, АКТИВТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТҰТАСТЫҒЫ

2014

<p>Жұмысшылардың келесі 30%-ын тыныс алу ауруларын тексеруден (ЖТАТ) өткізу; түзету жұмыстарының орындалуын бақылау.</p>	<p>Иә</p>	<p>Жоспар 100%-ға орындалды. Түзету жұмыстарының қорытындысы «Synergi» жүйесінде тексерілді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • 2010 ж. өткен ЖТАТ-ны қайта өткізу; • Кен орнының басты позицияларында еңбек ететін жұмысшыларды қосымша ЖТАТ-дан өткізу; • Жоғары және орташа қауіп факторы бар жұмыстар үшін ЖТАТ өткізу.
<p>Бақылаушы органдармен келісілген 2014 ж. Жұмыс орындарын санитарлық-гигиеналық мониторингтен өткізу бағдарламасын орындау.</p>	<p>Иә</p>	<p>Санитарлық талаптарға сәйкестігін мониторингтен өткізу бақылаушы органдармен келісілген бағдарламаға сәйкес аяқталды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • 2015 ж. санитарлық талаптарға сәйкестік мониторингін жалғастыру; жұмыс көлемін кеңейтіп, тағы қауіпті факторларды (қауіпті химиялық заттарды) қосу; • Санитарлық зертхананы модернизациялау үшін, жаңа қондырғылар сатып алу.

ҚПО-ның денсаулық бөлімі ҚПО қызметкерлері мен оның жанұя мүшелеріне сенімді және білікті қызмет көрсетуді жалғастыруда. Оның негізгі міндеттерінің ішінде:

- 24/7 жедел медициналық көмек. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық куәландыру;
- Жұмыс орнындағы алғашқы медициналық көмек;
- Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді басқару;
- Жұмыс орындарын санитарлық-гигиеналық мониторингтен өткізу;
- Ауыз су сапасы мен азық түлік өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау;
- Денсаулық жағдайына байланысты кәсіби жарамдылықты бағалау;
- Медициналық сақтандыру;
- Қоғамдық денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау мәселелері жөнінде өзара әрекеттестік бар.

24/7 жедел медициналық жәрдем

ҚПО компаниясының медициналық қызмет көрсету командасы компания қызметкерлеріне орында алғашқы медициналық көмек көрсетуден медициналық эвакуация мен репатриацияға дейінгі жедел медициналық көмек көрсетеді. Команда иелігінде бүкіл жыл ішінде тәулік бойы жұмыс істейтін бес толығымен жабдықталған клиника бар. Клиникаларда қарапайым және жол талғамайтын жедел жәрдем машиналары –реанимобильдер бар.

2014 ж. медициналық персонал «Госпитальға дейін жүрек жұмысына қолдау көрсету қарқынды терапиясы» халықаралық квалификациясы бойынша оқудан өтті. Төтенше жағдайларға дайындық жүйелі жаттығулар мен оқулар арқылы орындалады.

Медициналық қамтамасыз ету секторы Орал қ, мен Орынбор қ-дағы (№4 «Күйік орталығы» қалалық ауруханасы) бірнеше ауруханамен келісімшарттық қатынас жасайды. 2014 ж. Денсаулық бөлімінің басшылығы Орынбор қаласы арқылы медициналық репатриация ұйымдастыру кезінде, пациенттерді – компания жұмысшыларын уақытша ауруханаға жатқызу мүмкіндік талқылау үшін, Орынбор қаласында екі ірі аурухананың басшылығымен кездесулер жүргізді.

Компания автокөліктерінің Орал, Атырау, Ақтөбе, Орынбор және Самара бағыттарындағы автожолдармен қарқынды қозғалыстарын ескере отырып, Медицианлық қызмет көрету секторы осы автожолдарды мемлекеттік медициналық қызметпен қамтамасыз етуге талдау жасауды бастады. 2014 ж. бұл Орал, Орынбор және Самара бағытындағы автожолдар жанында орналасқан барлық емдеу мекемелеріне бару арқылы орындалды. Осы сапарлар нәтижесі бойынша жол бойындағы емдеу мекемелерінің барлық деректері, әсіресе олардың медициналық құрылғылармен жабдықталуы, сыйымдылығы, жатын орындарының саны, шұғыл медициналық көмек көрсету жағдайында тар профильді медицина мамандарының болуы көрсетілген егжей-тегжейлі есеп дайындалды. Шұғыл медициналық көмек қажет жағдайда осы деректердің негізінде шұғыл жағдайға байланысты процесті үйлестіріп, науқасты немесе науқастарды осы емдеу мекемелерінің біріне жіберуге болады. Атырау және Ақтөбе бағыттарына сараптама жасау 2015 ж-ға жоспарланған.

Медицианлық көмек көрсету бөлімі 54 км-ге созылған Ақсай қ. – Ілек с. бөлігіне де жедел көмек көрсетеді.

Ауысым алдындағы және ауысым соңындағы медициналық күәландыру

Заңнама талабы бойынша кейбір мамандық жұмысшылары ауысым алдында және ауысым соңында медициналық тексеруден өтулері керек.


Ауысым алдындағы медициналық тексеруден өтетін мамандық иелері – мұнай өндіру, дайындау және қайта айдау операторлары, 220 В және одан жоғары қондырғыларда жұмыс істейтін электриктер. Медициналық қызмет көрсетудің осы түрін Денсаулық сақтау бөлімінің Медициналық қызмет көрсету секторының қызметкерлері атқарады.

ҚПО компаниясында жұмыс істейтін барлық көлік жүргізушілері сапар алдында және сапар соңында медициналық тексеруден өтеді. Сапар алдындағы және сапар соңындағы медициналық тексерулерді Медициналық қызмет көрсету секторлары мен мердігер медициналық мекемелердің қызметкерлері жүзеге асырады.

Жұмыс орнында алғашқы медициналық көмек

ҚПО компаниясының қызметкерлерге күнделікті медициналық қызмет көрсететін Ақсайдағы медициналық клиникалары ауруларға диагностика қою мен оны емдеудің алғашқы буыны болып табылады. ҚПО қызметкерлеріне соңғы диагностика қойып, емдеу үшін, медициналық сақтандыру арқылы медициналық мекемелер тартылады. Денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлердің денсаулығына байланысты жұмыста болмауын қадағалап, сараптама жүргізіп отырады. Медициналық құжаттама құпиялылық принципін сақтай отырып, дәрігерлік этика ережелерімен толық сәйкестікте жүргізіледі.

6 Сызба. Жұмыс орнында болмау көрсеткіші (ҚПО)



ҚПО-да жоғарыда көрсетілген жұмыс орнында болмау көрсеткішін есептеу үшін, келесі әдіс қолданылады:

- Жұмыс орнында болмау көрсеткіші = жұмыс орнында болмауына (ауруға байланысты) байланысты жоғалтылған нақты күндер саны x 100 /жұмысшылардың жалпы саны. Жұмысшылардың басқа себептермен жұмыста болмаған күндері туралы деректер жоқ.
- ҚПО-да бақылаушы органдардың талаптарына сәйкес, жұмыс орнында болмауды қызметкерлер саны бойынша (адам-сағатпен емес) есептеу әдістемесі қабылданған.

ҚПО қызметкерлерінің ауруға шалдығу жағдайы тұрақты. 2014 ж. алдыңғы өткен жылға қарағанда еңбекке жарамсыздық жағдайларының санының аз ған төмендегені байқалды.

Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді басқару

Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерге баға беру желілі басшылықтың негізгі міндеті болып табылады. ҚПО компаниясында денсаулыққа төнетін қауіп-қатерге баға берудің топтық әдісі қолданылады. Бұл процесті желілік басшылықтың ҚТ бөлімінің және денсаулық сақтау тобының өкілдерінен тұратын жұмыс топтары атқарады.

Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерге баға беру нәтижелері қызметкерлерге жеткізіледі, сонымен бірге қауіп-қатерді азайту бойынша әрекет жоспарлары жасалынады. Әрекетті жабу Synergi дерекқорынан қадағаланып отырады.

Ең қауіпті факторлар – жарылыс және өрт қаупі, күкіртті сутекпен ұлану, жоғары және төмен температуралар, күйдіретін химиялық реагенттер, электрлік тоқтың соғуы, көлік, қозғалатын және айналатын механизмдер, тағамдық ұятты инфекциялар, жабайы аңдар - OHSAS 18001 стандартына сәйкес келетін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесін, сонымен бірге қондырғылардың бүтіндігіне қойылатын қатаң талаптарды орындауды және өнімдерді жинау мен тасымалдау жүйесін және оларға мерзімді түрде техникалық қызмет көрсетуді, персоналды оқытуды, операцияларды механизациялауды, өкімхат-рұқсат қағаз жүйесін қолдануды, қауіпті факторларға үнемі мониторинг жасауды, апаттық шұғыл әрекету жоспарларын, тексерулер мен аудиттерді, жеке қорғаныс құралдарын қолдануды және т.б. қамтитын тиімді қорғаныс механизмдерінің болуын бақылайды. Нәтижесінде осы факторлардың ҚПО жұмысшыларының денсаулығына тигізетін қаупі жойылды.

ҚПО-дағы денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндіруші факторға өндірістік шудың әсерін мысалға келтіруге болады. Осыған байланысты компанияда есту қабілетін қорғау бағдарламасы енгізілген.

№ 2 мысал: Есту қабілетін сақтау бағдарламасы

Мақсаты:

Өнеркәсіптік шудың жұмысшыларға әсерін азайту және кәсіби кереңдіктің дамуына жол бермеу.

Шешімі:

Шу деңгейі жоғары нысандарда сенімді қорғаныс механизмдері жасалған, оның ішінде:

- Шуды аз шығаратын құрылғылар таңдауға міндетті талап қоятын «Тыныштықты сатып ал» саясаты енгізілді;
- Шу шығаратын құрылғылардың тозған бөлшектері ауыстырылатын қондырғыларда құрылғыға жоспарлы-алдын-ала жөндеу жұмыстары өткізіледі;
- Шудың зияны жөніндегі мәселе барлық өндірістік нысандардағы ЕҚ және ТҚ нұсқаулықтарына енгізілген;
- Шу карталары барлық нысандарда жаңартылып, орнатылды;
- Шуы өте жоғары нысандарға ескерту белгілері қойылған;
- «Уақытпен қорғану» - шулы учаскелерде жұмысшылардың шектеулі уақыт болуы
- Жеке қорғаныс құралдарының таңдауы бар. Оларды шулы деп белгіленген нысандарда кию міндетті.
- Бағдарламаның барлық элементтері тұрақты аудиттер кезінде тексеруден өтеді.
- Тікелей басшылар мен төменгі деңгейдегі персоналдың хабардарлығы мен жауапкершілігі арттырылған.

Қорытынды:

2012 жылдан бері шудың кесірінен есту қабілетін жоғалту жағдайлары анықталмады.

Жұмыс орындары санитарлық-гигиеналық мониторинг жүргізу

Жұмыс орындарының нормативтік мониторингі – санитарлық-гигиеналық зертхананың, өндірістік гигиена жөніндегі ішкі қызметтің функцияларының бірі. Өлшеу нәтижелері өндірістік гигиена нормаларына сәйкессіздіктерді анықтап, түзетуші жұмыстарын жүргізу үшін қолданылады. ҚПО жұмыс орындарының санитарлық-гигиеналық мониторингі бойынша жоғарғы стандарттарға қол жеткізуге ұмыталатындықтан, санитарлық-гигиеналық зертхана мүмкіндіктерін үздіксіз жетілдіру Денсаулық сақтау бөлімінің басым міндеті болып қалады.

Санитарлық-гигиеналық мониторинг жұмыс аумағының ауасындағы зиянды заттардың құрамын өлшеуден және физикалық факторларды өлшеуден тұрады. 2014 ж. жұмыс аумағының ауасы 13 845 рет өлшеніп, барлық өлшеу нәтижелері нормативтерге сәйкессіздік көрсетпеді.

11-кестеде көрсетілген физикалық факторларды өлшеу нәтижелеріне сәйкес, 13 242 физикалық фактор өлшемінің 1260-ы нормативтерге қайшы келді.

11-Кесте. 2014 Жылғы физикалық факторларды өлшеу нәтижелері

Физикалық факторлар	Сынақ саны, барлығы	Оның ішінде шжд-ге сәйкес келмейтін сынақ саны*
Шу	430	98
Діріл	120	13
ЭМӨ*	3 768	51
ЭСӨ**	1 988	0
Жарық	2 424	770
Микроклимат	4 512	328
Барлығы:	13 242	1 260

Ескертулер:

* ШЖД – шектік жарамды деңгейлер

**ЭМӨ – электромагниттік өрістер

***ЭСӨ – электростатистикалық өрістер

Шектік жарамды деңгейлердің сәйкессіздіктері бойынша осы жыл ішінде орындалған түзету шаралары келесі факторларды қамтыды.

Электромагниттік өрістер:

Сервистік және электрлік қызмет көрсету қызметтерін жұмылдыру арқылы электромагниттік өрістердің жоғары деңгейлерінің себебін анықтау үшін, әр жұмыс орнына тексерулер жүргізілді, оның ішінде розеткалардың жерге тұйықталған тораптары, қосымша жалғау құралдары (ұзартқыштар, желілік фильтрі және т.б) және жалғанатын электр құралдары желілік шнур ашаларының арасында электр байланысының болуы және сапасы тексерілді. Тексеру нәтижесі бойынша анықталған кемшіліктер себептерін жою шаралары өткізіліп, түзету жұмыстарының тиімділігі құралмен бақыланды.

Жарық:

- Тиісті мамандарды шақырылып, қолданыстағы жарық беру қондырғыларының күйіне сараптама жасалды (қолданыстағы қондырғылардың тиімділігі зерттеу, жарық беру құралдарының орналасу сызбасына, қолданылатын көздердің түрі мен қуатына баға беру).
- Өткізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша инфрақұрылымды басқару бөліміне жұмыс орындарындағы жасанды жарықтандыру көрсеткіштерін жақсартуға нұсқаулар берілді.
- Тиісті қызметтер нысандарда жарықтандыру жүйелерін модернизациялайды: люминесценттік шамдарды тиімдірек жарық беретін көздерге (жарық диодты шамдарға) кезеңмен ауыстыру процесі басталды.
- Кейбір объектілерде пайдалану мерзімі аяқталған люминесценттік шамдарды ауыстыру жұмыстары жүргізілді (люминесценттік шамдардың жарық беруі пайдаланылған сағаттар санына пропорционалды азаяды).
- Жеткіліксіз жарықтандырылған жұмыс орындары қосымша жергілікті жарықтандыру көздерімен жабдықталды.
- Табиғи және жасанды жарық көздерінің орналасуын ескере отырып, жұмыс орындарын рационалды орналастыруға кеңес берілді.

Микроклимат:

- Ғимарат ішінде жылу жүйесін реттеу процесі жақсы жолға қойылған;
- Жұмысшылардың өндірістік учаскелерде болу уақыты реттелген;
- Персоналдың жылынып алуына арналған бөлмелер ұйымдастырылған;
- Суық мерзімдерде ЖҚҚ беріледі.
- Ғимарат іші күнделікті дымқыл тазартылып, желдетіліп тұрады.

Ауыз су сапасын және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау


Тамақтан ұлану мен су арқылы берілетін аурулардың таралуы денсаулыққа, өндіріске және компанияның абыройына айтарлықтай нұқсан келтіреді. Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі мен ауыз су сапасына мониторинг жүргізу бағдарламасы ҚПО-да 2014 ж. бойына жалғастырылды. Мердігер зертханасында 920-дан аса су сынамасы алынып, ауыз су сапасының нормативтік талаптарға сәйкестігі 99,7%-ды көрсетті. 2014 ж. денсаулық және гигиена бөлімінің командасы асханаларға 50-ден аса тексерулер жүргізіп, нұсқаулардың 75%-дан астамы орындалды. Тексерулер тамақтану қауіпсіздігі саласында айтарлық ереже бұзушылықтар таппады. Негізінен сәйкессіздіктер жарықтандыруға, микроклиматқа, қондырғылардың техникалық күйіне (тоңазытқыш камераларындағы, пісіру шкафтарындағы тығыздауыштардың ақаулары, тұтастығы бұзылған және бояуы кеткен стеллаждардың болуы және т.б.) қатысты болды. Оларды қалыпқа келтіру айтарлық қаржы мен уақытты талап етеді.

Денсаулық жағдайы бойынша кәсіби жарамдылықты бағалау

Денсаулық жағдайына байланысты кәсіби жарамдылықты сараптаудың мақсаты қайтадан алынған қызметкерлерді денсаулық жағдайына сәйкес, өзіне және қоршаған ортаға қауіпін ескеріп, бөлу болады. Мұндай бағалау алдағы медициналық байқаулар кезінде жұмысшылардың денсаулық жағдайын динамикалық бағалау үшін қолданылатын бастапқы деректердің көзі болып табылады. Соңғысы кәсіби аурулардың бастапқы сатысын анықтау үшін өте маңызды.

ҚПО-ның барлық жұмысшылары жұмысқа орналасқан кезде міндетті түрде медициналық тексеруден өтеді. Жыл сайынғы мерзімдік медициналық тексеру кен орнында жұмыс істейтін 1 900-ға жуық адамды қамтиды. Жыл сайынғы міндетті медициналық тексеруден өтуі міндетті емес кеңсе қызметкерлері үшін медициналық скрининг ұсынылады. Скринингтің мақсаты персоналдың денсаулық жағдайын анықтап, әртүрлі патологиялардың даму қаупін топтастыру болып табылады. Медициналық скринингтен өту мерзімі – үш жылда 1 рет. Қызметкерлерге ыңғайлы болуы үшін, скрининг жыл сайын өткізіледі. 2013-2014 жж. аталған скринингтен персоналдың 70%-нан астамы өтті.

7-Сызба. Кәсіби аурулар жиілігі: ҚПО мен мердігерлік ұйымдар



ҚПО-да жоғарыда көрсетілген кәсіби аурулар жиілігінің көрсеткішін есептеу үшін келесі әдіс қолданылады:

- кәсіптік аурулар жиілігі (жұмыс істелген бір миллион адам-сағатқа) = кәсіптік аурулар саны x 1 000 000 / адам-сағат.

12-Кесте. Кәсіптік аурулар жиілігі: ҚПО-НЫ мердігерлік ұйымдармен салыстырғанда

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Кәсіби аурулар жиілігі (ҚПО)	0,00	2,46	0,14	0,28	0,00	0,00
Кәсіби аурулар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

Салауатты өмір салтын насихаттау және қоғамдық денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзара әрекеттестік

Арудың алдын алу компаниямыздың корпоративтік-әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды бөлігі болып табылады. ҚПО салауатты өмір салтын белсенді насихаттауды, денсаулық мәселелері мен вакциналау, медициналық тексеру, физикалық жаттығу, дұрыс тамақтану, маскүнемдікпен және нашақорлықпен күрес және т.б. секілді профилактикалық шаралардың маңызы туралы хабардарлық деңгейін арттыруды белсенді ұстанады. Төменде ҚПО-ның 2013 ж. енгізген «Жүрек саулығы» бағдарламасының тәжірибелік мысалы берілген.

№ 3 мысал: «Жүрек саулығы» бағдарламасы

Мақсаты:

Компания қызметкерлері арасында артериялық гипертония, миокард инфаркті, ми инсульті, созылмалы жүрек жетіспеушілігі секілді жүрек-қан тамыр ауруларының пайда болу және асқыну қаупін азайту.

Шешімі:

Кардиоқауіпті есептеу көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ әдістемесі анықталды. Деректерді жинақтау және талдау және қауіпті бағалау жұмыстарды жүргізілді. Алдағы 10 жыл ішінде кен орны жұмысшыларының 40 жастан асқан жұмысшылары арасында жүрек-қан тамыр ауруларымен ауру қаупінің есебі қауіптің жоғары тобындағы 716 адамды анықтады, оның 226-сы кеңес алды.

Қолданылған алдын алу және емдеу шаралары: қызметкерлерге кеңес беру және жеке сауықтыру жоспарларын жасау, тақырыптық презентациялар, брошюралар, постерлер және басқа да баспа өнімдерін шығару, темекі шегушілерге арналған «Темекі тастаудың жеңіл тәсілі» курстары.

Қорытынды:

2012-2014 жж. ішіндегі қызметкерлерді тексеру нәтижелерінің сраптамасы қауіп шарттары көрсеткіштерінің төмендегенін көрсетті.

2014 ж. темекі шегушілерге арналған курсқа 44 адам қатысып, оның 19-ы темекісін тастады. Бұл 43%-ды құрайды.

Өскелең ұрпақтың ерекше әлсіздігін мойындай отырып, ҚПО Денсаулық сақтау бөлімінің қызметкерлері Ақсай қ. жалпы білімі беретін мектептерінде әр түрлі денсаулық сақтау тақырыптарында көрсетілімдер өткізеді. 2014 ж. екі мектептен 200-ден астам оқушы презентацияларға қатысты.

Сонымен қатар ҚПО-ның жедел жәрдем машиналары Ақсай қ. аудандық ауруханасының өтініші бойынша ауыр науқасты пациенттерді Орал қаласының клиникаларына тасымалдауға берілді. Сонымен қоса олар оқушыларды Березовка селосынан Ақсай қ. ауруханасына және «Ақжайық» санаторийіне жеткізуге жәрдемдесті.

Арқа ауруларының алдын алу бағдарламасы

Көп таралған денсаулық сақтау мәселелерін шешу үшін, жаңа бастама, арқа ауруларының алдын алу бағдарламасы 2014 ж. енгізілген болатын. Аталған проблеманың көлемін бағалау мақсатында кеңсе қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді, ал кен орнында жұмыс істейтін персоналға мерзімдік медициналық тексеру кезіндеме сараптама жасалды.

	Омыртқа остеохондрозы (кен орнының персоналы)	Омыртқа аралық диск жарығы (кен орнының персоналы)	Сауалнамаға жауаптар (кеңсе персонал)
Қатысу	447 (барлық тексерілген жұмысшылардың 25%- ы)	49 (барлық тексерілген жұмысшылардың 3%- ы)	134 (барлық кеңсе персоналының шамамен 15%-ы)

Ауыр науқастары бар адамдар (23 адам) диспансерлік есепке алынып, арнайы ем қабылдайды. Басқа топтар өмір сүру салтын өзгерту, еңбек жағдайын жақсарту бойынша нұсқауларынан, жаттығулар кешені мен тексерулерден тұратын жеке жоспарлар алады.

ҚАУІПСІЗДІК

13-Кесте. Қауіпсіздік саласындағы біздің міндеттер

2014 ж. Біздің міндеттер	Міндеттерді орындау күйі	2014 ж. Міндеттерін орындауға қолданылған әрекеттер	2015 ж. Міндеттер
Экспорттық құбыр желісін күзету	Иә	Құбыр желісінің қауіпсіздігіне байланысты мәселелерді түсіндіру және талқылау мақсатында мүдделі тараптардың әртүрлі топтарымен жыл сайынғы көшпелі кездесулер өткізілді.	Экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылу жағдайларын болдырмау.
Жаңа міндет			Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтерін ұсынатын мердігер ұйымдарға қауіпсіздік пен адам құқығы принциптерін оқыту

ҚПО-ның қауіпсіздік қызметі іске асырылған әр түрлі бағыттағы бірнеше бағдарламаның нәтижесінде 2014 жылды өте белсенді өткізді. Оның ішінде ең жауаптысы – ҚПО-ға кешенді Қауіпсіздікті басқарудың жүйесін (ҚБЖ) енгізу жұмысы мен барлық мердігерлік ұйымдардың персоналын бір үлгідегі жеке бейджермен қамтамасыз ету болды.

ҚБЖ дайындау және енгізу жұмыстары әлі де жалғасуда, оның ішінде мамандандырылған тендердің қорытындысы бойынша кен орнының негізгі өндірістік нысандарының периметрімен жаңа күзет қоршауын дайындауға тапсырыс берілді. Кешенді жүйені енгізу үшін, Жобалық топқа персонал қабылдау жүргізілді.

Сонымен бірге ҚТ, ЕҚ және ҚОҚ корпоративтік бөліміне персоналды есепке алу және кен орнында төтенше жағдай болған кезде эвакуациялау электрондық жүйесін енгізуге қолдау көрсету жұмысы жалғасуда. Төменде берілген мысал компания нысандарындағы бақылауды күшейту бойынша іске асырылған әрекеттердің тиімділігін көрсетеді.

№ 4 мысал: ҚПО нысандарында кіру мүмкіндігін бақылауды күшейту

Мақсаты:

Қауіпсіздік саласындағы қауіптерді азайту және ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ нормаларын сақтау мақсатында Компанияның барлық жұмысшылары мен мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдары үшін, ҚПО нысандарына жеке кіру қағазының бірегей жүйесін жасау

Шешімі:

Жалпы саны 10 мыңнан асатын жұмысшысы бар 100-ден аса мердігерлік ұйымды қамту үшін, кіруді бақылау бойынша кеңсе жұмысын оңтайландыру үшін, ҚҚ ішкі ресурстарын мобилизациялау. Шара барысында тікелей кен орнында Кіруді бақылау секциясының жұмысын ұйымдастыру, қызметкерлерді суретке түсіру, персонал жеке деректерінің базасын құру және жаңарту, кіру қағаздарының нобайларын жасау және электрондық кіру карталарына басып шығару жұмыстарын қамтыды. Осы мақсатта қажетті акссесуарлар мен қосымша заттар сатып алынып, қолда бар басып шығару құрылғыларына тұрақты қызмет көрсету, оларды жөндеу және жетілдіру, қосымша бағдарламалық құрал енгізу, сондай-ақ аталған құрылғылармен жұмыс істеу үшін ҚҚ мердігерінің қосымша персоналын оқыту ұйымдастырылды.

Қорытынды:

ҚПО жұмысшыларының 100%-ы жаңартылған бейдждермен қамтамасыз етілді, мердігерлерге арналған бірыңғай бейдждерді шығару жұмыстары жалғасуда (Есепті шығару кезінде 90%-ы орындалды), келушілерге арналған барлық негізгі бейдждер электрондық негізге алмастырылған. Бұл ҚПО нысандарындағы кірушілерді бақылау тиімділігін айтарлықтай арттырып, оның жұмысын жеңілдетті.

Өткен жылы ҚАТЖ экспорттық құбырына заңсыз жалғану жағдайлары тағы да тіркелген жоқ. Осы жетістік қабылданған шешімдердің дұрыстығын тағы да көрсетеді: күзет жұмысын қатаң әрі тиянақты ұйымдастыру, мердігер жұмысын жоспарлы қадағалау, халықпен және экспорттық құбыр желісі бойында тұратын елді мекен тұрғындарымен тұрақты серіктесумен қатар, Optasense сигнал беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуі.

Қауіпсіздік пен адам құқығын қорғау ұғымдары бір-бірімен үздіксіз байланысты. Бұл 1948 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясында», сонымен бірге 1998 ж. қабылданған «Еңбек саласының негізін құрайтын қағидаттар мен құқықтар туралы ХЕҰ декларациясында» берілген.

ҚПО басшылығы Адам қауіпсіздігі мен құқығы жөніндегі ерікті қағидаттарды (АҚМҚЕ) ұстанады.

2014 ж. Ақсай қаласындағы ҚПО нысандарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күзету қызметтерін жеткізуші қызметкерлерін, сонымен бірге ҚАТЖ ЭҚ учаскелері мен нысандарын күзетшілеріне тиісті оқыту курсы жүргізілді. Бұл тренинг күзету қызметтерін жеткізуші

қызметкерлерін адам құқығын қорғау, күнделікті қызметтік міндеттерін атқару барысында адам құқығын құрметтеу тұрғысынан білікті және кәсіби әдістерді пайдалану принциптерімен таныстыруды мақсат етті.

ҚПО осы бағытта серіктестермен өзара әрекетуді жалғастыруға мүдделі және АҚМҚЕ оқытуды қарастыратын шарт қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жаңа келісімшарттарға енгізілді. Осыған сәйкес бұл оқыту курсы жоспарларға қосылды, сондай-ақ барлық персоналды қамтуға арналған оқыту бағдарламасы даярланды.

Сонымен бірге Компанияда экстремистік белсенділіктің пайда болу ықтималдығы назар аударарлық маңызды сала болып қала береді. ҚПО мен ҚР жергілікті, сондай-ақ облыстық және республикалық құқық қорғау және арнайы органдары арасындағы өзара әрекеттестік алдын ала хабардар және дайын болудың ең маңызды шарты болып табылады. Жүйелі түрде өткізілетін отырыстар, жаңа процедуралар дайындау, персоналды интерактивті компьютерлік оқыту, таныстыру шаралары мен терроризмге қарсы дайындық жұмыстарын жүргізу және осы сияқты барлық іс-шаралар осы сала туралы хабардарлықты арттыруға көмектесті.

№ 5 мысал: Қарашығанақ-Атырау экспорттық құбыр желісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету: ҚПО қауіпсіздік қызметінің тұрғындармен, жергілікті билік және құқық қорғау органдарының өкілдерімен тұрақты өзара әрекеттесуі

Мақсаты:

Қарашығанақ-Атырау экспорттық құбыр желісінің бойында орналасқан елді мекендерде тұратын азаматтарға Компанияның өндірістік қызметі, Қазақстан Республикасы үшін құбыр желісінің алатын мәні мен рөлі, қауіпсіздік саласындағы ықтимал төтенше жағдайлармен байланысты қауіптер туралы ақпарат беру. Жедел өзара әрекет және кері байланыс жасау.

Шешімі:

Жыл сайын аудандық және ауылдық округтер әкімдігінің басшыларымен, мектеп басшылығымен және ұжымдарымен, ауданның ТЖ бөлімінің басшыларымен және ҚӨК-ден Атырау терминалына дейінгі экспорттық құбыр желісі бойында орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен кездесулер ұйымдастыру және өткізу, ҚПО-ның өндірістік қызметімен байланысты әр түрлі аспектілерді түсіндіру және талқылау, көрнекі құралдар мен Компанияның тиісті бөлімдері мен қызметтері өкілдерінің жұмыстағы байланыс мәліметтерін тарату.

Қорытынды:

Өткізілетін шаралар Қарашығанақ-Атырау экспорттық құбыр желісінің күзетілетін нысандарының аумағына рұқсатсыз кірумен байланысты қауіптерді айтарлықтай азайтуға, Компания мүлкіне қол сұғумен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алуға және экспорттық құбыр желісінің нысандарына жақын орналасқан учаскелердегі криминогендік жағдайды жалпы қалпына келтіруге көмектеседі. Бүкіл жол бойына сигнал беру жүйесін орнатумен қатар бұл шаралар, сонымен бірге 2014 ж. ҚҚ мердігері мобильді топтарының мұқият жоспарланған күзету жұмыстары бұл стратегиялық нысанға заңсыз жалғануларға жол бермеді.

Техникалық жағынан күрделі Қарашығанақ кен орнындағы қоршаған ортаны қорғау – өте ұлы көмірсутектерді бақылауды және есепке алуды, газ утилизациялаудың жоғары коэффициенттерін басқаруды және газды жағумен байланысты өндірістік қауіптерді азайту бойынша тиісті шараларды қабылдауды қажет ететін қиын мәселе. Климаттық өзгерістерді азайтуға бағытталған жанандық ұмтылыстарды қолдау үшін, біз өзіміз жұмыс істейтін аймақтағы қоршаған ортаны қорғау мақсатында әлемдік деңгейдегі әдістемелер мен заманауи технологияларды қолданамыз.

14-Кесте. ҚОҚ саласындағы біздің міндеттер

2014 ж. біздің міндеттер	Міндеттердің орындалу күйі	2014 ж. міндеттерді орындауға қолданылған әрекеттер	2015 ж. міндеттер
ПГ қалдықтары көрсеткішін 201 мың тонна CO ₂ -эквивалентке азайту	Жоқ	2014 ж. ПГ қалдықтарының нақты көлемі 193 289 тонна CO ₂ эквивалентін құрады.	ПГ қалдықтарының көрсеткішін 199 мың тонна CO ₂ -эквивалентіне азайту
	Жаңа міндет		ПГ салыстырмалы қалдықтарының көрсеткіші млн б.н.э-ға CO ₂ -ны 14 тоннадан асырмау
	Жаңа міндет		Өндірістік жоғалтуды 3,82%-дан асырмау
ҚПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 стандарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін, сертификациялық аудит өткізу	Иә	ҚПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 стандарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған сертификациялық аудит сәтті өткізілді.	ҚПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 стандарт талаптарына сәйкестігіне бақылау аудитін өткізу
Кен орындарындағы ағын суларды өңдеу жүйесін модернизациялау жобасын жүзеге асыру бойынша жұмысты аяқтау	Жоқ	Құрамында майы бар судың сепараторы ҚПК-дағы ағын суларды өңдеу нысанында орнатылды. Мемлекеттік комиссия 20.10.14 ж. жүргізілді. Қышқылдандыру зауыты осы нысанға салынды. Нысанды іске қосу жұмыстары жалғасуда.	
Қалдықтарды сегрегациялау қондырғысында нысанды қалпына келтіру жұмысын аяқтап, іске қосу	Иә	Қалдықтарды сегрегациялау қондырғысын 25.04.14 Мемлекеттік комиссия іске қосты. Сонымен қоса өнімділікті жақсарту және жетілдіру мақсатында металл банкілерді	

		престеуге арналған қондырғыны орнату жұмыстары жүргізілді.	
ШТӨҚ пен АП-да қайта өңдегеннен кейінгі топырақты шламды қолдану әдістерін зертханада зерттеуді жалғастыру	Иә	2014 ж. ішінде мына жұмыстар орындалды: <ul style="list-style-type: none"> • карбонатты-бұрғылау шламын автожолдарға қолдану бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар өткізуге дайындау; • карбонатты-бұрғылау шламын БҚО ормандарында қолдану бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар өткізуге дайындау; • БҚО-да минералдандырылған орман жиектерінің тәжірибелік учаскесін жасау; • БҚО-да жол бойындағы тәжірибе өткізетен учаскелерге жол төсеу; 	
Қатты қалдықтар мен өңделген бұрғылау ерітінділерін сақтау үшін, 3 пен 4 чектерінде қалдықтарды утилизациялау жұмыстарын жалғастыру	Иә	Қатты қалдықтар мен алынған бұрғылау шламының полигонында жиналған шамамен 6 823,3 тонна қалдық 2014 ж. бойы Экоорталық нысандарында өңделді.	
	Жаңа міндет		Полигонда жаңа 4 чек салу
ҚМГКК мен СҚА-дағы ҚПО нысандарымен шектесетін аумақтарды абаттандыру; 33,74 га аумаққа ағаш отырғызу	Иә	2,49 га учаскеге ертеректе отырғызылған ағаштарға қосымша 31,23 га учаскеге ағаштар мен бұталарды механикалық отырғызу жұмысы жүргізілді. Жалпы абаттандыру көлемі 33,74 га-ны құрайды.	«ҚМГКК СҚАШ көгалдандырудың бірінші кезегі және СҚАШ шекараларын белгілеу» жұмыс жобасын жүзеге асыру аясында келесі жұмыс түрлерін орындау: <ul style="list-style-type: none"> • 2016 ж. 48 га аймақтың топырағын егуге дайындау; • 2010-2014 жж. 206 га-ға егілген ағаштар мен бұталарға күтім көрсету; • 326 га аумаққа өртке қарсы қауіпсіздік шараларын жүргізу; • бұрыннан бар орман алқабын қалпына келтіру.

<p>Түсірілген топырақ-өсімдік қабатын пайдалану жобасын ары қарай дайындауға арналған ғылыми зерттеулерді бастау</p>	<p>Иә</p>	<p>2014 жылға жоспарланған жұмыс көлемін әзірлеу, келісімшарттық және қаржылық мәселелерді бекіту және шешу жұмыстары аяқталды. Бірінші кезең жұмыстары 2015 жылдың 1-тоқсанында басталды.</p>	<p>Түсірілген топырақ-өсімдік қабатын пайдалану жобасын ары қарай дайындауға арналған ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастыру</p>
	<p>Жаңа міндет</p>		<p>ҚМГКК фаунасын сақтау жөніндегі мониторинг қорытындысы бойынша жануарлар түрлерінің дерекқорын жаңалау</p>

2014 ЖЫЛЫ ҚОҚ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ

Тұрақты даму принципінтерін орындау – ҚПО компаниясының өндірістік жұмыстарды жүзеге асырудағы басым міндеті.

Компанияның ЕҚ,ҚТ және ҚОҚ саясатының негізгі міндеттері: қоршаған ортаға тигізер кері әсерін азайту және қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. ҚПО тұрақты даму принциптерін қамтамасыз ету, парниктік газдар шығаруды қысқарту және қолда бар озық технологияларды қолдана отырып, табиғи ресурстарды сақтау бойынша мақсатты түрде жұмыстар жүргізеді.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін және ҚР Экологиялық Кодексінің 10-тарауына сәйкес ҚПО Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарын (ҚОҚШЖ) жасауды 2014 жылғы ҚПО-ның Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарына ҚР ҚОҚ министрінің 2013 жылдың 12 шілдесіндегі №162-п. бұйрығымен бекітілген «Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралардың типтік тізіміне» сәйкес келетін шаралар енгізілген.

2014 жылғы ҚОҚШЖ дайындау процесі «2014 жылғы ҚПО қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспарын дайындау және координациялық топпен орындалуын бақылау» процедурасымен реттелді.

ҚОҚШЖ орындалуын бақылау ай сайын жүргізіледі. БҚО бойынша Экология Департаментіне баяндалған ҚОҚШЖ-ның орындалуы туралы есепте шаралардың орындалуы туралы ақпарат, есептік мерзім ішінде игерілген қаражат сомасы, орындалған шаралардың экономикаға және экологияға әсері көрсетіледі.

2014 ж. ҚПО компаниясы келесі беттегі кестеде көрсетілген рұқсаттар мен әзірленген жоспарлар негізіндегі өндірістік қызметін жүзеге асырды. 2014 жылғы ҚПО-ның Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары бастапқы жоспар болса, келесі ҚОҚШЖ тиісті рұқсаттың әрекет ету мерзімі ішінде түзетілген жоспарлар болып табылады.

2014 жылға алынған рұқсаттар	2014 жылға ҚОҚ бойынша дайындалған және келісілген шаралар жоспары
31.12.2013 күні берілген №0000278 қоршаған ортаға эмиссиялау рұқсаты (нақты мерзімі: 2014 жылдың 1 қаңтары мен 31 шілдесі аралығы)	2014ж арналған ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары
01.08.2014 күні берілген № KZ21VCZ00022905 қоршаған ортаға эмиссиялау рұқсаты (нақты мерзімі: 2014 жылдың 1 тамызы мен 27 қарашасы аралығы)	2014ж тамыз-желтоқсан айларына арналған ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары
28.11.14 күні берілген № KZ46VCZ00024104 қоршаған ортаға эмиссиялау рұқсаты (нақты мерзімі: 2014 жылдың 28 қарашасы мен 31 желтоқсаны аралығы)	2014ж. қараша-желтоқсан айларына арналған ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғау туралы шаралар жоспары

2014 жылға ҚОҚШЖ дайындау барысында оны көпшілікпен келісіп шешу үшін, ҚПО 2013 ж. 20 маусымында қоғамдық тыңдаулар жүргізді. 2014 жылдың тамыз-желтоқсан айларына арналған

ҚПО ҚОҚШЖ түзету үшін, 2014 ж. 27 маусымында қоғамдық тыңдаулардың тағы бір сессиясы өткізілді. Екі отырыста да ҚОҚШЖ жоспары мен оның түзетулері мақұлданды.

2014 жылғы ҚОҚШЖ жоспарына сәйкес ҚПО қоршаған ортаны қорғауға, қоршаған ортаға эмиссияны азайтуға, су бассейнін қалпына келтіруге, табиғи көздердің суын пайдалануды қысқартуға, ҚМГКК-нің өңделген қалдықтарды өңдеуге және көмуге әсерін анықтауға, топырақ құнарын қалпына келтіруге және арттыруға, флора мен фаунаны қорғауға, геодинамикалық, радиациялық және өндірістік мониторинг жасауға, ҚМГКК-ге жақын экожүйелердің күйін зерттеуге, экологиялық менеджмент жүйесін жақсартуға, экологияны насихат және ағарту жұмыстарына бағытталған 30 шараны орындауды қарастырды. Соңында жоспар түзетіліп, соның нәтижесінде ҚР Энергетика Министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінде 29 шара келісілген болатын. Жоспардың бастапқы жобасында ұсынылған Өндірістік су ағындарын ажырату режимінде айдау мүмкіндігін бағалау бойынша зерттеулер жүргізу және Үлкен грифон су қоймасының аумағына бағаналы су өлшеу постын орналастыру шаралары бюджеттік қаражаттың мақұлданбауына байланысты алынып тасталды. Жоспарға металл ыдыстарға сығымдайтын құрылғылар орнату арқылы қалдықтарды сегрегациялау қондырғысын жетілдіру және модернизациялау шарасы қосылды.

2014 ж. БҚО-да жоспарланған барлық 29 шара орындалды.

2014 ж. барлық жоспар бойынша ҚОҚ шараларын орындауға жұмсалған жалпы нақты шығын 3 962 791 993 теңгені құрады (21 969 346 АҚШ долл. тең). 2014 жылғы жоспарланған шығын 2 627 627 034 теңге болатын (17 513 080 АҚШ долл.).

2014 жылғы ҚПО ҚОҚШЖ бөлімдері бойынша шығындар 15-кестеде келтірілген.

15-кесте. 2014 ж. ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруға жұмсалған шығын

№	ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарының бөлімдері	2014 ж. БҚО бойынша қпо шараларын орындауға жұмсалған нақты шығындар, теңгемен
1	Әуе бассейнін қорғау	560 262 184
2	Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану	шығынсыз
3	Жер ресурстарын қорғау	137 020 691
4	Жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	2 557 021 670
5	Флора мен фаунаны қорғау	54 313 846
6	Өндіріс қалдықтарын игеру және тұтынулар	335 350 686
7	Басқару жүйелерін және озық қауіпсіз технологияларды енгізу	2 455 650
8	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-зерттеу жұмыстары	278 548 579
9	Радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік	2 689 537
10	Экологиялық ағарту жұмыстары және насихаттау	35 129 150
	Барлығы:	3 962 791 993

2014 ж. Батыс Қазақстан облысы бойынша ҚПО-ның ҚОҚ қорғау шараларын жүзеге асыруы барысында келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- «Ұңғымаларды тазалау кезінде мұнайды бөлшектеп қайтару» шарасын орындау нәтижесінде 2013 жылмен салыстырғанда атмосфераға шығарылған 3В қалдықтарының мөлшері 58%-ға кеміді. 2014 ж. қалдықтар мөлшері 3 481 тоннаға, ал 2013 жылы 2210 тоннаға азайған болатын;
- 2014 ж. қайта қолданылған тазартылған ағын су мөлшері 2013 жылмен салыстырғанда 92%-ға артты. 2014 ж. 123 419 мың м³, ал 2013 ж. 64 343 мың м³ су қайта пайдаланылады;
- 2014 ж. 2013 жылмен салыстырғанда қалпына келтірілген жер көлемі 20%-ға өсті. Ұңғыма операциялары мен құрылыс жұмыстары жүргізілген соң, зақымдалған жердің 59 гектары қалпына келтірілді. Ал 2013 ж. 49,1 га болатын;
- Қатты қалдықтарды сақтау алаңында жинақталған қалдықтардың және Экоорталық қондырғыларындағы өңделген бұрғы сұйықтықтарының шамамен 6 823,3 тоннасы өңделді. Жеңді шаң сүзгісінен 146,46 тонна қатты қалдықтар ауланып, Қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму алаңына шығарылды.

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛҒАН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

2014 ж. ҚПО-ның өндірістік жұмыстары нәтижесінде атмосфераға негізінен SO₂ (52%) күкірт диоксидінен тұратын 14 мың тонна лас заттар шығарылады. Қалдықтардың басқа да көп шығарылатын түрлері: азот диоксиді NO_x (16%), көміртек оксиді CO (16%) және ақырғы көмірсутектер C_nH_m (13%).

SO₂ негізгі массасы факелдерде ілеспе газ және инсинераторларда өңделген ауаны жаққан кезде, ал NO_x пен CO газтүрбиналық қондырғылардың, қазандықтардың, технологиялық пештер мен компрессорлардың жұмысы үшін отын жаққан кезде түзіледі.

Қоршаған ортаға ЛЗ эмиссиялауға берілген рұқсат бойынша бекітілген шектеулерге сәйкес атмосфераға қалдықтарды шығаруды басқару саласындағы жұмыстарды жүзеге асыра отырып, соңғы үш жыл ішінде ҚПО осы шектерден аспай жұмыс істеп келеді. 16-кестеде 2012-2014 жж. рұқсат етілген және ҚПО-ның нақты шығарған қалдықтары туралы ақпарат көрсетілген. 2013 жылмен салыстырғанда атмосфераға шығарылған қалдықтардың жалпы көлемі 24%-ға өскен. Шығарылған қалдықтардың өсуі ұңғымаларды факелдерде жағу арқылы, оның ішінде пластты көпсатылы жарудан (ПКСЖ) соң игерілетін ұңғыма жұмыстарының артуымен байланысты.

16-кесте. ЛЗ қалдықтарының рұқсат етілген және нақты көлемі

Келесі лз қалдықтарының жылдық көлемі тоннамен:	2012	2013	2014
Рұқсат бойынша:	15 290	15 321	16 168
Іс жүзінде, оның ішінде:	10 215	11 320	14 005
Азот оксиді	1 956	2 068	2 240
Күкірт диоксиді	4 957	5 703	7 346
Көмірқышқыл оксиді	1 464	1 637	2 229

ҰОБ	1 645	1 700	1 718
Күкірт сүтегі	29	29	31
Қатты бөлшектер	88	110	325
Басқалары	77	73	116

Ескерту:


1. Қалдықтар көлемі туралы мәліметтер ауа 2-ТП статистикалық есептерінің деректеріне сәйкес берілген.
2. 2014 ж. ҚПО мына үш рұқсат бойынша жұмыс істеді: 01.01.14 және 31.07.14 аралығында №0000278; 01.08.2014 және 27.11.2014 аралығында №KZ21VCZ00022905; 28.11.2014 және 31.12.2014 аралығында №KZ46VCZ00024104. Жалпы рұқсат көлемі алғашқы екі кезең үшін нақты қалдықтардың және үшінші кезең үшін рұқсат етілген қалдықтардың жиынтығы ретінде есептелген.

ҚПО-да ластаушы заттардың қалдықтары отын шығыны мен құрамы, сондай-ақ құрылғы жұмысының уақыты туралы бастапқы деректер негізіндегі есептеу әдісімен анықталады. ҚР-да сертификатталған қалдықтар көздерінде тұрақты бақылау құралдары болмағандықтан, ҚПО-да есептеу тәсілін қолдану қабылданған.

Мұнайды, шикі және отын газын жағу шығыны отынды тұрақты өлшеу мен теңгеру әдісі арқылы, дизелдік отын шығынын – бухгалтерлік есеп деректері бойынша, құрылғының жұмыс уақытын – операторлардың күнделікті есебі бойынша анықтайды. Газ бен мұнайдың құрамы жеке меншік аттестацияланған зертханада жүргізіледі.

Әр ингредиент бойынша қалдықтардың есебі ҚР-да қолдануға ұсынылған әдістемелер арқылы әр зат және қалдықтар көздерінің түрі туралы деректер негізінде орындалды.


8-сызба. Атмосфераны негізгі ластау көздері бойынша 2014 жылдағы қпо ластаушы заттар қалдықтарының бөлінуі



2014 ж. алынған өнім бірлігіне шаққанда қалдықтардың таза салмағы алынған бір тонна көмірсутегі шикізатына (КСШ) 0,52 тонна құрады.

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы қалдықтардың таза салмағының өсуі 2013 ж. ЖПЖ өткізілуіне (жалпы қалдықтардың шығуына едәуір үлес қосатын құрылғыларды (турбиналар, инсинераторлар, ЖҚ бу қазандары) ЖПЖ-ға тоқтату нәтижесінде біраз уақыт жұмыс істемеді, сол себепті 2013 ж. одан шығатын қалдықтар аз болды), сонымен қатар көбінесе ұңғымалық жұмыстардың көбеюіне, оның ішінде ҚКГА жүргізу белсенді жұмыстарынан болған факелдерде ілеспе газ жағу көлемінің едәуір артуына (29%) байланысты болды. Мұнайды қайтару құрылғысын қолданудың арқасында базалық көлемнен¹ 36% сұйық көмірсутегі жанған. Бұл 2013 ж-мен салыстырғанда 66%-ға кем.

9-сызба. 2012-2014 жж. КСШ өндіру және ластаушы заттар қалдықтарының көлемі



Газды факелді қондырғыларда жағу


ҚПО бойынша қалдықтардың жалпы көлемінің негізгі бөлігін технологиялық нысандар мен ұңғымалардағы факелді қондырғыларда КСШ жағудан қалыптасатын қалдықтар (52%) құрайды. 2014 ж. газды факелде жағу көлемі ҚПО өндірілген жалпы газ көлемінің 0,19%-ын немесе алынған мың тонна шикізатқа шаққанда 1,16 тоннаны құрайды (2013 жылғы OGP есебі бойынша осындай әлемдік орташа көрсеткіш мың тоннаға 15,1 тоннадан келсе, орташа еуропалық көрсеткіш мың тоннаға 3,83 тоннадан келеді)². Бұл көрсеткіш мұнай мен газ өндіруші әлемдік және еуропалық кәсіпорындарының ішінде ҚПО жұмысының өте жоғары дәрежеде тиімділігін көрсетеді. Осыған қарамастан, ҚПО, әсіресе, ұңғымаларды сынақтан өткізу және тазалау саласында қалдықтарды қысқартудың қосымша технологияларын іздеуді және енгізуді жалғастыруда.

¹ Яғни осы құрылғыны қолданбағанда жағылатын көлемнен.

² Деректер көзі – International Associations of Oil & Gas Producers (IOGP) ұйымының жыл сайынғы «Environmental performance indicators-2012 data» және «Environmental performance indicators-2013 data» есептері. 2014 жылғы есеп шығарылмағандықтан, 2014 ж. салыстыру үшін 2013 жылғы деректер қолданылады.

Газды жағудың нақты және таза көлемінің 2013 ж-мен салыстырғанда 29% бен 23%-ға көтерілуі ұңғымалық жұмыстар көлемінің артуымен байланысты. 2014 ж. 19 ұңғыма игерілсе, 2013 ж. 14 ұңғыма игерілген болатын.

10-сызба. Жағылған ілеспе газ көлемі, млн м³




2014 ж. ұңғымаларды тазалау барысында мұнайды бөлшектеп қайтаруға жаңа құрылғы қолданумен қатар, ҚПО ұңғымаларды тазарту кезінде «Мегафлоу» құрылғысын да пайдаланды. Аталған бастамаларды жүзеге асыру нәтижесінде сұйық көмірсутектерін жағу көлемі 50 000 тонна мұнайға жуық кеміді, бұл ұңғымаларды игеру барысында алынған өнім жалпы көлемінің 63%-ын құрайды. 2014 ж. 2013 жылға қарағанда 10 000 тоннаға артық сақталды. «Мегафлоу» жүйесінің арқасында ұңғымаларды тазарту барысында газды жағу көлемі рұқсат етілген 48,8 млн м³ көлемнің орнына 29 млн м³-ты құрады.

2014 жылы газды утилизациялау

2014 ж. ҚПО-ның газды утилизациялау көрсеткіші 99,81%-ды (2013 ж.- 99,84%) құрады, Ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасы аясында бақылаушы органдар бекіткен мақсатты көрсеткіш 99,61%-ды құрайтынын ескерсек, бұл әлемдік деңгейдегі көрсеткіш болып табылады.

11-сызба. 2014 ж. Газды утилизациялау және жағу



ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ

ҚПО өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес кең көлемді мониторинг өткізеді. Өндірістік экологиялық бақылау аясында өндірістік жұмыстардың қоршаған ортаға әсерін бағалау үшін, қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға (өнеркәсіптік қалдықтар, ағын су, өндірістік қалдықтар), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жасалынады ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу / өлшем жүргізу орындарын, анықталатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу мерзімділігін бекітеді.

Өндірістік экологиялық мониторинг Қарашығанақ кен орнының аумағында және санитарлық-қорғау аймағының (СҚА) шекарасында, кен орнына жақын орналасқан елді мекендерде, трасса бойында және ҚӨК – Үлкен Шаған – Атырау экспорттық конденсат өткізгіш нысандарда жүргізіледі.

Өнеркәсіпті пайдалануға қажетті өндірістік операцияларды жүргізу нәтижесі қоршаған ортаға, оның ішінде атмосфералық ауаға әсер етпей қоймайды. Технологиялық процесті сұйық және газ тәріздес органикалық жанармайды жағумен байланысты электр энергиясын, жылуды, буды және ыстық суды параллель өндірмей жүзеге асыру мүмкін емес. Ластаушы заттардың басым мөлшері табиғи газды жағу барысында орын алады. Ластаушы заттардың қалдығы электр станциялары мен компрессорлық станциялар турбиналық қондырғыларының газ желілерінде, қазан агрегаттары мен технологиялық пештердің жағылатын камераларында, инсинераторларда жағу барысында түзіледі. Жағармай газын жаққан кезде негізінен көміртеқ, азот пен күкірт оксидтері секілді ластаушы заттардың қалдықтары бөлінеді. Сонымен қатар мұнай кен орындары қалдықтарының ішінде алынатын шикізат құрамында бар күкірт сутегі болуы мүмкін.

Қарашығанақ кен орнының СҚА шекарасындағы және жақын орналасқан елді мекендердегі ауа сапасын бақылау «Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елді мекендердегі ауа сапасын бақылау ережелері» 17.2.3.01-86 мемлекеттік стандартының және БҚ 52.04.186-89 «Ауаның ластануын бақылау нұсқаулығы» талаптарына сай жүргізіледі.

ҚР Экологиялық кодексінің 124-бабының 9-тармағына сәйкес, қоршаған ортаның өндірістік мониторингін ҚР техникалық реттеу туралы заңдарында бекітілген тәртіпте аккредиттелген өндірістік және тәуелсіз зертханаларда жүргізу қажет. ҚПО ауа мониторингін сынамаларды іріктеуді, оларды талдауды жүзеге асыратын және ӨЭБ бағдарламасына сай құралдармен өлшейтін мердігерлік аккредиттелген зертхана көмегімен жүргізеді. Сонымен қатар ҚПО ауаның үздіксіз мониторингін 18 стационарлық автоматты мониторинг станциясы көмегімен жүргізеді, оның 16-сы СҚА шекарасында және кен орны аумағында және 2-і Березовка аулында орналасқан. Қажет болған жағдайда ауа мониторингін өткізу үшін тағы 2 жылжымалы АМС тартылады.

Автоматты мониторинг жүйесі хабарлаушы және ҚМГКК ауданында ауа сапасы жөнінде мәлімет жинаушы жүйе ретінде екі түрлі қызметті атқарады. Ауада бақыланатын ластаушы заттардың құрамы жоғары деңгейде болған жағдайда, хабарлау жүйесі ескерту сигналдар шығарады. Әрбір АМС-да ауа құрамындағы күкірт сутегін, күкірт диоксидін, азот диоксидін, көміртеқ оксидін бақылауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін төрт анализатор орналатылған.

Атмосфералық ауаның сапасын бағалау үшін, санитарлық-гигиеналық нормативтер – шектік жарамды концентрациялар (ШЖК) қолданылады. Ластану деңгейін анықтау үшін, бақыланатын компоненттердің тіркелген концентрацияларын санитарлық-гигиеналық нормалармен салыстырып, ШЖК үлесінде көрсетеді.

Атмосфералық ауадағы ластаушы зат ШЖК – бүкіл өмір бойы осы немесе болашақ буынға тікелей немесе жанама зиянды әсер етпейтін, адамның еңбекке деген қабілетін төмендетпейтін, оның хал-жағдайын және санитарлық-тұрмыстық өмір салтын нашарлатпайтын концентрация.

2014 ж. СҚА шекарасындағы және Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердегі атмосфералық ауадағы бақыланатын компоненттердің орташа тәуліктік ШЖК-ның арту жағдайлары тіркелген жоқ.

Қарашығанақ кен орнының СҚА шекарасындағы атмосфералық ауа мониторингі

СҚА шекарасында аккредиттелген мердігерлік зертхана күн сайын, тәулігіне бір рет атмосфералық ауа сынамаларын іріктейді. Алынған сынамалардағы (H₂S) күкірт сутегінің, (SO₂) күкірт диоксидінің, (NO₂) азот диоксидінің, (CO) көміртек оксидінің, метанның (CH₄) және (CH₃SH) метилмеркаптанның құрамы талданады. 2014 жылғы СҚА шекарасының атмосфералық ауасында бақыланатын орташа жылдық концентрациялар 17-кестеде келтірілген:

17-кесте. 2014 ж. СҚА шекарасындағы атмосфералық ауадағы бақыланатын компоненттер концентрацияларының жылдық орташа мөлшері

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа концентрация, мг/м ³	ШЖК _{м.б.} , мг/м ³	ШЖК Артуы
H ₂ S	0,002	0,008	жоқ
SO ₂	0,005	0,125**	жоқ
NO ₂	0,026-дан 0,028-ге дейін	0,2	жоқ
CO	0,433-тен 0,453-ке дейін	5,0	жоқ
CH ₄	0,146-дан 0,177-ге дейін	50***	жоқ
CH ₃ SH	а.ш.т.*	0,001	жоқ

* әдісті анықтау шегінен төмен

** ШЖК_{о.т.} - күкірт диоксиді үшін ШЖК_{м.б.} мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін ШЖК_{о.т.} қолданылады.

*** белгіленген болжамдағы қауіпсіз әсер ету деңгейі (БҚӘД). Метан үшін ШЖК орнатылмаған.

Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдардың атмосфералық ауасының мониторингі

Кен орнының периметрі бойынша орналасқан 8 елді мекенде (Березовка, Бестау, Жарсуат, Жаңаталап, Димитрово, Қарашығанақ, Орал бойы, Успенровка) және Ақсай қаласында аккредиттелген мердігерлік зертхана атмосфералық ауаны бақылау стационарлық бекеттерін орнатқан, оларда тәулігіне 4 рет (мемлекеттік стандарт талаптарына сай 1, 7, 13 және 19 сағат кезінде) сынамалар іріктеледі. Ауа сынамаларын стационарлық мониторинг бекеттері орнатылған елді мекен тұрғындары болып табылатын мердігерлік зертхананың штаттық қызметкерлері іріктейді. Сонымен қоса елді мекеннен газ иісі туралы шағымдар түскен жағдайда, стационарлық бекеттерде ауа сынамаларын жоспардан тыс іріктеу жұмыстары жүргізіледі. Алынған ауа сынамалары Ақсай қаласында орналасқан зертханаға жеткізіліп, Мемлекеттік стандарт пен нұсқаулыққа сәйкес ауадан бақылануы қажет 4 негізгі компоненттің (күкірт сутегі, күкірт диоксиді, азот диоксиді және көміртек/тұншықтырғыш газ оксиді) құрамына сараптама жасалынады. Сонымен қатар ауа құрамындағы ұшқыш органикалық байланыстардың (бензол, ксилол, толуол)

құрамына мезгіл сайын (10 күнде 1 рет) бақылау жүргізіледі. Березовка аулында жоғарыда келтірілген компоненттермен қоса ауадағы метилмеркаптан құрамына бақылау жасалады.

Ауа мониторингінің ай сайынғы нәтижелері жергілікті баспа БАҚ-та жарияланып, ақпараттық тақтаға орнатылу үшін, ауылдарға таратылады.

2014 жылғы елді мекендердің атмосфералық ауасында бақыланатын компоненттердің орташа жылдық концентрациялары 18-кестеде келтірілген.

18-кесте. 2014 жылғы ҚМГКК-ға жақын орналасқан елді мекендердің атмосфералық ауадағы бақыланатын компоненттер концентрацияларының орташа жылдық көрсеткіштері

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа концентрация, МГ/М ³	ШЖК _{м.б.} мг/м ³	ШЖК Артуы
H ₂ S	0,001-ден 0,002-ге дейін	0,008*	жоқ
SO ₂	0,005	0,125	жоқ
NO ₂	0,027	0,04	жоқ
CO	0,431-ден 0,453-ке дейін	3,0	жоқ
бензол	0,084-тен 0,107-ге дейін	0,3*	жоқ
толуол	0,013- ен 0,015-ке дейін	0,6*	жоқ
ксилол	0,013 -тен 0,014-дейін	0,2*	жоқ

* ШЖК_{м.б.} Күкірт сутегі үшін ШЖК_{о.т.} мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін ШЖК_{о.т.} қолданылады; сондай-ақ ШЖК_{о.т.} атмосфералық ауа құрамындағы бензол, толуол және ксилол деңгейін бағалау үшін қолданылады, себебі осы компоненттер үшін сынамаларды іріктеу және талдау мерзімділігі – 10 күнде 1 рет.

Атмосфералық ауаға автоматты ЭМС арқылы мониторинг жүргізу

ҚПО-дағы ауа мониторингін үздіксіз режимде жүргізетін автоматты ЭМС СҚА шекарасындағы және Березовка аулындағы атмосфералық ауа күйі туралы қосымша ақпарат береді.

ЭМС тіркеген 2014 жылғы бақыланатын компоненттердің орташа жылдық конценитрациясы 19-және 20-кестелерде келтірілген.

19-кесте. ЭМС тіркеген 2014 жылғы бақыланатын компоненттер концентрациясының орташа жылдық көрсеткіштері

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа концентрация, мг/м ³	ШЖК _{м.б.} мг/м ³	ШЖК Артуы
H ₂ S	0,001	0,008*	жоқ
SO ₂	0,002-ден 0,006-ға дейін	0,125	жоқ
NO ₂	0,003-тен 0,019-ға дейін	0,04	жоқ
CO	0,1-ден 0,4-ке дейін	3,0	жоқ

**ШЖК_{м.б.} Күкірт сутегі үшін ШЖК_{о.т.} бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін ШЖК_{м.б.} қолданылады;*

20-кесте. 2014 ж. Бақыланатын компоненттер концентрацияларының орташа жылдық мәндері, березовка аулында тіркелген амс 013,014

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа концентрация, мг/м ³	ШЖК _{м.б.} , мг/м ³	ШЖК Артуы
H ₂ S	0,001	0,008*	жоқ
SO ₂	0,002-ден 0,005-ке дейін	0,125	жоқ
NO ₂	0,004-тен 0,019-ға дейін	0,04	жоқ
CO	0,1-ден 0,2-ге дейін	3,0	жоқ

**ШЖК_{м.б.} Күкірт сутегі үшін ШЖК_{о.т.} мөлшері бекітілмеген, сондықтан салыстыру үшін ШЖК_{м.б.} қолданылады;*

Парниктік газдардың тікелей шығатын қалдықтары

Компаниядағы парниктік газдардың тікелей шығарылатын қалдықтары 2013 жылдан қолданыстағы ПГ қалдықтарын шектеу және квоталарды сату ұлттық жүйесі аясында реттеледі. 2013 жылдан бастап ҚПО парниктік газдарды шығаруға квота алады.

2013 ж. ҚПО ҚР-дағы ПГ қалдықтарын реттеу заңнамалық талаптарын, сондай-ақ негізгі компаниялардың талаптарын ескере отырып, ПГ қалдықтарын реттеу жөніндегі компания қызметін ретейтін ішкі процедураны жасап шығарды.

ҚПО-ның 2014-2015 жылға ПГ қалдықтарына квотасы ПГ қалдықтарына квоталарды бөлу екінші бекітілген ұлттық жоспарына сәйкес 3 267 075 тонна көміртек диоксидін (CO₂) құрайды.

ПГ қалдықтар деңгейінің берілген квотаға сәйкестігін бақылау мақсатында тоқсан сайын және жыл соңында 2014-2015 жылға бекітілген мониторинг жоспарына толық сәйкестікте көміртек диоксиді (CO₂), сондай-ақ метан (CH₄) бойынша ПГ қалдықтарын бағалау жүргізілді. Қалдықтарды бағалау жұмыстары кәсіпорынның қызмет жөніндегі деректер негізіндегі есептеу әдісімен және Өкілетті орган бекіткен 05.11.2010 ж. № 280 қолданыстағы Әдістемелікті нұсқауларды пайдалану арқылы жүзеге асады.

Отынды (отын газды, тазартылмаған газды, сұйық көмірсутектерді) жағудан пайда болатын парникті газ шығарындыларын есептеу кезінде компанияның отын ағынын есептеу жүйесі өлшеуіш аспабынан алынған көрсеткіштер негізіндегі есептеу-баланстық әдіс бойынша отынды пайдалану жөніндегі деректері қолданылды.

Жанармай (жағармай газ, шикі газ, сұйық көмірсутектер) жағудан болған CO₂ қалдықтары коэффициенттерін есептеу үшін, ҚПО-ның аттестациядан өткен химиялық зертханаларының апта сайын сынамалар іріктеуі негізінде есептелген әр нысанға және жанармай түріне тән орташа тоқсандық және орташа жылдық жанармай құрамының орташаланған мәндері пайдаланылды.

2014 ж. ПГ қалдықтарына жүргізілген мониторинг және инвентаризация нәтижелері бойынша CO₂-эквивалентінде 2 027 367 тонна көлемінде ПГ қалдықтарының жалпы көлемі бекітілді, соның

ішінде CO₂ эквивалентінде 1 878 229 тонна (93%), ал CO₂ эквивалентінде CH₄ үлесіне – 149 138 тонна (7%) келеді.

ПГ қалдықтарын көміртек диоксиді эквивалентіне (CO₂-экв.) қайта есептеу үшін, 100 жылдық мерзімдегі ПГ-ның климаттық әсеріне негізделген 1995 ж. КӨҮСТ жаһандық жылыну әлеуеттері (ЖЖӘ) қолданылды. Метанның ЖЖӘ-сі 21-ге тең, ал көміртек диоксидінің ЖЖӘ-сі 1-ге тең.

Осылайша ПГ қалдықтарының 93%-ы үшін мониторингтің таңдалған әдісі тұрақты өзгеріс нәтижелері негізінде алынған өзіндік коэффициенттерді пайдалану есебінен қалдықтарды әдістеменің үшінші деңгейінде есептеуге мүмкіндік береді.

Жыл соңында тәуелсіз аккредиттелген ұйым есептік кезең мониторинг қорытындыларының (инвентаризациялау жөніндегі есеп) кәсіпорын қызметі туралы алынған деректердің сенімділігіне және ПГ қалдықтарын есептеу бойынша әдістеме қолданудың дұрыстығына сәйкестігін растайды. Есептік жылға инвентаризациялау жөніндегі расталған есепті өкілетті органға берудің бекітілген мерзімі – 2015 жылдың 1 сәуірі.

2015 ж. 1 қаңтарындағы жағдай бойынша есептік жыл деректері негізінде ҚПО үшін 2015 жылға берілген квотаның қалдығы 1 388 846 тонна CO₂ құрады.

Алынған есептерге сәйкес, ҚПО бойынша ПГ жалпы қалдықтарының негізгі үлесін (80%) газды кері айдау газтурбиналық қондырғыларында, электр станциясының газтурбиналық қондырғыларында және ЖҚ бу генераторларында жанармай газын жағу кезінде шығатын қалдықтар құрайды.

ПГ қалдықтарының түзілу динамикасы туралы ақпарат 21-кестеде көрсетілген. Осыған сәйкес өткен жылдарға қарағанда ПГ қалдықтарының өсуі байқалады. Бұл өсім ҚМГКК кен орны игеру барысында газ факторының көбеюі нәтижесінде сұйық көмірсутегін шығару деңгейін қалыпты ұстау мақсатында өндірістік қуаттың артуымен байланысты.

21-кесте. Кәсіпорынның өндірістік қызметінің салдарынан пг қалдықтарының түзілу динамикасы

ПАРНИКТІК ГАЗ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ, CO ₂ – ЭКВИВАЛЕНТІНДЕ ТОННАМЕН					
ОТЫНДЫ ФАКЕЛДЕР МЕН ИНСИНЕРАТОРЛ АРДА ЖАҒУДАН	ОТЫНДЫ ТҰРАҚТЫ КӨЗДЕРДЕ ЖАҒУДАН	ҰЙЫМДАСТЫР ЫЛМАҒАН ҚАЛДЫҚТАР	2014 ЖЫЛҒЫ ПГ ЖАЛПЫ ҚАЛДЫҚТАРЫ	2013 ЖЫЛҒЫ ПГ ЖАЛПЫ ҚАЛДЫҚТАРЫ	2012 ЖЫЛҒЫ ПГ ЖАЛПЫ ҚАЛДЫҚТАРЫ
248 742	1 632 520	146 105	2 027 367	1 730 694	1 769 768

Ескерту:

1. 2012, 2013, 2014 жылғы деректерді тәуелсіз аккредиттелген ұйым бекіткен.
2. 2013 жылғы цифрлар тәуелсіз аккредиттелген ұйымның инвентаризациялау туралы есепті растау нәтижелері бойынша түзетілген.

Қосымша парниктік газ қалдықтары

ҚПО компаниясында негізгі атқаратын қызметі кен орнының бүкіл өндірістік кешені мен оған жақын орналасқан елді мекендерді өз электр энергиясымен қамту болып табылатын газтурбиналық электр станциясы бар. Электр энергиясын Батыс Қазақстан облысы аумақтың энергия жүйесінен тұтыну нәтижесінде шығатын ҚМГКК-дағы қосымша ПГ қалдықтары аз мөлшерін құрайды (ҚПО ПГ жалпы қалдықтарының 0,004%-ы). 2014 ж. ҚПО-дағы қосымша ПГ қалдықтарының көлемі CO₂-эквиваленттің 87 тоннасын құрады. Аталған қалдықтар есепке алынбайды және ҚР ПГ қалдықтарын квоталау ішкі жүйесі аясында есептілікке қосылмайды. Бұл жөніндегі мәліметтер ҚПО-ның негізгі компанияларының есептерінде көрсетіледі. ПГ қосымша қалдықтарын сатып алынатын электр энергиясының нақты көлемін (МВт-сағ) Қазақстанға арналған халықаралық эмиссия факторына (0,684 т/МВт-сағ) көбейту арқылы есептейді.


Парниктік газ қалдықтарының салыстырмалы салмағы

2014 ж. алынған өнім бірлігіне ПГ меншіктік қалдықтары алынған мың КСШ өніміне 75 тоннаны құрады. Аталған қалдықтардың өткен кезеңге қарағанда артуы мына негізгі себептерге байланысты:

- Ұңғыманың өнімділігін арттыруға бағытталған және өнімді максималды түрде алуға көмектесетін қыртысты көпсатылы гидробөлшектеу технологиясын қолданатын ұңғыма операциялары кезінде көмірсутек шикізатын жағу көлемінің артуы (газ бойынша 41%, сұйық көмірсутек бойынша 36%);
- «Батысэнергоресурстары» ЖШС мен «Ақсайэнерго» ЖШС сұранысы бойынша БҚО тұтынушыларын қамтамасыз ету үшін, электр энергиясын жеткізу көлемін 6%-ға сыртқы желіге арттыруға көмектесетін Электр станциясының газтурбиналық қондырғыларында жанармай жаққан кезде, өндірістік қуатты пайдалану деңгейінің артуы;
- 2014 ж. өндірістік нысандарды жоспарлы алдын алу жөндеуге толық тоқтатудың болмауына байланысты газды кері айдау газтурбиналық қондырғыларында жанармайды 3%-ға дейін, бу генераторларында 7% -ға дейін жағу кезінде өндірістік қуатты пайдалану деңгейінің артуы.

ПГ қалдықтарының салыстырмалы мәнінің динамикасы 12-сызбада берілген.

12-сызба. Ксш өндіру бірлігіне шаққанда пг меншіктік қалдықтарының динамикасы



**Деректер көзі – International Associations of Oil & Gas Producers (IOGP) ұйымының жыл сайынғы «Environmental performance indicators-2012 data» және «Environmental performance indicators-2013 data» есептері. 2014 жылғы есеп шығарылмағандықтан, 2014 ж. салыстыру үшін 2013 жылғы деректер қолданылады.*

Артулардың дәлелді екеніне қарамастан, 22-кестеде келтірілгендей, ҚПО ПГ қалдықтарының көмірсутегін өндіру бірлігіне шаққандағы салыстырмалы мәні еуропалық көрсеткіштер деңгейінен 27%-29%-ға және мұнай өндіруші өнеркәсіптің орташа халықаралық көрсеткіштерінен (IOGP) 49-51%-ға төмен.

22-кесте. Көмірсутек өндіру бірлігіне шаққандағы пг меншіктік қалдықтарына салыстырмалы талдау

ҚО жағдайы көрсеткіштерінің санаттары	ҚПО Мәліметтері			IOGP Мәліметтері (Европа)*	IOGP Мәліметтері (барлығы)*
	2012	2013	2014	2013	2013
CO₂+CH₄ (CO₂e)					
Алынған КСШ мың тоннасына шаққанда тоннамен	66	68	75	106	148
CO₂					
Алынған КСШ мың тоннасына шаққанда тоннамен	59	62	69	94	128

*** Деректер көзі – International Associations of Oil & Gas Producers (IOGP) ұйымының жыл сайынғы «Environmental performance indicators-2012 data» және «Environmental performance indicators-2013 data» есептері. 2014 жылғы есеп шығарылмағандықтан, 2014 ж. салыстыру үшін 2013 жылғы деректер қолданылады.*

Парниктік газ қалдықтарын азайту

ҚР заң талаптарына сай ПГ қалдықтарын жүйелі түрде азайту мақсатында ҚПО 2014-2015 жылдарға ПГ қалдықтарын азайту бағдарламасын дайындады. 2014 ж. бағдарламада мынадай мақсаттар қойылды:

- бірқатар жобалар есебінен ПГ қалдықтарын (CO₂) 200 970 тоннаға азайту;
- меншікті қалдықтарды өндірілген КСШ өнімінің мың тоннасына шаққанда 70 тонна CO₂ көлемінен асырмау.

2014 ж. ішінде компания ПГ қалдықтарын қысқарту аясында бекітілген өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге барлық күш-жігерін жұмсады. Қалдықтардың меншікті көрсеткіші өндірілген КСШ мың тоннасына 69 тонна CO₂ құрады (22-кесте). ПГ қалдықтарының нақты қысқаруы 4 жобаны іске асыру нәтижесінде жоспарлы көрсеткіштің 96%-ын құрады (23-кесте).

23-кесте. 2014 ж. ПГ қалдықтарын қысқарту жөніндегі шаралар

№	Шаралар	Қалдықтардың қысқаруы, тонна/жыл		Орындалу %
		Жоспар	Іс жүзінде	%
1	Ұңғымаларды тазарту кезінде мұнайды бөлшектеп қайтару	173 400	147 149	85%
2	ҚӨК факелдік коллекторлардың клапандарын жөндеу	11 133	24 401	219%
3	№4 технологиялық желісіне бу шығын өлшегішін реттеу	7 197	9 529	132%
4	Көктемгі-жазғы маусымда газ турбиналарының жұмыс істейтін осьтік компрессорларын ай сайын сумен шаю	9 240	12 209	132%
	Барлығы:	200 970	193 288	96%

ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ

24-Кесте. Энергетикалық менеджмент саласындағы біздің міндеттер

2014 ж. Біздің міндеттер	Міндеттердің орындалу күйі	2014 ж. Міндеттерді орындауға қолданылған әрекеттер	2015 ж. Міндеттер
<p>2014 ж. соңына қарай ISO 50001 стандартына сәйкес энергетикалық басқару жүйесін енгізу</p>	<p>Жұмыс үстінде</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Энергетикалық менеджмент жүйесінің қолдану аялары мен шекарасы анықталды; • Компанияның энергетикалық саясаты дайындалып, бекітілді; • Энергияны жоспарлау жөніндегі процедура жобасы жасалды, жарамды заңнама талаптары анықталды; • Компанияның 70-ке тарта қызметкері «Энергетикалық менеджмент жүйесін енгізу» оқыту курсынан өтті. 	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР заң талаптарына сай энергия аудитін өткізу, энергияны сақтау және энерготімділікті арттыру жөнінде қорытынды алу және энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар жоспарын дайындау; • Энергияны жоспарлау, енгізу және іске қосу бойынша энергетикалық менеджмент жүйесінің элементтерін дайындап, енгізу; • «Энергетикалық менеджмент жүйесін енгізу» курсы бойынша қызметкерлерді оқытуды жалғастыру.

Энергетикалық менеджмент жүйесін енгізу

2014 ж. басында «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ-тың Батыс Қазақстандағы филиалының мамандары жүргізген энергетикалық менеджмент жүйесін диагностикалық зерттеу қорытындысы бойынша есеп шығарылды. Есептің негізінде энергетикалық менеджмент жүйесін ҚПО-ға енгізу жоспары жасалынды. 2014 ж. ішінде осы жүйені енгізу бойынша жұмыстар жалғасты: жүйені қолдану аясы мен шекаралары анықталды, энергетикалық саясат дайындалып, бекітілді, энергияны жоспарлау бойынша процедура жоспары әзірленді, жарамды заң талаптары анықталды, жүйені енгізу және жұмыс істеуіне қолдау көрсету процесіне тартылған компания қызметкерлерін оқыту курстары ұйымдастырылды.

Энергоаудит

ҚР «Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» заңының талаптарына сәйкес, Мемлекеттік энергетикалық реестр субъектілері бес жылда бір реттен кем емес міндетті энергия аудитінен өтуі қажет.

2014 ж. ҚПО-да 2015 ж-ға жоспарланған энергия аудитін өткізу бойынша қызметтер көрсетуге тендер жарияланған болатын. Энергия аудитінің нәтижесі бойынша энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша қорытынды беріледі. Қорытындының негізінде компанияда энергетикалық менеджмент шараларының энергетикалық мақсаттары, міндеттері мен жоспарлары жасалады.

Электр энергиясын тұтыну

2014 ж. қалпына келтірілмейтін бастаулардан алынған отынды жалпы тұтыну көлемі $32,95 * 10^{15}$ Дж-ды құрады. 25-кестеде көрсетілгендей, отынның негізгі көлемі газды кері айдау компрессорларының желісіне арналған газтүрбиналық қондырғыларда, электр станцияларының газтүрбиндік қондырғыларында, сондай-ақ қазандықтар мен жылытқыштарда қолданылады.


25-Кесте. Қалпына келмейтін бастаулардан алынатын отынды пайдалану, 10^{15} Дж

Отынды қолдану		2012	2013	2014
Кері айдау компрессорларының желілеріне арналған газтүрбиналық қондырғыларда отынды қолдану, тазартылған газ		9,08	8,84	9,76
Генераторларда электр энергиясын өндіру мақсатында электр станциясының газтүрбиналық қондырғыларындағы отынды қолдану, ең бастысы тазартылған газ	ҚПО-ның өндірістік қажеттіліктері	6,10	6,22	7,55
	БҚО тұрғындарына электр энергиясын жеткізу	3,74	3,53	4,15
	Жалпы тұтыну	9,84	9,75	11,7
Отынды іштен жанатын қозғалтқыштардан электр энергиясын алу мақсатында қолдану, тазартылған газ бен дизель		0,08	0,05	0,05
Қазандықтар мен жылытқыштардағы отынды жылу мен бу алу мақсатында қолдану, ең бастысы тазартылған газ		5,70	5,38	6,40

Инсинираторлар мен факелдердегі отынды қолдану, тазартылған газ	1,30	1,18	1,36
Отынды автокөлікпен қолдану, дизель мен бензин	0,05	0,04	0,04
Технологиялық нысандар мен ұңғымалардың факелдік қондырғыларындағы көмірсутек қоспасын жағу	1,39	2,66	3,63
БАРЛЫҒЫ:	27,44	27,89	32,95

2014 ж. отын тұтынудың өсімі сұйық көмірсутегіні өндіру деңгейін ұстауға жұмсалатын өндірістік қуаттың артуымен байланысты. Алайда төмендегі 13-сызбада көрсетілгендей, энергияны жұмсау көрсеткіші (тұтынылған энергия мөлшері, ГДж мен өндірілген өнім мөлшерінің, КСШ тоннасы арақатынасы) 2013 жылмен салыстырғанда кішкене өзгерді. 2014 ж. энергияның жұмсалуда аздап өсім болғанына қарамастан, бұл көрсеткіш мұнай-газ өндіруші компаниялардың халықаралық қауымдастығына (IOGP) есеп берген мұнай-газ өндіруші компаниялардың энергияны жұмсау орташа көрсеткішінен әлі де төмен.

13-сызба. Энергия сыйымдылығының өзгеру динамикасы (энергия тұтыну мөлшерінің, ГДЖ өндірілген өнім мөлшеріне, ксш тоннасы қатынасы)



Төменде берілген 26-кесте соңғы үш жылдағы кен орнындағы нысандар алған энергия ресурстары көлемінің динамикасын көрсетеді.

26-Кесте. Электр энергиясы, МВт-сағ (10¹⁵ Дж)	2012	2013	2014
Электр энергиясы, барлығы	923 082 (3,32)	907 909 (3,27)	975 588 (3,51)
ҚПО ГТЭС-інде өндірілген электр энергиясы, соның ішінде:	920 944 (3,32)	903 792 (3,25)	973 549 (3,50)
ҚПО қажеттілігі үшін өндірілген электр энергиясы	570 582 (2,05)	574 243 (2,07)	628 020 (2,26)
БҚО қажеттілігі үшін өндірілген электр энергиясы	350 362 (1,26)	329 549 (1,19)	345 529 (1,24)
ҚПО қажеттілігі үшін сатып алынған электр энергиясы	2 138 (0,008)	4 117 (0,015)	2 039 (0,007)

Отынды тұтыну мөлшері шығын туралы бастапқы деректер мен отын құрамы негізіндегі есептеу тәсілі арқылы шығарылады. Отын шығыны тұрақты өлшеулер мен теңгерім әдісі, сондай-ақ бухгалтерлік коммерциялық есеп деректері арқылы анықталады. Отын құрамын ҚПО-ның аттестацияланған зертханасы анықтайды.


Энергияны жұмсау көрсеткішін есептеу барысында 25-кестеде келтірілген компания ішінде тұтынылатын отынның барлық түрлері есепке алынды.

СУ РЕСУРСТАРЫ

Су бағалы өнеркәсіптік шикізат қана емес, өмір көзі болып табылады. Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану ҚПО үшін маңызды және басым міндет болып табылады.

2014 ж. ҚПО-ның жалпы су тұтынуы 490 721 м³ құрады, оның ішінде 391 855 м³ – техникалық су, ал 98 866 м³ – ауыз су болып табылады.

14-сызба. Суды пайдалану



27-кесте. Қпо-ның бастаулар бойынша суды пайдалануы, м³

СУДЫ ПАЙДАЛАНУ	2012	ШЕК*, 2012	2013	ШЕК*, 2013	2014	ШЕК*, 2014
Жарсуат су тоғаны	117 843	-	86 820	-	97 359	-
Серебряков су тоғаны	1 644	-	2 468	-	1 507	-
Қиғаш су тоғаны	3 032	-	4 601	-	2 829	-
Қоншыбай ж. су қоймасы	414 008	578 904	391 752	578 904	389 026	578 904

* Өнеркәсіптік қажеттіліктер үшін су тоғанындағы Арнайы суды пайдалану рұқсатына сәйкес

28-кесте. Тазаланған ағын суларды қайта пайдалану, м³

	2012	2013	2014
БАРЛЫҒЫН ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ, СОНЫҒ ІШІНДЕ:	98 778	64 343	123 419
<i>Бұрғылау қажеттіліктері және бұрғылау ерітінділерін дайындау үшін</i>	<i>19 190</i>	<i>33 579</i>	<i>108 799</i>
<i>Ирригациялық мақсаттар мен гидросынақтар</i>	<i>68 698</i>	<i>13 335</i>	<i>2 555</i>
<i>Шаңды басу</i>	<i>10 890</i>	<i>17 429</i>	<i>12 065</i>

Қайта пайдаланылған су көлемі қолданылған техникалық су көлемінің 32%-ын құрады.

Техникалық сападағы су

Қарашығанақ кен орнындағы техникалық қажеттілікке керекті сумен қамтамасыз етуші негізгі көз Қоншыбай жырасындағы №1 су қоймасы болып табылады. Арнайы суды пайдалану рұқсатына сәйкес, ҚПО компаниясы 2015 жылдың соңына дейін өнеркәсіп қажеттіліктері үшін су алуға бастапқы пайдаланушы болып табылады және жыл сайынғы су алу шегі 578 904 м³-ты құрайды.

Қоншыбай жырасы 25.12.2012 күні берілген №269 Батыс Қазақстан облысы әкімінің Қаулысы бойынша жергілікті деңгейдегі балық шаруашылығы су қоймалараның тізіміне енбейді. Атырау терминалы МАС шаруашылық-тұрмыстық және техникалық қажеттіліктері үшін Астрахань-Атырау су таратқышы арқылы Қиғаш су тоғанындағы техникалық сападағы су жеткізіледі. 2014 ж. Атыраудағы терминалдан техникалық қажеттіліктер үшін алынған су көлемі 1 711 м³-ты құрады, бұл 2013 жылғы көрсеткіштен 52%-ға төмен (3 557 м³). Бұл 2013 жылы нысанда өрт резервуарларын жоспарлы техникалық кәуәландіру жұмысы жүргізілгеніне байланысты, нәтижесінде резервуарлардың түбіндегі және қабырғаларындағы қорғаныс жабындарында зақымдар мен дөңестер анықталған болатын. Ақауы бар бөліктер қалпына келтіргеннен кейін, резервуарлар қайтадан сумен толтырылды.

Қысқы уақытта жауын-шашынның аз болуына байланысты, ҚМГКК қажеттіліктеріне су алуға керекті су деңгейінің төмендеп кетуі мүмкін. Бұл мақсатта Компанияда техникалық сападағы суы бар № W-9 бен W-4 2 резервтік ұңғымасы бар.

Таза су алуды қысқарту мақсатында бұрғылау ерітінділерін дайындау, ағаштарды суару, жолдар мен құрылыс алаңдарындағы шаңды басу, бұрғылау кезінде қыртысаралық ажырауды болдырмас үшін, компания тазартылған тұрмыстық, өндірістік-жауын және нөсерлі ағынды суларды қолданады. 2014 ж. ҚПО техникалық қажеттіліктер үшін 123 419 м³ тазартылған ағын суды қайта пайдаланды, көп бөлігі бұрғылау жұмыстарына жұмсалды. Бұл 2013 жылмен салыстырылғанда 2 есе артық (64 343 м³).

Қолданудың егжей-тегжейлі сипаттамасы 28-кестеде келтірілген.

Тұрмыстық қажеттілікке арналған су

ҚПО компаниясы – тұрмыстық қажеттіліктер үшін суды қайтара пайдаланады. ҚПО-ның тұрмыстық қажеттіліктер үшін сумен қамтамасыз ету көздері: Қарашығанақ кен орнында – Жарсуат су тоғаны, Үлкен Шаған МАС-та – Серебряков су тоғаны, Атырау МАС-та – Қиғаш су тоғаны пайдаланылады.

Ауыз су нысандардың шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылады. Тек Үлкен Шаған МАС-тан басқа су көзінің болмауына байланысты суды өрт резервуарларын толтыру үшін қолданады.

2014 ж. ҚПО бойынша тұрмыстық қажеттіліктер үшін су тұтыну көлемі 99 621 м³ құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық (89 412 м³).

Нысандардағы ауыз су өлшегіш құралдар арқылы есептеледі және ҚР Бастапқы өлшеу ережелеріне сәйкес есеп журналдарына жазылады.

Тазартылған ағын суларды ағызу

ҚПО су ресурстарын сақтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру және мүмкін жерлерде өңделген суды қайта қолдану арқылы кәсіпорында таза судың қолданылуын оңтайландыруға тырысады.

Тазартылған шаруашылық-тұрмыстық, өндірістік-нөсерлік және нөсер ағын сулары үшін Компания арнайы салынған құрылыстарды – жинақтауыш тоғандарды пайдаланады. Аталған құрылыстар ластаушы заттардың топыраққа және жерасты суларына түсуіне мүмкіндік бермеумен бірге, тазартылған ағындарды техникалық қажеттіліктер үшін қайта пайдалануға жинақтап, сол арқылы таза су алуды қысқартады.

Тазартылған ілеспе-қабат технологиялық ағын сулары №1 және №2 полигондардың жерасты қабаттарына айдалады.

2014 ж. қоршаған ортаға эмиссиялау рұқсаты бойынша қалдықтар көлемі есептелмейді, тоннамен есептелетін ластаушы заттар концентрациясына шектеулер бекітілген. 2014 ж. нақты тазартылған ағын су шығару көлемі 408 439 м³ құрады, бұл 2013 жылға қарағанда 4% -ға кем (426 470 м³).

Тазартылған ағын суларды шығару ағын сулармен шығарылатын ластаушы заттарды су нысандарына (бұл арнайы салынған жасанды құрылыстар: Әкімшілік-мейманханалық кешеннің жанында орнатылған жинақтауыш тоғандар, ГҚДҚ-3 маусымдық реттеу резервуарлары және Атырау – Үлкен Шаған терминалындағы буландырғыш тоғандар) және жерасты қабаттарына шектелген жарамды шығару (ШЖШ) нормативтерінің жобасына сәйкес жүргізіледі. Таартылған ағын сулар табиғи су нысандарына (өзен-көл) ағызылмайды. Қазіргі уақытта бақылаушы органдар 2014-2015 жж. жобалары мен ағын сулар сапасын бақылау кестесін дайындап, келісіп шешті.

29-кесте. Ағын сулардың санаттары мен қабылдаушы нысан көрсетілген қалдықтардың жалпы көлемі, м³

ҚАБЫЛДАУШЫ НЫСАН	АҒЫН СУЛАР САНАТЫ	2012	2013	2014
Жинаушы-көлшіктер	Тұрмыстық ағын сулар	93 772	78 383	75 858
Өндірістік су қалдықтарын жерасты көму полигондары	Технологиялық және ілеспе-қабат ағын сулары	265 118	342 458	330 636
ҚМГКК-дағы жер рельефі	Өндірістік-жаңбыр, еріген және жаңбыр ағын сулары	9 178	5 090	-
Үлкен Шаған МАС жер рельефі және Атырау терминалы	Өндірістік-жаңбыр, еріген және жаңбыр ағын сулары	224	539	1 945
ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ		368 292	426 470	408 439

Қайта қолданылатын су көлемін арттыру үшін, 2014 жылдан бастап ШЖШ нормативтер жобасынан ҚМГКК-дегі жер бедеріне ағызу алынып тасталды.

ҚПО нысандарында ағын судың келесі түрлері жинақталады: тұрмыстық, өндірістік-жауын, жауын, еріген су, технологиялық және ілеспе-қабат ағын сулары. ҚПО келесі компоненттерге бақылау жасайды:

ТҰРМЫСТЫҚ АҒЫН СУЛАР	ӨНДІРІСТІК-ЖАУЫН, ЖАУЫН, ЕРІГЕН ЖӘНЕ ЖАУЫН-ШАШЫН АҒЫН СУЛАРЫ	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ-ҚАБАТ АҒЫН СУЛАРЫ
pH, өлшенген заттар, мұнай өнімдері, аммоний азоты, нитраттар, нитриттер, БПК5 пен БПК20, жалпы темір, СББЗ, сульфаттар, хлоридтер, фосфаттар, құрғақ қалдық, ерітілген кислород	pH, өлшенген заттар, мұнай өнімдері, құрғақ қалдық	өлшенген заттар, мұнай өнімдері, сульфидтер, сульфаттар, хлоридтер, күкірт сутегі, метанол, темір, мыс, мырыш, алюминий

2014 ж. ағын сулармен ластаушы заттарды ағызу шегі 16 626,7 тоннаны құрайды (Батыс Қазақстан облысы және Атырау облысы). 2014 ж. барлығы 11 544,4 тонна ЗВ тасталды, ол 2013 жылға қарағанда 10%-ға артық (10 150,9 тонна). Соның ішінде нормативті концентрациялармен 10 258,5 тонна, нормадан тыс – 1 285,9 тонна шығарылды. Нормадан тыс концентрациялар негізінен хлоридтер, мұнай өнімдері және азот-аммоний тобы бойынша тіркелген. Осыған байланысты ластаушы заттардың нормадан тыс тонналары пайда болды, ол үшін Компания өз еркімен есеп жасап, он есе артық төлем төледі.

2014 ж. ластаушы заттар қалдығының көбейуі негізінен айдалатын ілеспе-қабат және технологиялық ағын сулармен байланысты.

Көмірсутек шикізатымен бірге өндірілетін ілеспе-қабат суы мен технологиялық су тазартылып, тереңде орналасқан жерасты су қабаттарына жіберіледі. 2014 ж. айдалған су көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 3,5%-ға кеміді, алайда ластаушы заттардың мөлшері 13%-ға артты. Бұл жерасты қабаттарына айдалатын ағын сулардың құрамында еритін көп болуына байланысты, ал жерасты сулары жоғары дәрежеде минералданған, шаруашылық-ауыз су, бальнеологиялық, техникалық қажеттіліктер, ирригация мен мал шаруашылығына пайдаланылмайды немесе

пайдалануға келмейді, сол себепті айдалған су топырақ, өсімдіктер және жануарлар дүниесі секілді қоршаған ортаға компоненттеріне әсерін тигізе алмайды.

Ағын суларды айдау тазарту кезінде беткі қабатқа құрамында тұзы бар қалдықтарды шығармай, жоғары дәрежеде минералдандырылған ағын суларды утилизациялау мәселесін шешуде әлемдік тәжірибе болып саналады. Қабаттарды сенімді оқшаулаудың, топырақтың ағын суларды дайындауға және айдауға жақсы келетін сипаттары болғандықтан, ағын сулар жоғарғы су сақтағыш қабаттарға көшпейді. Азот құрамы (аммоний азоты, нитрит немесе нитрат-ион түріндегі) бойынша нормативтердің артуы жинақтаушы тоғандарға ағызылатын тұрмыстық ағын суларда орын алды. Жинақтаушы тоғандардағы су суландыру мақсатында қолданылды, олар үшін азот байланыстарының жарамды құрамы айдауға берілген рұқсаттар бекіткен мөлшерден әлдеқайда жоғары. ҚПО жинақтаушы тоғандарының ағын суларында мұнай өнімдері мен өлшенген заттардың артуы байқалған жоқ.

2014 ж. ағын суларды тазарту сапасын арттыру мақсатында ҚПО «ҚПО өндірістік нысандарындағы тұрмыстық және құрамында мұнай бар суларды тазартқыш құрылыстарын қалпына келтіру» жобасының 2-кезеңі бойынша жұмыстарды жалғастырды. ГКДҚ-3 БИО-50 тазартқыш құрылыстарында вирустар мен патогендік бактериялардың ықтимал көздері болып табылатын тұрмыстық қалдықтарды зарарсыздандыру жүйесін модернизациялау жұмыстары жүргізілуде. Мұндай сулар қайта қолданған жағдайда санитарлық жағынан қауіпті болып табылады. Жүйені іске қосқаннан кейін, тазартылған тұрмыстық ағын сулар зарарсыздандырылып, ҚМГКК аумағындағы ағаштарды суаруға қолданылатын тазартылған ағын сулардың үлкен көлемі маусымдық реттеу резервуарына әр түрлі бактериялардың түсу қаупін жояды.

Сондай-ақ 2014 ж. ӘМК жинақтаушы тоғандарына тазартылған тұрмыстық ағын суларды ағызуға суды өлшегіш құралдар орнатылады және тазартылған тұрмыстық ағын суларды Бастапқы есеп ережесіне сәйкес есептейді.

Өндірістік нысандар әсерін бағалау және жерүсті және жерасты су көздерінің сапасына әсерінің алдын алу, қысқарту және жою бойынша уақытылы шаралар жүргізу үшін, оларға тұрақты түрде мониторинг жасалады, су ағыстарының қозғалысы, ластаушы заттардың жылжу ықтималдығы бақыланып, құжаттары жасалады, сондай-ақ қолданыстағы санитарлық-гигиеналық стандарттарға сәйкестігі тексеріледі.


ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

Қалдықтарды қауіпсіз және тиімді қолдану жүйесін ұйымдастыру, түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға шынайы және ықтимал қаупін азайту мақсатында, сонымен қатар өндірістік қуаттарға байланысты, компанияда қалдықтарды игерудің негізгі әдістері қабылданған, атап айтқанда:

- қалдықтарды ҚПО қалдықтар орналастыратын нысандарына орналастыру;
- Экоорталық қондырғыларында қалдықтарды өңдеу;
- қалдықтарды өндірістік процеске қайта жіберу;
- қалдықтарды ұйымдармен келісімге отыратын, қалдықтарды орналастыруға, өңдеуге және жоюға қабылдайтын мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға беру.

Төмендегі сызбада түзілген қалдықтар мөлшерінің динамикасы көрсетілген. 2014 ж. ҚПО нысандарында түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 43 953 тоннаны құрады.

15-сызба. Түзілген қалдықтар мөлшерінің динамикасы, тоннамен



Қалдықтардың өсуі, негізінен, ұңғымалық операцияларда қатты және сұйық қалдықтардың артуымен байланысты. 2014 ж. жаңа білдектің қосылуымен бұрғылау көлемі артты. Сонымен қатар кейбір ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары қиындықтар (жұмысты қайтара жасау, түсіп кету және жұтып алу) туғызды, бұл да шлам мен сұйық қалдықтардың қосымша көлемінің түзілуіне әкеп соқты.

Сонымен қатар 2014 ж. ҚӨК-де құрамында мұнай бар су бассейнін жоспарлы тазарту жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде 2 726,6 тонна қатты қалдық шығарылды. Алдыңғы тазалау жұмысы 2007 жылы жүргізілген болатын.

2014 ж. ҚПО кен орнының аумағын құрылыс қалдықтарының санкцияланбаған орындарынан тазарту жұмыстары жалғасып, нәтижесінде 1 590 тонна құрылыс қалдықтары шығарылды.

Қалдықтарды орналастыру

Қалдықтар полигондар мен қалдықтарды орналастыруға арналған алаңдар құрылыс жобасына сәйкес жабдықталған ҚПО-ның жеке қалдықтарды орналастыру нысандарына орналастырылады. Қалдықтар көмілетін полигонда ұяшықтар фильтрацияға қарсы оқшаулағыш қабатпен жабылады. Полигон ұяларының негізіне қоршаған ортаға тигізер ықтимал жағымсыз әсерін жоятын саз бен геомембрана қабатынан және тығыздығы жоғары полиэтилен тұратын фильтрацияға қарсы экран төселген.

Қалдықтарды өңдеу

ҚПО Экоорталығы нысандарында өндіріс қалдықтарын өңдеу Қазақстанның мұнай-газ саласындағы қалдықтарды басқарудың көрнекі мысалы бола алады. ҚПО Экоорталығында бар технологиялардың арқасында қалдықтарды орналастыру мөлшері азайып келеді.

Көмуге арналған полигонға қалдықтарды жібермес бұрын, олар Экоорталық қондырғыларында өңделіп, сол арқылы мөлшері азаяды және қауіпті құрамы төмендейді.

Қалдықтарды өндіріс процесіне кері қайтару қалдықтарды қайта қолданудың тиімді әдіс болып табылады.

Шламды термомеханикалық тазалау қондырғысында (ШТТҚ) мұнай негізіндегі өңделген бұрғылау шламынан базалық май мен су бөлініп алынады. 2014 ж. 16 380,585 тонна қалдық өңделіп, 2 011,76 тонна базалық май мен су бөлініп алды және термомеханикалық өңдеуден кейін 14 348,825 тонна қалдық Қалдықтарды көметін полигонға тасталды. Базалық май мен

суды бөлу мұнай негізіндегі өңделген бұрғылау шламынан ҚПО тастайтын қалдықтары мөлшерін 12%-ға төмендетті.

2013 ж. «Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ» РМК-мен бірлесе отырып, ҚПО мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің карбонатты бұрғылау шламын (КБШ) утилизациялау әдістерін баламалы дамыту саласында ғылыми зерттеу жұмыстарына бастамашылық етті.

Осы жұмыс барысында 2014 ж. университет қызметкерлері зертханалық және далалық жағдайда зерттеулер жүргізіп, КБШ-ны жол бойын қалауға/жөндеуге пайдалану үшін тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар орындау және орман алқаптарын қорғау үшін минералданған өртке қарсы жолақтар жасау қажет учаскелер салды. Минералданған орман жолағының тәжірибелік учаскесін жасау үшін. 32 960 тонна КБШ қолданылды, ал жол жиектерінің тәжірибелік учаскесін төсеу кезінде 317 985 тонна КБШ жұмсалды.

2015 жылғы тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ нәтижелерінің негізінде барлық мүдделі мемлекеттік органдармен алдағы уақытта келісіп шешу үшін КБШ-ны қолдану бойынша нұсқаулары бар ҒЗЖ туралы есеп жасалады.

Сұйық қалдықтарды тазалау қондырғысында (СҚТҚ) сұйық қалдықтар мен ағын суларды өңдеу арқылы бұрғылау ерітінділері мен тұздықтарын дайындауға өңделген өнімді қайта қолдануға болады.

2014 ж. 8 265,77 тонна сұйық қалдық өңделді. Осы қалдықтар мөлшерін өңдеу нәтижесінде қайта пайдалануға жарамды 7 160 тонна тұздық пен ерітінді тазартылды.

2014 жылдың қорытындысы бойынша 2013 ж. пайдалануға берілген жалпы мақсаттағы пеш (ЖМП) көмегімен 2014 ж. жинақталған коммуналдық қалдықтардың жалпы көлемінен ҚПО коммуналдық қалдықтарын қаланың қоқыс үйіндісіне апарылған мөлшері 28,3%-ға дейін азайды.


2014 ж. ҚПО компанияның өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтарын сұрыптауға арналған қалдықтарды сегрегациялау қондырғысын пайдалануға енгізді. Аталған қондырғы көму қажет қалдықтар ағынын қысқартуға, бағалы компоненттерді (қағаз, шүберек, пластмасса бөтелкелер, шыны, полиэтилен, қара және түсті металлар) қайта пайдалану бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сегрегациялау қондырғысы жалпы мақсаттағы пешке (ЖМП) оған отқа төзімді қаптамасын зақымдауы мүмкін заттардың түсуін алдын алу мақсатында пештің дұрыс жұмыс істеуі үшін қажет.

2014 ж. қондырғыға 664,97 тонна қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтар жіберілді. Соның ішінде 446,94 тоннасы ЖМП-ға жағылуға жіберілсе, макулатураны, металл сынықтарын, пластикті қамтитын 12,09 тоннасы өңдеуге және қайта пайдалануға мамандандырылған ұйымдарға жіберілді.

2014 ж. макулатураны бөліп жинау қаланың қоқыс үйіндісіне апарылған ҚПО коммуналдық қалдықтарының мөлшерін 29,14 тоннаға дейін кемітуге мүмкіндік берді. Пилоттық жобаның аясында Ақсай қаласындағы ҚПО кеңселерінен жиналған макулатура қайта өңдеуге жіберілді. Оған қоса қалдықтарды сұрыптау қондырғысында коммуналдық қалдықтарды сұрыптау кезінде тағы 19,5 тонна макулатура алынды. Жиналған макулатура БҚО-дағы әжетхана қағаздарын өндіретін жергілікті кәсіпорындарға қайта өңдеуге жіберілді.

Арнайы мердігерлік ұйымдар, негізінен, ҚПО-дан қабылданатын қалдықтарды одан әрі қалай қолдану керектігін өз бетінше шешеді және қалдықтарды үшінші тарапқа өткізгені туралы есеп береді.

16-сызба. Түзілген қауіпті және қауіпсіз қалдықтар мөлшері



30-кесте. 2014 жыл ішінде кәсіпорында өңделген, орналастырылған және утилизацияланған түзілген қалдықтардың мөлшері тоннамен

	КӘСІПОРЫНДА ҚПО ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ												
	1. жағу				2. қайта өңдеу				Қайтарандеу пайдалануылған жәнлар, химиялық ағызулар және т. б.	3. Полигонға өңдеусіз көму (су негізіндегі бұрғылау шламы)	4. Кәсіпорында жиналған (2014 ж. бойына қайрандық алаңдарға, 35 А/Б чектеріне тасталған қалдықтар, сонымен қоса келесі жылға дейін сақталатын қалдықтардың қалғаны)	5. 2014 ж. ары қарай өңдеуге, пайдалануға, жағуға және көмуге үшінші тарапқа жіберілген қалдықтар	
	Айналмалы пешке, жалпы мақсаттағы пеште жағуға жіберілген	Соның ішінде			Шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысына және сұйық қалдықтарды өңдеу қондырғысына өңдеуге жіберілген	Соның ішінде							
Жағу барысындағы жоғалулар (соның ішінде қалдықтар)		Жағылғаннан соң Полигонға Жағылғаннан кейін полигонға көмілген (АП қатты қалдықтары, АП жеңді шаң сүзгісінен шыққан қатты қалдықтар,	Өңдеуден кейін уақытша сақтау (ЖМП күлі)	Өңдеуден кейін қайта қолданылған (шығарып алынған мұнай негізі, тазартылған тұздықтар мен ертінділер)		ШТӨ-де ары қарай өңдеу (мұнай негізіндегі бұрғылау шламы)	Айналмалы пеште құрамында мұнай бар шламды ары қарай өртеу	Өңдеуден кейін полигонға көмілген (ШТӨ қатты қалдықтары, су негізіндегі бұрғылау шламы)					
Есептік мерзім ішінде жиналған қалдықтар	3 023,05				21 169,14					96,27	1 170,34	10 847,37	7 646,7
Өткен жылдары кәсіпорында жиналған қалдықтар	5 995,25	1 646,93	7 677,36	2	2 871,54	9 172,05	585,68	308	14 560,63			1 505,2	457,44
2014 ж. өңделген өнімдері (құрамында мұнай бар шлам, мұнай негізіндегі бұрғылау шламы, ЖМП-ның күлі)	308				585,68							2	
Өткен жылдарда кәсіпорында жинақталған өңделген өнімдер (ШТӨ қатты қалдықтары, ЖМП күлі)											569,9		350,96

Компания қалдықтарының негізгі мөлшері ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу кезінде туындайды. Бұл ретте бұрғылау ертіндісінің қандай түрі қолданылғанына байланысты су және мұнай негізіндегі бұрғылау ертінділерінің бұрғылау шламдары түзіледі. 2014 ж. ішінде 31 870 тонна қатты және сұйық бұрғылау қалдықтары жинақталған, бұл компания қалдықтарының жалпы санының 72%-ын құрайды.

Төмендегі кестеде ұңғымалық операциялардың негізгі қалдықтары оларды қолдану әдісі бойынша бөлініп көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, су негізіндегі ертінділер мен шламдар ғана орналастырылады. Мұнай негізіндегі бұрғылау шламдары оларды алдын ала өңдеп, құрамынан мұнай негізін алып тастағаннан кейін ғана көмуге жіберіледі.

31-кесте. Қолдану әдісіне қарай ұңғымалық операциялардан шыққан қалдықтар

Қалдық атауы	Жинақталған саны, тоннамен	Қолдану тәсілі
Су негізіндегі қайта өңделген бұрғылау ертінділері	439	СҚТҚ-да өңдеуге
	4 484	Орналастыру
Су негізіндегі бұрғылау шламының бұрғылау ертіндісі	1 170	Көму
Мұнай негізіндегі қайта өңделген бұрғылау ертіндісі	2 711	ШТӨҚ пен СҚТҚ-да өңдеу
Мұнай негізіндегі бұрғылау ертіндісінің бұрғылау шламы	15 592	Мұнай негізін, суды шығару арқылы ШТӨҚ-те өңдеу, кейін қатты бөлігін көму
Өңделген тұздықтар	3 887	СҚТҚ-да өңдеу
Өңделген тұздықтар	1 009	Орналастыру
Білдек шахтасындағы құрамында мұнай бар су	2 578	СҚТҚ-да өңдеу

ТӨГІЛУ

2014 ж. Қарашығанақ кен орнының аумағында айтарлықтай төгілу жағдайлары тіркелген жоқ³.

БИОТҮРЛІЛІК

ҚПО өндірістік қызметін өзін қоршаған аймақтың биотүрлілігі мен экожүйесіне барынша аз әсер тигізіп жүргізуге тырысады. Қарашығанақ кен орнының аумағында көптеген флора мен фауна өкілдері, оның ішінде Қазақстанның Қызыл Кітабына енген түрлері тіршілік етеді. ҚМГКК биотүрлілігін сақтау бойынша жүргізілетін шаралар Қарашығанақ кен орны аумағындағы экожүйенің тиімді тіршілік етуін қамтамасыз етуге қажетті болып табылады.

ҚПО-ның алғашқы Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары 2011 ж. жасалған болатын. Жоспардың басты мақсаты ҚМГКК-дағы олардың түрлері мен тіршілік ететін орындарын ҚПО қызметімен және аталған аймақтағы басқа да мүдделі тараптардың жерді пайдалануымен келісімде сақтау болып табылады.

³ «Айтарлықтай төгілу» анықтамасы көмірсутектердің / химиялық реагенттердің топыраққа немесе су бетіне 1000 литрден көп көлемде төгілуі арқылы қоршаған ортаны ластауға әкеп соққан жағдайға қатысты беріледі (ҚПО оқиғалар классификациясына сәйкес).

Жоспарда ҚПО өндірістік қызметі аумағындағы биотүрлілікке мониторинг жасау және есепке алу бойынша шаралар қарастырылған, оған сәйкес жұмыс көлемі екі кезеңнен тұрады. 2012 ж. жүргізілген бірінші кезең ҚМГКК аумағындағы фауна зерттеулерін, оның ішінде жануарлар әлемі өкілдерінің сирек түрлерін есепке алуды қамтиды. 2013 ж. орындалған үшінші кезең шаралары төменде берілген:

- ҚМГКК аумағындағы өсімдік әлеміне төрт әсер ету факторы бойынша мониторинг жүргізу, атап айтқанда: қоршаған ортаға тасталған қалдықтар, физикалық әсер, су алу, мал жайылымы;
- экожүйелердегі өзгерістерді анықтау мақсатында үш кезең бойынша жасалған жерсерік суреттеріне сараптама жасау. Кен орнын әзірлемес бұрын, ҚМГКК аумағы ауылшаруашылық мақсатта қолданылғаны белгілі. Қазіргі уақытта оның басым бөлігін арамшөптер мен жусан басқан.
- ҚМГКК су нысандарының жағасындағы экожүйелерін картаға түсіру - Березовка өзені, Қоншыбай жырасы;
- ҚР Қызыл Кітабына енген орыс шілінің (*Fritillaria ruthenica*) таралуын зерттеу. Кен орнының флорасы мен фаунасын зерттеу бойынша бұрын орындалған жұмыстар барысында, орыс шілінің популяциясы 4 учаскеде тіркелді. 2013 ж. тағы бір учаске белгілі болды. 2010 жылмен салыстырғанда 2013 ж. *Fritillaria ruthenica* өсімдігінің жалпы көбеюі өсімдіктің осы түрі үшін қолайлы климаттық жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Орыс шілінің таралуын ары қарай мониторингтен өткізу 2016 жылға жоспарланып отыр.

Жасалынған жұмыс нәтижелері бойынша ҚМГКК жұмысының биотүрлілікке тигізген қандай да бір әсері байқалмайды. ҚМГКК аумағында тіршілік ететін биотүрлілік құрамындағы өзгерістерді бақылау мақсатында фауна мен флораны бақылау жұмыстары 3 жылда 1 рет жүргізіледі және 2015-2016 жж. жалғастырылатын болады.

2014 ж. биотүрлілікті сақтау бойынша далалық жұмыстар жүргізілмеді.

2014 жылғы жұмыстар ҚПО өндірістік қызметінің биотүрлілік күйіне әсерін, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер әлемінің түрлері мен сандық құрамының динамикасын бақылауға бағытталған 2015-2016 жж. БСШЖ әзірлеуді қамтиды.

2015 ж. БСШЖ-ға сәйкес мынадай жұмыстар жоспарланған:

- Атмосфераға шығарылған қалдықтар мен топырақтағы ластаушы заттардың құрамын картаға түсіру;
- ҚМГКК-дағы жануарлар әлемінің әртүрлілігін (сүтқоректілер, құстар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар) оған ҚПО өндірістік қызметінің әсерін ескеріп, зерттеу;
- Қоншыбай жырасы мен Березовка өзені аумағындағы жануарлардың маңызды түрлерін, оның ішінде күзендерді зерттеу;
- Жануарлар әлемінің мониторингі нәтижесінде ҚМГКК аумағын мекен ететін жануарлардың дерекқорын жаңарту.

2016 ж. компания ҚМГКК флорасын сақтау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр:

- Атмосфералық ауаға тасталған қалдықтарға, физикалық әсерлерге, жайылымдарға, су тоғанының әсерлеріне қатысты өсімдік әлеміне мониторинг жүргізу;
- Қоншыбай жырасы мен Березовка өзенінің аумағында өсетін орыс шілінің сирек түрінің таралуына алдағы уақытта мониторинг жасау.


Қарашығанақ кен орнын әзірлеу және пайдалану үшін, инженер-мұнайшы мен техниктен бастап, бухгалтер мен логистке дейін мыңдаған білікті, өз мамандықтарына адал және дарынды маман қажет. Біздің жұмысшыларымыз – біздің табысымыздың кепілі. Біз кәсіпорын бойынша шетелдік серіктестеріміздің тәжірибесінен үлгі алып, қажетті оқыту курстарын ұйымдастыру және белгілі білім мекемелерін жұмылдыру арқылы қызметкерлерімізді дамытып отырамыз.

32-Кесте. Біздің персоналды дамыту мен еңбекақы төлеу саласындағы міндеттеріміз

2014 ж. Біздің міндеттер	Міндеттердің орындалу күйі	2014 ж. Міндеттерді орындауда қолданылған әрекеттер	2015 ж. Міндеттер
1-санатта 70%-ға және 2-санатта 95%-ға жету үшін, Кадрларды ұлттандыру жобасын жалғастыру	Иә	Көрсеткіштерге қол жеткізілді. Қазақстандық кадрларды кәсіби дайындықтан өткізу жалғастырылды; жедел даму бағдарламасы іске асырылды.	2015 ж. 1+2 санатын 73%-ға жеткізу міндетін ескере отырып, 2015-2020 жж. Кадрлардағы қазақстандық қамтуды көбейту бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру
Персоналды тарту, орнында ұстау және ынталандыру мақсатында: <ul style="list-style-type: none"> қосымша жеңілдіктер пакетін жақсарту; еңбек ақыларын нарықтық деңгейге сәйкестендіріп түзету; тіркелетін оқиғалар бойынша белгіленген көрсеткішке жеткен жағдайда ТҚ бойынша сыйақы тағайындау 	Иә	Ұлттық валютаның құнсыздануына және девальвацияға ұшырауына байланысты барлық персоналдың жалақысы көтерілді. БҚО аумағынан тыс тұратын жұмысшыларға тұрғын-үй жеңілдіктерін алу және жол жүру ақысымен қамтамасыз ету шарттары едәуір кеңейтілді. Бірқатар бөлімдерде нарықтық деңгейге сәйкестендіру мақсатында жалақылар көтерілді. 2014 ж. тіркелген оқиғалар көрсеткіші жоспардан артық болуына байланысты барлық жұмысшыларға сыйақы берілді. ГҚҚД-2 және ГҚҚД-3 жұмысшыларына ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ саласы бойынша қол жеткізген жетістіктері үшін қосымша сыйақы төленді.	<ul style="list-style-type: none"> Жұмысшы жағдайларын жақсартта отырып, жаңа ұжымдық шарт жасау; Персоналдың еңбекақысын нарықтық жағдаймен сәйкестендіру жоспарлы жұмысын жалғастыру.
	Жаңа міндет		Компаниядағы ұйымдастырушылық процестердің тиімділігін қайта қарау
Жедел даму бағдарламасына қатысушы 34 адам үшін коучинг-сессияны жалғастыру	Иә	Коучинг-сессиялар өткізу үшін сырт ұйымдардан жаттықтырушылар шақырылды; қатысушылар мен желілік жетекшілер бірігіп, жеке даму жоспарын жасады; мақсаттарға жету прогресін қадағалап отыру үшін, қатысушы, желілік жетекші мен жаттықтырушы кіре алатын онлайн қолданба іске қосылды.	


ҚПО (компанияның өзіндегі және уақытша жобаларда жұмыс істейтін) жұмысшыларының жалпы есептік саны 2014 жылдың соңында 4 312 қызметкер болды, оның 4 005-і – қазақстандық қызметкерлер де, 307-сі – шетелдіктер.

17-Сызба. ҚПО еңбек ресурстары



18-сызба қызметкерлердің жынысы бойынша бөлінуі көрсетілген, 2014 ж. ҚПО-да 3 075 ер адам және 1 237 әйел адам жұмыс істеді.

18-сызба. Гендерлік белгі бойынша еңбек ресурстары




Уақытша жұмысшы дегеніміз – төленбейтін немесе декреттік демалыстағы, сондай-ақ негізгі компанияларға уақытша іссапарға жіберілген негізгі жұмысшының орнын басуға шектеулі мерзімге тартылатын сыртқы қызметкер.

Төменгі картада жұмыстардың орындалу аймағы бойынша ҚПО персоналын бөлу пайыздық көрсеткіші келтірілген.




Есептік мерзім бойынша жас шамасына бөлінген, жұмыстан босатылған және жаңадан қабылданған жұмысшылардың жалпы саны 19-сызбада келтірілген. Аталған сызба ҚПО-мен тұрақты және уақытша еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жұмысшыларды қамтиды.

19-Сызба. Жас ерекшелігіне қарай кадрлардың тұрақтамауы, 2014 ж.




20-сызбада 2014 ж. жұмыстан босатылған және жаңадан қабылданған жұмысшылардың жалпы саны жынысы бойынша бөлініп көрсетілген. Бұл санатта ҚПО-мен тікелей келісімшартқа отырған жұмысшылар ғана көрсетілген.

20-Сызба. Гендерлік белгі бойынша кадрлардың тұрақтамауы, 2014 ж.



21-Сызба. Жергілікті жұмысшылардың тұрақтамау динамикасы, 2012-2014 жж.



ОҚЫТУ МЕН ДАМУ

Персоналды оқыту мен дамыту мәселесі кәсіби мамандардың аздығына тап болатын және кадрлардағы қазақстандық қамту үлесін көтеруді мақсат тұтатын мұнай-газ саласындағы халықаралық компаниялар үшін маңызды мәселе болып табылады. ҚПО үшін қазақстандық жұмысшылардың тұрақты кәсіби шыңдалуы мен дамуы маңызды.

Құзыреттілікті басқару жүйесі

ҚПО жетекшілері құзыреттілікті қалыптау әдісін персоналды оқыту және дамыту қажеттілігін анықтаудағы ең қолайлы әдістердің бірі деп таныды.

ҚПО құзыреттіліктерін басқару жүйесі ҚПО активтерінің аумағында немесе оның құрылғыларымен жұмыс істейтін компания мен мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлерінің өз міндеттерін қажетті стандарттарға сай орындау үшін керекті құзыреттілік деңгейін көтеруге бағытталған.

Құзыреттілік моделін дайындау мақсаты:

- Желілік басшыларды тарта отырып, ҚПО жұмысшыларын оқыту және дамыту шараларын тиімді жоспарлау құралын жасау;
- Жұмысшылардың оқыту мен дамытудағы қажеттіліктерін анықтау;
- Персоналды оқыту мен дамытуға қажетті қаражатты мақсатты жоспарлау.

ҚПО техникалық емес бөлімдер құзыреттілігін басқару жүйесі дегеніміз – арнайы дайындалған құзыреттілік модельдері негізінде персоналға үш жылда бір рет бағалау жүргізу.

Персоналды бағалау немесе кәсіби дамыту аймағын анықтау (ҚДАА) автоматтандырылған тестілеу жүйесіндегі сауалнама көмегімен онлайн режимде жүргізіледі. Оқыту және дамыту шараларын ары қарай жоспарлау үшін, кәсіби дамыту аймағын анықтау процесінің қорытындысы бойынша әр қызметкерге даму аймағы бойынша есептер жасалады.

Осылайша 2014 ж. ҚОҚ және басқару жүйелері жөніндегі басқарма, Еңбек ресурстары басқармасы секілді бөлімдер даму аймағын анықтау бойынша бағалаудан өтті.

Одан кейін біз техникалық қызметтер персоналы тұрақты негізде жүргізілетін құзыретті басқару жүйесін енгізу мысалын ұсындық.

№ 6 мысал: Техникалық қызметтер персоналының құзыреттілігін басқару**Мақсаты:**

Техникалық қызметтегі жұмысшылардың құзыреттілік деңгейін көтеру

Шешімі:

ҚПО құзыреттілікті басқару жүйесі техникалық персоналды бағалау процесін және мұнай-газ саласында персоналды оқыту стандарттарын ілгері жылжытатын ОРІТО халықаралық ұйымынан аккредитациядан өтуді қарастырады. Құзыреттілікті басқару жүйесінің тиімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, компания қазақстандық персоналды ОРІТО құзыреттілікті бағалаушы, сонымен қатар ОРІТО ішкі бақылаушысы біліктілігіне сәйкес тұрақты оқытып отырады.

Қорытынды

2013 ж. ҚПО құзыреттілікті басқару жүйесі аккредитациядан өтіп, ОРІТО стандарттарына сәйкес сертификат алды. 2014 жылдың қазанында ОРІТО жыл сайынғы аудиті оң нәтиже берді. 2012, 2013, 2014 жж. ҚПО-ның 58 қазақстандық қызметкері ОРІТО Мұнай және газ академиясынан құзыреттілікті бағалаушылар мен ішкі бақылаушылардың сертификатталған халықаралық куәлігін алды. 2015-2016 жж. компания 25 340-қа жуық бастапқы бағалау жүргізіп, мерзімділік талаптарын ескере отырып, техникалық құзыреттілікті қайта бағалау процесін белгілеуді жоспарлауда. Бастапқы іске қосудан кейін, жүйе Компанияның барлық бөлімшелерінде жүзеге асырылып, ҚПО-ның барлық мердігерлік ұйымдарында іске қосылатын болады.

Ескерту: Бастапқы бағалаулар – жұмысшылар алғаш рет өтетін техникалық персоналға берілетін бағалар. Әрбір лауазым үшін осы лауазымға қатысты стандарттар санына сәйкес келетін белгілі бір бағалар саны бар. Әр стандартқа сай мерзімділікпен жұмысшылар қайтара бағалаудан өтеді. Бұл жерде жұмысшылар бірінші рет өтетін техникалық персоналға берілген бағалардың жиынтық саны көрсетіледі.


ҚПО жыл сайын оқыту және дамыту жоспарын орындайды, оның ішінде:

- Халықаралық біліктіліктер;
- Тілдерді, компьютерлік сауаттылықты және іскер машықтарды оқыту;
- Кәсіби оқыту;
- Көшбасшылық саладағы тәлімгерлік және коучинг;
- ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша міндетті оқыту.

ҚПО оқыту және дамыту бағдарламасы негізгі компаниялардың стратегиялық жоспарын персоналдың тиісті қажеттіліктерін ескере отырып, жұмысшылардың білімі мен тәжірибесін арттыруға бағытталады. Оларға міндетті, сондай-ақ қосымша оқулар кіреді: тренингтер, семинарлар, жұмысшыларды дайындауға және қайта дайындауға және жоғары оқу орындарында, мамандандырылған компанияларда және корпоративтік оқыту орталықтарында біліктілікті арттыруға арналған курстар. Біліктілікті арттыру қажеттілігі желілік басшылар арқылы, сондай-ақ персонал құзыреттілігін кешенді бағалау негізінде анықталады.

2014 ж. 444 448,5 сағат дәріс берілді, оның 275 175,5 сағаты компания жұмысшыларына өткізілді. Қалған 169 273 сағат ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ саласы бойынша міндетті оқу үшін мердігерлік ұйымдар жұмысшыларына бөлінген. Бір жұмысшыға шаққанда оқыту сағаттарының орташа саны төмендегі сызбада келтірілген. Орташа алғанда 2014 ж. бір қызметкерді оқытуға 274 АҚШ доллары жұмсалды.

22-Сызба. Бір жұмысшыға бөлінген оқыту сағаттарының орташа саны оқыту түрлері бойынша, 2014 ж.



2014 ж. компания жұмысшылары үшін өткізілген оқыту 33-кестеде санаттарға бөлініп көрсетілген. 2014 ж. барлығы 41 269 курс өткізілді, оның 27 459-ы мердігерлік ұйымдардың жұмысшыларына бөлінді. Салыстыру үшін 2013 ж. мәліметтері берілген.

33-Кесте. Қызметкерлерді санаттар бойынша оқыту, 2013-2014 жж.

САНАТ	2013	2014
Жоғары және орта топ жетекшілері	310 адам (1 жұмысшыға 64,5 сағат)	251 адам (1 жұмысшыға 37,8 сағат)
Кәсіби мамандар / топ жетекшілері	1 988 адам (1 жұмысшыға 66,6 сағат)	1 873 адам (1 жұмысшыға 74,2 сағат)
Техникалық персонал	956 адам (1 жұмысшыға 115,3 сағат)	1 283 адам (1 жұмысшыға 85,4 сағат)
Кеңселік-әкімшілік персонал	599 адам (1 жұмысшыға 15,4 сағат)	259 адам (1 жұмысшыға 21,7 сағат)

ҚПО-да қолданылатын оқыту мен дамытудың тағы бір құралы – халықаралық сертификациялық бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту. ҚПО-ның жалпы стратегиясы халықаралық тәжірибелер мен технологияларды енгізуге бағытталған. Жұмысшылар жаңа құрылғыны

пайдалануға және жаңа технологиялармен жұмыс істеуге қажетті машықтарға ие болып қана қоймай, халықаралық деңгейдегі мұнай-газ индустриясында жұмыс істеуге қажетті заманауи білімдерді алуы қажет. Сонымен қатар мұндай бағдарламалар персоналдың жеке дамуына, мотивация алуына көмектесіп, жұмысшылардың компанияға адалдығын қалыптастырады.

ҚПО-дағы қосарлы білім

2005 жылдан бастап ҚПО жас мамандарды ҚПО оқу орталығы базасында дайындау және студент-практиканттарға арналған бағдарлама секілді бағдарламаларда қосарлы білім беруге тәжірибе жасауда. Аталған формат оқу процесінде теория мен практиканы қиыстыруға бағыттылған, бұл жас мамандардың таңдап алған мамандығын тікелей өндірісте меңгеруіне мүмкіндік береді.

Жас мамандарды даярлау бағдарламасының негізгі бағыттары:

Бағыты	Мамандықтар
Бұрғылау/ұңғымалық операциялар, өндіру және өңдеу, геология, барлау	Өндіру жөніндегі оператор, бұрғылау жөніндегі супервайзерлер көмекшісі, инженер-технолог
Механика, электрика, БӨҚЖА	Техник-механик, техник-электрик, БӨҚЖА технигі, инженер-механик, инженер-электрик, БӨҚЖА инженері
Келісімшарт ісі, аударма ісі, ЕҚ және ТҚ	Келісімшарт жұмысы бойынша мамандар, үш тілді техникалық аудармашылар, ЕҚ және ТҚ бойынша мамандар

Осылайша 2014 ж. ОРІТО Британдық мұнай және газ академиясының стандартына сай техниктер мен операторларды дайындау бағдарламасына, сондай-ақ бұрғылау бойынша супервайзерлер көмекшісін даярлау бағдарламасына жаңа іріктеу жасалды, нәтижесінде Қазақстанның жоғары және орта оқу орындарының ҚПО компаниясына алдағы уақытта жұмысқа орналасуға мүмкіндігі бар жалпы саны 72 түлек іріктеліп алынды.

2014 ж. шілдесінен бастап қараша айына дейін БҚО жоғары оқу орындарының «Аудармашы» мамандығы бойынша 16 түлегі мұнай-газ саласы терминологиясын, оның ішінде ҚПО терминологиясын, сондай-ақ техникалық аударманың ауызша және жазбаша әдістерін тереңдетіп оқыту мақсатында техникалық аудармашыларды кәсіби дайындау бағдарламасы бойынша қарқынды оқудан өтті. 2014 ж. аталған бағдарлама соңында 10 түлек ҚПО-ға жұмысқа орналасты.

Коучинг

Коучинг бағдарламасының мақсаты – компанияның зияткерлік капиталын білім беру мен машықтандыру арқылы сақтау. Коучингтің қолданыстағы кәсіби және басшылық деп аталатын екі бағытынан ҚПО қызметкерлерін дамытуға басқарушылық коучингі белсенді пайдаланылады.

Персоналды дамыту құралы ретінде, коучинг – алға қойылған міндетті тиімдірек шешуге бағытталған жетекші мен бағынышты тұлғаның нәтижелі өзара әрекет етуі.

ҚПО-ның басқарушылық коучинг бағдарламасы бағынышты тұлғаларды дамытуы және ынталандыруы, жұмыстарының жемісті болуына күш салуы, қойылған мақсаттарға жетуді оңтайландыруы және корпоративтік құндылықтарға деген пейілді көтеруі қажет орта буынды басшыларға арналған.

Аталған әдіс компания мақсаттарына қол жеткізудің ең тиімді жолдарын іздестіруді ұйымдастыруға және оларды қызметкерлердің өздерінің іске асыруына бағытталған. Сонымен бірге қызметкерлерді дамыту міндеті қоса шешіледі.

№ 7 мысал: Коучинг бағдарламасы

Мақсаты:

Басқарушылық ойлау қабілетін дамыту және орта буын басшыларының басқару тәжірибелерін іс жүзінде қолдануы

Шешімі:

ҚПО-да коучинг бағдарламасы 2013 ж. пилоттық жоба ретінде іске қосылды. Коучинг Жедел даму бағдарламасына қатысушылардың тізіміне енген ҚПО-ның 54 қазақстандық қызметкерін арналған даму құралдарының бірі ретінде таңдалған болатын. Аталған қызметкерлер алдағы уақытта компанияның негізгі және жетекші лауазымдарына тағайындау мақсатымен басқару әлеуеті мен басқаруға мотивациясын бағалау нәтижесінде іріктелініп алынды. Бағдарламаны іске асыру үшін кәсіби шеберлігі жоғары тәуелсіз коучерлер мен бизнес-жаттықтырушылар тартылды.

Қорытынды:

Бағдарламаны сәтті енгізілгендігін көрсеткіштері коуч-сессиядан өткен қызметкерлердің мансаптық өсуі бойынша бағалауға болатын бағдарламаға қатысушылардың жұмысындағы оң өзгерістерде көрінеді. Коучинг бағдарламасына қатысқан 54 қызметкердің 21-і карьера баспалдағы бойынша жоғарылап, олардың 24%-ы кадрларда қазақстандық қамтуды көбейту бағдарламасы аясында шетелдік мамандардың орнын иеленді.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

ҚПО кадрларды ұлттандыру бағдарламасы жергілікті тұрғындар үшін жұмыс орындарын жасау және қазақстандық қызметкерлерді инвестициялау арқылы сәтті жүзеге асыруда, себебі бұл ҚПО-ның экономикалық мұрасын құрудың берік негізі болып табылады.

ҚПО-ның кадрларды ұлттандыру бағдарламасының мақсаты жоғары білікті қазақстандық қызметкерлерді даярлау және оларды қазіргі уақытта шет елдік мамандар жұмыс істеп жүрген

лауазымдармен ауыстыру болып табылады. Сол себепті қазақстандық персоналды үздіксіз кәсіби жетілдіру және біліктілігін арттыру компания басымдықтарының бірі болып табылады.

Ұлттандыру бағдарламасы қысқа және ұзақ мерзімді жобалардан басқа ҚПО-ның, оның ішінде компанияның функционалдық бөлімшелерінің қазақстандық жұмысшыларын қамтиды. Жобаларды ұлттандыру бағдарламасынан алынып тасталу себебі жүзеге асыру мерзімінің шектеулілігі мен жобалардың тұрақсыздығы болып табылады. Жобалардың шет елдік те, қазақстандық та персоналы жобаны әзірлеу және аяқтау аясында белгілі бір жұмыс көлемін орындауға жалданған уақытша жұмыскер болып саналады. Жоба аяқталған соң, персоналдың ҚПО ішінде басқа лауазымдарға ауыстырылуы немесе еңбек нарығына шығарылуы мүмкін.

Кадрлардағы қазақстандық қамтуды көбейту стратегиясы компанияның осы мақсаттары мен ұзақ мерзімді жоспарларын көрсетеді. Кадрлардағы қазақстандық қамтуды арттыру мақсаттарына қол жеткізу, сонымен қатар басқару аясындағы ұйымдық мүмкіндіктерді жақсарту білім мен тәжірибені дамытуда ғана емес, басқарушылық мүмкіндіктер мен үміткерлердің орынбасарлық тәжірибесіне де байланысты. Осы аспектіні ескере отырып, ҚПО ең дарында қазақстандық қызметкерлерді басқарушылық лауазымдарға жылжыту тәжірибесін қолданады, олардың ішінде жедел дамыту бағдарламасының қатысушылары бар.

Сонымен қатар ҚПО тәжірибе жинақтау және беру процесін жеделдету мақсатында дамудың кешенді әдісін тәжірибеден өткізуде, бұл, өз кезегінде, кадрлардағы қазақстандық қамтудың артуына көмектеседі.

Кадрлардағы қазақстандық қамтудың арту динамикасы бизнес қажеттіліктеріндегі кез келген өзгерістерді көрсетеді және Қарашығанақ кен орнының болашақ даму жобасына бағытталған компания бастамаларына тәуелді болады.

2014 ж. қорытындысы бойынша жоғары және орта буын басшылары арасында ұлттандырылған лауазымдар саны 8-ді құраса, тиісінше, 7 лауазым білікті жұмысшылар мен супервайзерлер қатарынан болды. ҚПО-дағы жалпы ұлттандыру 93%-ды құрады. Санаттар бойынша көрсеткіштер 34-кестеде келтірілген.

34-Кесте. Қызметкерлер санаттары бойынша ұлттандыру жоспары

Санат	Сипаттама	2013	2014
1	Басшылар	68%	70%
2	Кәсіби мамандар мен супервайзерлер	94%	95%
3	Техникалық персонал	100%	100%
4	Әкімшілік және кеңсе персоналы	100%	100%

Шет елдік жұмыс күшін тарту заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес, жаңа «ҚПО-ның 2015-2020 жылдарға кадрларда қазақстандық қамтуды көбейту бағдарламасы» дайындалды. Аталған бағдарлама жұмысшылардың тізімдік санынан Қазақстан азаматтарының санының қатынасын есептеу жиынтық принципін сипаттайды:


- бірінші және екінші санатқа қатысты жұмысшылар - 70%-дан кем емес;
- үшінші және төртінші санатқа қатысты жұмысшылар - 90%-дан кем емес.

Жоғарыда келтірілген тұжырымды назарда ұстай отырып, 2015 жылдан бастап ҚПО-да ұлттандыру есептілігі келесідей жүзеге асатын болады:

САНАТ	СИПАТТАМА
1+2	Бірінші басшылар мен олардың орынбасарлары / Құрылымдық бөлімшелер басшылары
3+4	Мамандар / Кәсіби жұмысшылар


23-сызбада ҚПО-ның негізгі ұйымындағы (яғни, уақытша жобалар алынып тасталған) шетелдік қызметкерлердің жалпы саны көрсетілген.

23-Сызба. 2012-2014 жж шетелдік жұмысшылар саны




24-сызбада негізгі ұйымдағы жергілікті және шетелдік персоналдың саны бойынша мәліметтер көрсетілген.

24-Сызба. 2012-2014 жж. қазақстандық және шет елдік мамандардың үлесі



25-сызбада ҚПО құрылымындағы, оның ішінде негізгі ұйым мен уақытша жобалардағы жоғары және орта буын басшыларының, шетелдік және жергілікті жұмысшылардың жалпы саны жас ерекшелігі мен жыныстық белгісіне қарай көрсетілген.

25-Сызба. Қазақстандық және шетелдік менеджерлердің саны жас ерекшелігі мен гендерлік санаты бойынша



ҚПО-ның 2015-2020 жж. Кадрлардағы қазақстандық қамтуды көбейту жөніндегі бесжылдық қайта қарастырылған бағдарламасына сәйкес компания ұлттандыру стратегиясын жүзеге асыруды жалғастыруды басты мақсат тұтқан.

ЖҰМЫСШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚПО жұмысшыларының кәсіподақ ұйымдарын ұйымдастыру және ұжымдық келіссөздерге қатысу құқығы толық қолдау табады. Жұмысшы құқықтарын қолдауда және қорғауда кәсіподақтар негізгі рөлдердің бірін атқарады.

ҚПО-да жұмысшылардың мүддесін қорғайтын екі кәсіподақ жұмыс істейді. Кәсіподақтар қызмет барысында әлеуметтік-еңбек қатынастарының әртүрлі аспектілерін қамтитын Ұжымдық келісімшарт жобаларымен жұмыс істейді. Ұжымдық шарт ережелері кәсіподақтарға мүшелігіне қарамастан, ҚПО штатына қабылданған барлық жұмысшыларға қатысты. Келісімшарттар екі жылда бір рет қаралады.

2012 ж. қол қойылған Ұжымдық шарттарға сәйкес, ҚПО компанияның жойылуы, тиісінше персонал санының қысқаруы және жұмысшылар жағдайының нашарлауына әкелетін төлем түрінің, жүйесінің немесе сомасының өзгеруі сияқты жағдайларды кәсіподақтарға кем дегенде 2 ай (8 апта) бұрын ескертуі тиіс.

ҚПО-ның персоналмен өзара қарым-қатынас жөніндегі тобы кәсіподақтармен өзара жұмыс істеумен қатар, қолданыстағы және сәтті ендірілген өтініш беру механизмдерінің көмегімен алынған арыз-шағымдарды қараумен айналысады. Арыз-өтініштер беру механизмі анонимді «жедел желіні», жұмысшылардың Еңбек ресурстары басқармасына тікелей арыз-өтініштері мен кәсіподақтар арқылы айтылған өтініштерді қамтиды. 2014 ж. келіп түскен және қарастырылған арыздар мен өтініштер негізінен еңбекақыны өсіру, тұрғын-жайға қосымша төлемақы қосу, қосымша төленетін демалыс беру және жұмысшылардың есептік мерзім ішінде жұмыстарды орындауына және персоналдың дамуына қойылған бағалармен келіспеуі мәселелеріне қатысты. Алынған барлық арыздар мен өтініштер қаралып, жыл ішінде шешімін тапты.

Заңнамалық талаптардың орындалуына жеткілікті назар аударылмағандықтан, кейбір мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарда мәжбүрлеп еңбек еткізу және/немесе жұмысшылардың жиналыстар немесе ұжымдық келіссөздер өткізу құқығын бұзу істері орын алады. Мұндай жағдайлардың алдын алу және ескерту мақсатында ҚПО бас тапсырыс беруші ретінде барлық мердігерлерге заңнама мен ішкі Процедура/Саясат талаптарын тұрақты түрде түсіндіріп отырады. Мысалы, қазіргі уақытта 14 мердігерлік ұйымның жұмысшылары «Газ өнеркәсібі, көлік және құрылыс жұмысшыларының кәсіподағының» аймақтық бөлімшесі болып табылатын ҚПО Қарашығанақ кәсіподақ ұйымының мүшелері болып табылады.

Ұжымдық келісімшарт аясында ҚПО-ның зейнеттік жоспары 58-63 жасқа толған ер адамдар мен 53-58 жасқа толған әйел адамдарға сыйақы бере отырып, еңбек қатынасын өз еркімен бұзу бағдарламасын қамтиды. Бұл бағдарламаның шарттары бойынша ақшалай өтемақы мөлшері жұмысшының жасына қарай 6 айдан кем емес және 36 айдан көп емес салықтарды төлегенге дейінгі (қандай да бір басқа төлемдерді, сыйақыларды немесе үстемеақылар және т.б. қоспағанда) жұмысшының айлық жалақысының мөлшерін құрайды. Еңбек қатынастарын өз еркімен бұзу бағдарламасы компаниямен белгіленбеген мерзімге келісімшартқа отырған және ҚПО-да кем дегенде 10 жыл еңбек өтілі бар жұмысшыларға қатысты. 2014 ж. Компанияның 10 жұмысшысы осы бағдарламаны пайдаланды.

Бұған қоса ҚПО компаниядан зейнеткерлікке шыққан жұмысшыларға материалдық көмек беріп отырады. Аталған төлемақы ағымдағы Ұжымдық келісімшартта да көрсетілген. Сонымен қатар ҚПО өз зейнеткерлеріне зейнетке шыққаннан соң 3-5 ішінде медициналық сақтандыруды сақтайды.

ҚПО кәсіподақтарымен келісілген ұжымдық келісімшарттар ЕҚ мен ТҚ мәселелерін де қарастырады, оның ішінде:

- ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша процедуралар әзірлеп, енгізу;
- ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша проблемалық мәселелер туындаған жағдайда тиісті шаралар қолдану үшін, қызметкерлерді оқыту курстарын ұйымдастыру;
- Алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған қаражаттың жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз ету;
- Жұмысшыларды тұрақты медициналық тексеруден өткізу;
- Жұмыс істеп тұрған өндірістік нысандардағы жұмыс орындарында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар қабылдау, өрт немесе басқа да төтенше жағдайлар туындаған жағдайда қажетті өртке қарсы құрылғылармен, құтқару құралдарымен, эвакуациялау тәртібімен қамтамасыз ету;
- Жұмысшыларды тегін арнайы қорғаныс киімдерімен, арнайы аяқ киіммен, сәйкес келетін өлшемдегі және сападағы ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету;
- Жұмыс орындарында өндірістік қауіпсіздік, санитария және денсаулық, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, қызметкерлерді өндірістік жарақаттар мен кәсіби аурулардан сақтандыру бойынша үздіксіз шаралармен қамтамасыз ету.

ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер пакеті ҚПО-мен еңбек шартына отырған барлық жұмысшыларға беріледі.

2014 ж. ішінде ҚПО-да жергілікті персоналды жалдау, ұстап қалу және ынталандыру жағдайларын жақсартуға бағытталған жұмыстар жалғастырылды. Мұнымен қатар ҚПО жұмысшыларының жалақысын жыл сайын қайта қарап отырады.

2014 ж. жалақылар мен жеңілдіктерді қайта қарау процесі мыналарды қамтыды:

- 2014 ж. инфляция деңгейі мен күн көру минимумының өзгеруіне байланысты 1 қаңтарда жалақылар 7%-ға жалпылама өсірілді;
- ұлттық валютаның девальвациясына байланысты 1 наурызда жалақылар 10%-ға жалпылама өсірілді;
- жалақыларды жеке өсіру;
- 2014 ж. жеке жұмысты орындау нәтижелері бойынша берілген жылдық сыйақы;
- 2014 ж.-дан бастап Ақсай қаласынан тыс тұратын қызметкерлерге жатын орнына төлемақы беріледі;
- Ақсай қаласында тұратын қызметкерлердің тұрмыстық жағдайларын жақсартуға қосымша ақы қосылды;

- ГҚҚД-2-нің барлық қызметкерлеріне үш жыл бойына жұмыс уақытын жоғалтқан оқиғаларсыз жұмыс істегендері үшін қараша айында сыйақы берілді;
- ГҚҚД-3-тің барлық қызметкерлеріне бес жыл бойына жұмыс уақытын жоғалтқан оқиғаларсыз жұмыс істегені үшін қазан айында сыйақы берілді;
- нарық деңгейіне келтіру мақсатында жекелей құрылымдық бөлімшелерде жалақыны есіру;
- есепке алынатын оқиғалардың жалпы жиілігі (ЕАОЖ) бойынша жоспарлық көрсеткішке жеткені үшін, ҚПО-ның барлық қызметкерлеріне 2015 ж. қаңтар айында сыйақылар төленді.

Жеңілдіктер жұмысқа алынған кездегі әлеуметтік пакеттің маңызды бөлігі болып табылады және қаржылық және қаржылық емес элементтерден тұрады. 2014 ж. ҚПО жеңілдіктеріне мыналар кірді:

Қаржылық төлемдер:

- Жыл соңындағы сыйақы (айлық базалық жалақы көлемінен 100%);
- Денсаулығын жақсартуға берілетін бір реттік материалдық көмек (айлық базалық жалақы көлемінен 100%);
- Мұнай мен газ өнеркәсібі жұмысшысының мерекесіне сыйақы (айлық базалық жалақы көлемінен 100%);
- Бала туылуына байланысты бір реттік ақшалай жәрдемақы;
- Жұмысшының өліміне байланысты материалдық көмек (жұмысшының ЕШ бойынша 12 жалақысы мен салттық шығындарға көмек);
- Жұмысшы жанұясының мүшесі қайтыс болған жағдайда материалдық көмек;
- Зейнеткер қайтыс болған жағдайда материалдық көмек;
- ҚПО зейнеткерлеріне әлеуметтік көмек;
- ҚПО жұмысшыларына оқу грантын беру бағдарламасы;
- Жұмысшылар үшін санаторийлік-курорттық емделуге жыл сайынғы төлем;
- Ауғанстан соғысының ардагерлеріне айлық үстемақы;
- Әйелдерді 50-55 жас, ер адамдарды 50-60 жас мерейтойларымен құттықтау;
- 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне сыйақы;
- ҚПО компаниясында еңбек еткен жылдарына айлық үстемақы;
- 58 жастан асқан ерлер мен 53 жастан асқан әйелдер үшін өз еркімен еңбек шарттарын бұзу бағдарламасы бойынша жеңілдікпен қамтамасыз ету;
- Ақсай қаласында тұрақты тұратын жұмысшылардың тұрғын-жайын жақсартуға үстемақы;

- Ақсай қаласынан тыс тұратын жұмысшылардың тұрғын-жайына үстемақы;
- Атырау қаласынан тыс тұрақты тіркелген, Атырау қаласында жұмыс істейтін жұмысшылардың тұрғын-жайына үстемақы;
- Астана қаласынан тыс тұрақты тіркелген, Астана қаласына уақытша ауыстырылған жұмысшылардың тұрғын-жайына үстемақы;
- Ауысымдық кестемен жұмыс істейтін және Ақсай қаласынан тыс тұратын жұмысшылардың жолақысына үстемақы,
- Компания саясатына сәйкес компания жұмысшыларына әлеуметтік мақсатта төрт айлық жалақыдан кем емес аванстық төлемдер төлеу.

Қаржылық емес жеңілдіктер:

- Ақсай қаласынан тыс тіркелген, 1-4 грейдке ие Ақсай қ. жұмысшыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету және тамақтандыру;
- Жұмысшылар мен олардың жанұясын медициналық сақтандыру Жедел жәрдем шақыру, созылмалы ауруларды емдеу, жүктілік және босандыру кезінде бақылау мен координациялау, кәсіби ауруларды емдеу және стоматологиялық қызметтерді қамтиды. Қызметтер медициналық сақтандыру шартына сай ұсынылады.
- Жұмыс орнына және кері жол жүруге арналған тегін көлік;
- Кен орнындағы жұмысшыларды тегін тамақтандыру;
- 14 жасқа дейінгі және оны қоса барлық жұмысшылардың балаларына жаңа жылдық сыйлықтар сыйлау;
- Қосымша төленетін демалыс уақытша жұмысқа жарамды болмаған кезде кен орнының персоналына және инженерлік-техникалық персоналға, халықаралық жарыстарға қатысатын спортсмендерге, оқитын жұмысшыларға, үйлену тойына, жерлеу рәсімдеріне беріледі.

Компаниядағы өнімділік көрсеткіштерін тұрақты жақсарту мақсатында жұмыстардың орындалуын бағалау және персоналды дамыту процедурасы жұмыс істейді. Процесс компаниямен 1 шілдеге дейін еңбек шартына отырған және бағалауға дейінгі жыл ішінде алты күнтізбелік айдан кем емес жұмыс істеген барлық ҚПО жұмысшыларын қамтиды.

ҚПО-ға агенттіктер арқылы жалданған қызмтеккерлерге осы агенттіктердің ұжымдық келісімдері жүреді. Жеке жоспарланатын төлемақылар, оның ішінде бюджет ҚПО мен осы агенттіктер арасында келісіледі.

Ұжымдық келісімшартқа сәйкес компаниядағы жас мамандарға берілетін ең төмен жалақы 120 000 теңге деңгейінде белгіленген. Жыл сайынғы салыстыруға сүйенсек, ҚПО жұмысшыларының орташа еңбекақысы БҚО бойынша орташа көрсеткіштен 2,5 есе көп.

2014 ж. екі кәсіподақ ұйымының қатысуымен өткен келіссөздер нәтижесінде компания мен Өкілетті орган басшылығы Ақсай қаласында тұрақты тұратын компания жұмысшыларының тұрғын-

жайын жақсарту және Ақсай персоналын ұстап қалу мақсатында әлеуметтік үстемақы енгізуге шешім қабылдады. Сондай-ақ 2014 ж. 1 сәуірінен бастап аталған үстемақыны төлеу бойынша қайта есептеу жүргізілді.

Жоғарыда атап өткендей, тұрғын үйге үстемақы төлеу шарттары қайта қарастырылды. Осылайша, Ақсай қаласында жұмыс істейтін компанияның барлық жұмысшыларына не тұрғын үйіне, не тұрақты тіркелген орнына қарай тұрғын үй жағдайын жақсартуға үстемақы беріледі.

СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТТЕРМЕН БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ

ҚПО өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және жас кадрларды тарту мақсатында университеттермен бірлесе жұмыс істеу жұмыстарын жалғастыруда. Ақпарат төменде кейстер түрінде берілген.

№ 8 мысал: ҚПО-ның оқу орындарымен байланысы

Мақсаты:

Жас мамандардың Қарашығанаққа жұмысқа орналасуына жағдай туғызу мақсатында ҚПО-ның оқу орындарымен байланыс жасауы.

Шешімі:

Серіктестік Студенттің тәжірибеден өту бағдарламасы арқылы, сонымен қатар әртүрлі студенттік форумдар мен бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысу арқылы жүзеге асады. Бұл, өз кезегінде, студенттің компанияның жұмысқа алу талаптарымен алдын ала танысуына, сондай-ақ машықтануға орналасуға немесе болашақта өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына жол ашады. Сол сияқты мұндай жәрмеңкелерге қатысу жұмыс берушінің болашақ үміткерлермен байланыс жасауына, ал форумдарға қатысу кәсіби мамандар мен студенттер арасында диалог алаңын тудыруға ықпал етеді.

Қорытынды:

2014 ж. Студентті тәжірибеден өткізу бағдарламасын жүзеге асыру қорытындысы бойынша 21 оқу орнының 405 студенті компанияның әр түрлі бөлімдерінде 20 мамандық бойынша өндірістік тәжірибеден өтті.

2014 ж. 18-19 сәуірінде Алматы қаласында Қ.И. Сәтпаев ат. Қазақ Ұлттық Техникалық Университетінің базасында 11-ші Халықаралық мұнай-газ жастар форумы өтті. ҚПО атынан форумда Ержан Садықов пен Азат Хузин сөз сөйлеп, өздерінің Қарашығанақтағы тәжірибелері туралы баяндама оқыды. 2014 ж. 21-22 қазанында Орал қаласындағы Жоғары техникалық мектеп базасында студенттер мен жас ғалымдар «Біз – болашақтың қуатымыз» атты республикалық инновациялар мен ірі ашылулар байқауына қатысты. ҚПО инженер-технологтары Таңат Сұлтанов пен Нұрлан Сүлейменов байқауға мұнай мен газ мәселелері жөніндегі сарапшы ретінде қатысты. 2014 ж. қарашасында ҚПО-ның персоналмен жұмыс істеу жөніндегі басқармасының өкілдері Астана қаласындағы Назарбаев университетінде және Алматы қаласындағы Энергетика және байланыс университетінде бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысып қайтты.

№ 9 мысал: ҚПО-ның шәкіртақы бағдарламасы**Мақсаты:**

Қазақстандық персоналды тұрақты кәсіби дамыта отырып, кәсіби білімін жетілдіру.

Шешімі:

ҚПО-ның шәкіртақы бағдарламасын іске қосу арқылы жұмысшылардың қосымша жоғары білім алуын қаржыландыру. Бағдарлама компания қызметкерлері және олардың балаларына грант ұсынуды қамтиды. Мұнай-газ саласы бойынша қосымша жоғары білім алғысы келетін, сондай-ақ кәсіби даму әлеуеті бар қызметкерлер аталған бағдарламаға қатысуға өтініш бере алады.

Қорытынды:

2002 ж. аталған бағдарлама басталғаннан бері 191 қызметкер мен компания қызметкерлерінің 375 баласы жалпы сомасы 1 715 156 млн АҚШ доллары көлемінде шәкіртақы алды. 2014 ж. 31 қызметкер мен 34 бала жалпы сомасы 197 656 АҚШ доллары көлемінде шәкіртақыға ие болды.

ҚПО компанияның өндірістік қызмет аймағының айналасында орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен тату көршілік қарым-қатынас жасауға және нығайтуға тырысып, жергілікті билік органдарына аумақтарын өсіп-өркендетуде көмек көрсетеді. осылайша біз қоғамның дамуына қолымыздан келгенше көмегімізді көрсетіп, мүдделі тұлғалармен қарым-қатынасымызды нығайта отырып, компания қызметінің теріс тұстарын алдын алуға және азайтуға және барынша пайдалы болуға күш саламыз.

35-кесте. Біздің жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынас жасау саласындағы міндеттеріміз

2014 ж. Біздің міндеттеріміз	Міндеттердің орындалу күйі	2014 ж. Міндеттерді орындауға қолданылған әрекеттер	2015 ж. Міндеттер
2014 ж. аяғында жергілікті тұрғындарды дамытуға жәрдемдесу бойынша жоспарланған бағдарламаны 100% орындап, 2014 жылдың ақпан айында 2014 жылға арналған әлеуметтік бағдарланған жобаларды жүзеге асыру жоспарын шығару.	Иә	2014 жылға арналған әлеуметтік бағдарланған жобаны жүзеге асыру жоспары жобалау келісімшартының кеш табысталуына және ауыл округтеріндегі спорт алаңдарының құрылысы бойынша жобаның орындалмауына байланысты 85% ғана орындалды. Жоспарға сәйкес білім, денсаулық сақтау, мәдениет саласында жоспарланған басқа да жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесу бағдарламалары орындалды, сонымен бірге Бөрлі ауданы әкімдігімен және мәслихатымен ынтымақтастық жөніндегі 3 жақты Меморандумға қол қойылды.	2015 ж. 1-тоқсанында 2015 жылға арналған жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесу бойынша бюджеттен мақұлдама алу және 2015 жылға арналған әлеуметтік бағдарланған жоспар жасау.
Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан бес ауылдық округтің сегіз ауылында 16 консультативтік кеңес отырысын өткізу	Иә	Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан бес ауылдық округтің сегіз ауылында 21 консультативтік кеңес отырысы өткізілді. Жергілікті тұрғындармен кездесулердің тақырыбы ҚПО-ның экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларын қамтыды.	ҚПО қызметі жөнінде ақпаратты ұсына отырып, тоқсан сайын Консультативтік кеңеспен кездесулер өткізіп отыру.

<p>Арыз-талаптар мен ұсыныстарды қарау бойынша процедура мониторингін өткізуді жалғастыру</p>	<p>Иә</p>	<p>2014 жыл ішінде ҚПО жергілікті тұрғындардан түскен Арыз-талаптар мен ұсыныстар процедурасын бақылап отырды. Жыл ішінде ҚПО-ға жергілікті тұрғындардан 25 арыз-талап түсті, оның 23-і газ иісіне қатысты. Барлық арыз-талаптар Процедураға сәйкес қарастырылып, арызданушыға уақытылы жауап берілді.</p>	<p>Жергілікті тұрғындардың арыз-талаптары мен ұсыныстары процедурасына мониторинг жүргізуді жалғастыру</p>
<p>GRI G4 нұсқаулығына сәйкес 2013 жылға арналған тұрақты даму жөніндегі есепті шығару</p>	<p>Иә</p>	<p>2013 жылға арналған Тұрақты даму туралы ҚПО есебі GRI G4 нұсқаулығының талаптарына сәйкес шығарылды</p>	<p>2014 жылға арналған тұрақты даму туралы есепті GRI G4 нұсқаулығына сәйкес шығару</p>

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ

Компанияның жергілікті халықпен жұмыс істеу қызметі Халықаралық қаржылық корпорацияның экономикалық қызметі нормативтерінің негізінде 2009 ж. қабылданған ҚПО-ның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатымен, стандарттарымен және процедураларымен анықталады. Өз жұмысымызда біз ҚПО технологиялық нысандары мен учаскелеріне ең жақын орналасқан елді мекен тұрғындарына баса назар аударамыз. 2014 ж. басында ҚПО компанияның коммерциялық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесуге бағытталған 2014 жылға арналған әлеуметтік бағдарланған жобаларды жүзеге асыру жоспарын бекітіп, осы Жоспардың мемлекеттік бағдарламалармен және тұрғындардың мұқтаждықтарымен сәйкестігін қамтамасыз етті.

ҚПО-ның әлеуметтік бағдарланған жобаларының жоспары білім, денсаулық сақтау, халықтың қорғансыз топтарына (соғыс және еңбек ардагерлері, мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі және қиын жағдайға тап болған балалар) әлеуметтік жәрдем көрсету саласындағы бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтиды. Сонымен бірге аталмыш Жоспар жергілікті халықтың бастамасы бойынша компанияның қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне, геодинамикалық зерттеулерге, арыз-талаптар мен ұсыныстар процедурасына мониторинг жүргізуге байланысты өткізетін зерттеулері бойынша кеңес өткізуді қарастырады.

Осы Жоспарға сәйкес компанияның Жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесу бағдарламасын жүзеге асыру туралы егжей-тегжейлі сипаттама осы тараудың соңында берілген.

ҚПО-ның әлеуметтік бағдарланған жоспарында компанияның әлеуметтік қауіп-қатер төндіруі ықтимал мәселелерді шешуге демеу көрсете отырып, жергілікті халықтың мүдделері мен даму басымдықтарын қалай ескеретіндігі сипатталады. Біз жергілікті қоғамдастықтар мен Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесімізді қосуға тырысамыз.

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДИАЛОГ ҚҰРУ

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жиналыстар мен кеңестер ҚПО қызметінің негізі болып табылады. Ресми кеңесші органдардан (Консультативтік кеңестер) бастап жергілікті билік органдары, мемлекеттік емес ұйымдар мен басқа да мүдделі тараптар қатысатын қоғамдық тыңдауларға дейін бірқатар әдіс-тәсілдер қолданылады.

Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан төрт ауылдық округтегі сегіз елді мекенді қамтитын Консультативтік кеңестер 2005 ж. ҚПО, Бөрлі аудандық әкімдігі мен Мәслихат арасындағы үш жақты Ынтымақтастық меморандумы негізінде құрылды. 2014 жылға арналған Жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесу бағдарламасын қамтитын осы Ынтымақтастық меморандумы 2014 ж. 12 мамыр күні жаңартылып, қайтадан қол қойылды.

Консультативтік кеңестер ауыл округтерінің, жергілікті билік органдарының, ынталы топтардың сенімді өкілдері мен ҚПО мамандарының қатысуымен өткізіледі. Консультативтік кеңестер жүйелі түрде өткізіліп отырады. Осы отырыстарда жергілікті халық өкілдеріне қызықтыратын мәселелерін талқылауға, ұсыныстары мен бастамаларын енгізуге, арыз-шағымдарын айтуға және ҚПО-ның ағымдағы және жоспарланған жұмыстарындағы өзгерістер туралы ақпарат алуына мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар консультативтік кеңестер ҚПО-ның жергілікті халыққа арналған әлеуметтік-экономикалық инвестицияларының басымдықтарын анықтаған кезде де өткізіледі.

Консультативтік кеңестер түрінде жүзеге асырылатын жергілікті халықпен жасалатын диалог ҚПО-ға сұрақтарға жауап беруіне, пайда болуына қарай ұсыныстар мен мәселелерді талқылауына, сонымен бірге ҚПО үшін де, жергілікті халық үшін де тиімді мүмкіндіктерді дамытуға мүмкіндік туғызады.

2014 ж. Консультативтік кеңестің қатысуымен 21 отырыс өткізілді. Осы жиналыстар барысында Консультативтік кеңес мүшелері мен ҚПО-ның халықпен жұмыс істеу бөлімі ҚПО-ның жергілікті қоғамдастықтардың дамуына жәрдемдесу бағдарламасын талқылады. Оның ішінде 2014 ж. басында ҚПО мамандары әр ауылдық округтің тұрғындарына 2013 жылға арналған ҚПО-ның әлеуметтік бағдарланған бағдарламалар жоспарының орындалуы туралы егжей-тегжейлі есеп берді және 2014 жылдың жұмыс жоспарын талқылады. Ауыл тұрғындарының ұсыныстары мен арыз-талаптары тиісті Кездесулер хаттамасына енгізіліп, ҚПО әлеуметтік бағдарланған жобалар жоспарын орындаған кезде назарға алынды. Мысалы, Жарсуат ауылының тұрғындары Жарсуат орта мектебінің ауылдық шеберханасына сантехникалық қондырғы орнатуға өтініш білдірген болатын. 2014 ж. желтоқсан айында «Қиялдан – шындыққа» атты 2014 Мәскеу марафонына қатысқан ҚПО директорларынан жиналған қайырымдылық қаражатына аталған мектептегі санитарлық торапқа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2014 ж. жаз айында ҚПО-ның жергілікті тұрғындармен жұмыс істейтін қызметкерлері жергілікті халықты ҚПО 2013 ж. тұрақты даму туралы есебімен таныстырды.

Экологиялық зерттеулер

Жергілікті тұрғындардың қызығушылықтарын және Консультативтік кеңестер барысында көтерілетін мәселелерді ескерте отырып, ҚПО жауапты мердігер ұйымдардың қатысуымен Березовка ауылының тұрғындарын осы ауылда өткізілетін ұзақ мерзімді кешенді экологиялық зерттеулердің аралық нәтижелерімен таныстырды.

2011 жылы басталған, Березовка ауылындағы көкөністер сапасын, топырақ пен су күйін, сонымен бірге мал бастарының физиологиялық жағдайын далалық жағдайда зерттеу жұмыстары 2014 ж. жалғастырылды. 2011-2014 жылға есептелген жоба қоршаған орта компоненттері мен ауылшаруашылық өнімдердегі ластаушы заттардың концентрациясына мониторинг жүргізуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері Березовка ауылының экологиялық жағдайы бақыланатын елді мекен ретінде таңдалған және ҚПО өндірістік нысандарынан 80 км қашықтықта орналасқан Долинный ауылының экологиялық жағдайынан ерекшеленбейтінін көрсетті.

Геодинамикалық зерттеулер

Жергілікті халықтың ҚМГКК айналасында пайда болған шұңқырларға қатысты алаңдаушылығын ескере отырып, 2014 ж. ҚПО Шұңқырлардың немесе суффузиялық шөгінділердің пайда болуын зерттеу жөніндегі шаралар жоспары аясындағы ұзақ мерзімді геодинамикалық зерттеулерін жалғастырды. 2013 жылға арналған ҚПО-ның тұрақты даму туралы есебінде біз оқырмандарымыз бен Березовка ауылының тұрғындарына 2009-2013 жылдарда алынған аралық зерттеу нәтижелерін хабарладық.

2014 жылғы зерттеулер кен орнының солтүстік-шығыс учаскесіндегі суффузиялық шөгінді процестерінің (шұңқырлардың) көп жылдар бойы артық судың қарқынды төгілуімен байланысты екенін көрсетті. Су қоймасын ауылшаруашылық қажеттіліктер үшін қарқынды пайдалану кезінде судың ағызылуы мүмкін. Судың су қоймасынан қарқынды ағызылуын су қоймасынан шұңқырлар

пайда болған аймаққа дейінгі құрғаған арнадан (эрозиялық ойықтан) байқауға болады. Қазіргі таңда су қоймасынан ешкім суды әдейі ағызбайды. Қазір бұл жер қараусыз қалған. Алайда арна пайда болғандықтан, су қоймасы толған кезде судың одан өздігінен аға беруі мүмкін. Сондай-ақ арнаға еріген сулар қосылып, шұңқырлар аймағының төменгі жақтарына екпінмен және өте үлкен көлемде құйылуы мүмкін.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

2014 ж. маусым айында ҚПО Бөрлі ауданы әкімдігінің қолдауымен қоғамдық тыңдаулар өткізіп, жұртшылық пен жергілікті халық өкілдерін 2014 ж. тамыз-желтоқсан айларына және 2015 ж. Ақсай қаласындағы Табиғатты қорғау шаралар жоспарымен таныстырды.

ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарына парникті газдар қалдықтарын азайту, құрылыс жұмыстары аяқталғаннан соң жер учаскелерін қалпына келтіру, техникалық қажеттілікке табиғи көздердің суын пайдалануды азайту шараларын, сонымен бірге өндіріс және тұтыну қалдықтарын, атмосфералық ауаны қорғау, сондай-ақ экологияны насихаттау мен ағарту бойынша басқа да шараларды қамтиды. Іс-шаралар жоспары мен оның орындау нәтижелері туралы 73-74 беттегі «Қоршаған ортаға қамқорлық» тарауынан толығырақ біле аласыз.

Тыңдауға аудандық Мәслихат, Бөрлі ауданының әкімдігі мен кен орнына жақын орналасқан ауыл округтерінің өкілдері, қоғамдастық, халық өкілдері, ынталы топтар мен бұқаралық ақпарат құралдарының мүшелері қатысты.

Қоғамдық тыңдау қатысушылары өздерін қызықтыратын мәселелерді қозғау мүмкіндігіне ие болды. Тыңдауда қозғалған мәселелер 2013 ж. ҚМГКК санитарлық-қорғау аймағына орнатылған ескерту белгілеріне, ҚПО-ның мемлекет меншігіне мал бағуға және диқан шаруашылығына берген құнарландырылған жерінің жарамдылығы төңірегінде болды.

Жалпы алғанда, тыңдаулар қорытындысы бойынша «2014 ж тамыз-желтоқсан айларына арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары» мен «2015 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары» қоғамның мақұлдауына ие болды.

2014 ж. қазан айында ҚПО «ҚМГККО маңында бақылау ұңғымаларының алаңдық желісін жасау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізді. Бұл жобаны жүзеге асырудың мақсаты ҚМГКК жерасты суларына мониторинг жасау жүйесін ары қарай дамыту болып табылады. Сонымен бірге жоба ҚМГКК жерасты суларының өндірістік және мемлекеттік мониторингінің бақылау жүйесін дамытуды көздейді, бұл өз кезегінде ҚМГКК-дағы және СҚА бойындағы жерасты суларының жағдайына баға беріп, осы күйімен болашақты болжауына мүмкіндік береді. Қоғамдық тыңдауларда жоба ашық дауыс беру арқылы бекітілді.

Жоба мен ҚОӘБ бөлімі БҚО бойынша Экология департаментінде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтті.

АРЫЗ-ТАЛАПТАРМЕН ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

ҚПО-да Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан төрт ауылдық округінің тұрғылықты халқының арыз-шағымдарымен жұмыс істеу бойынша ресми процедура қабылданған. Егер арыз және өтініш компанияның өндірістік қызметімен байланысты болса, кен орнына жақын

орналасқан ауылдардың кез келген тұрғыны ҚПО-ның жергілікті тұрғындармен жұмыс істейтін қызметкеріне жолығуға немесе арыз-талаптарын барлық сегіз жақын ауылдың қоғамдық орындарында орнатылған арнайы формалар мен жәшіктерді пайдаланып, жазбаша түрде жіберуге құқығы бар. Кейін компания шағымды/өтінішті қарастырып, оны реттеу шешімін шығарады.

2014 ж. өткен жылдардың тәжірибелерін ескеріп және шағымдармен жұмыс істеу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында, ҚПО жоғарыда аталған процедураны жаңартып, ұсынылған өзгертулерді жергілікті халықпен талқылады. Оның ішінде процедураға компанияның арыз берушіге арыздың қабылдағаны жөніндегі растамасы мен оны тексеру процесінің сипаттамасы бар ресми хат жіберетіндігі туралы ереже енгізілді. Алдыңғы процедураға сәйкес, жергілікті тұрғындармен жұмыс істеуші маман арыз берушілермен кездесіп, шағым айтушы тұлғаны компания жүргізген тексеру нәтижелерімен таныстырды.

2014 жылдағы тұрғындардың газ иісіне байланысты шағымдары

ҚПО компаниясында атмосфералық ауа сапасын бақылаудың қатаң жүйесі жасалған және әрекет етеді. ҚМГКК маңында орналасқан 9 елді мекеннің әрқайсысында атмосфера ауасының сапасын бақылайтын стационарлық бекеттер орнатылған.

Көрсетілген бекеттерде тәулігіне 4 рет ауа сынамасы алынып, зертханаға талдауға жіберіледі. Көрсетілген стационарлық бекеттерде талдауға ауа сынамаларын жинайтын қызметкерлер сол елді мекеннің арнайы оқытылған тұрғындары болып табылады.

Газ иісі шыға бастаған кезде, елді мекен тұрғындары шағымдарды тіркету үшін ҚПО апаттық байланыс орталығының (АБО) операторына дереу қоңырау шалып, ауа сынамасын жоспардан тыс алуы үшін, стационарлық бекеттің қызметкеріне хабарласуы керек. Стационарлық бекеттің қызметкері ауа сынамаларын жинап, оларды зертханаға талдауға жібереді.

АБО операторы елді мекенде газ иісінің пайда болуына қатысты арыз қоңырауын қабылдайды да (журналға тіркейді), кен орнындағы экологиялық мониторинг секторының басшылығына хабар береді. Экологиялық мониторинг секторының басшысы өз кезегінде:

- кен орнының нысандары мен жүргізіліп жатқан ұңғымалық операциялардың ауылдарда газ иісінің пайда болуына әсер ету ықтималдығы бойынша алдын ала ақпарат жинақтап, талдаудан өткізеді;
- шағым түскен елді мекен аумағында орналасқан стационарлық автоматты станциялардан (САС) ауадағы бақыланатын ластаушы заттардың нақты концентрациялары туралы жедел ақпарат алуды қамтамасыз етеді;
- шағым түскен елді мекенде өлшеулер жүргізу үшін, қозғалмалы экологиялық мониторинг станциясын (ҚЭМС) жібереді.

«Қарашығанақ кен орнындағы ұңғымалар мен құбыр жүйелеріндегі көмірсутек шикізаттарын (КСШ) жағу кезінде атмосфералық ауа мониторингін ұйымдастыру» процедурасының талаптарына сәйкес, жануды бақылаушы мамандар метеопараметрлерді ескере отырып, ауадағы ЛЗ құрамының факел асты мониторингін жүргізеді. Егер жағу кезінде кен орнының аумағында немесе СҚА шекарасында МШК асуы тіркелсе немесе елді мекен тұрғындарынан газ иісіне шағым түссе, онда КСШ жағуды тоқтату жөнінде шешім қабылданады.

Факел асты өлшеулері кезінде зертханадан, сондай-ақ стационарлық және қозғалмалы экологиялық мониторинг станцияларынан алынған ауа мониторингінің нәтижелерінде шектелген

жарамды концентрациялардың (ШЖК) артпағандығы тексеріледі. Осымен қатар елді мекенде газ иісінің шығуына себеп болған жағдайларды анықтау және нысандардағы жұмыстар мен ҚМГКК-дағы ұңғымалық операциялардың елді мекендегі атмосфералық ауа сапасына ықтималы әсерін бағалау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Барлық қолда бар деректер талданып болғаннан кейін, ауадағы нақты ЛЗ концентрациялары көрсетілген Шағым жөніндегі тексеру нәтижелері туралы есеп дайындалып, арыз берушіге беріледі. Берілген есеппен танысқаннан кейін, арызбен хабарласқан елді мекен тұрғыны ҚПО-ның тексеру туралы есебімен танысқанын жазбаша түрде растап, тиісті формаға қолын қояды.

Жалпы, шағымдар мен ұсыныстар процедурасына сәйкес, 2014 ж. 25 шағым түсті, оның 23-і Жаңаталап пен Березовка ауылын тұрғындарынан газ иісіне қатысты болды (тексеру процесінің толық сипаттамасы төменде берілген). Бір өтініш Березовка ауылындағы ауыз су сапасына қатысты болса, екіншісі Бестау ауылының тұрғынынан науқас баласына көмектесуге білдірген өтініші. Компания түскен шағымдар мен өтініштерді қарастырып, оларды өтініш берушілермен жеке кездесу кезінде және жазбаша түрде реттеді.

Газ иісіне байланысты тіркелген шағымдар туралы толық мәлімет төмендегі кестеде берілген.

36-Кесте

Елді мекен	Арыздар саны	Арыздар тіркелген күн
Орал маңы	1	13 қаңтар
Жаңаталап	13	14 ақпан 9 наурыз 23 сәуір 13, 16 және 29 қазан 14, 19, 22 және 26* қараша 26 және 29 желтоқсан
Березовка	7	20 сәуір 17 мамыр 26 шілде 31 тамыз 5 қыркүйек 28 қараша 2 желтоқсан
Жарсуат	2	17 және 20 тамыз

* Ескерту: 26 қараша күні Жаңаталап ауылының тұрғындарынан 2 шағым түсті.

ҚМГКК санитарлық қорғаныс аймағының айналасында және Березовка ауылында орнатылған автоматты экологиялық мониторинг станциясынан алынған мәліметтерге сәйкес, 2014 ж. бақыланатын компоненттер бойынша шектелген жарамды концентрациялардан (ШЖК) асқан жағдайлар тіркелген жоқ.

Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес ҚПО толық ауқымдағы экологиялық мониторинг өткізеді. Бұл жөніндегі толық ақпарат «Қоршаған ортаға қамқорлық» тарауында берілген және мониторинг станцияларының жұмысының нәтижелері мен ауадағы атмосфера мен газ концентрациясының күйін қамтиды.

Березовка ауылындағы оқушылардың науқастануы

2014 ж. қараша айында Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнынан шамамен бес километр қашықтықта орналасқан Березовка ауылының 23 оқушысы мен 3 мұғалімі Бөрлі аудандық ауруханасына бас айналу, талып қалу және тырысу белгілерімен жатқызылды. Кейбір мемлекеттік емес ұйымдар және облыстық газеттер бұл жағдайды мұқият қадағалап, Қарашығанақ кен орнын кінәлі екендігін көрсетіп мақала шығарды. Бұл жағдай бірнеше республикалық газеттерге басылып шығарылды.

Березовка ауылындағы жаппай науқастану себебін анықтау мақсатында республикалық ведомствоаралық комиссия құрылды. ҚПО тергеу жүргізген құзыретті органдарға барынша көмек көрсетті. Ведомствоаралық комиссия жүргізілген тергеулердің алдын ала нәтижелерін хабарлады, оған сәйкес Березовка ауылы тұрғындарының улануына ҚПО өндірістік қызметі себеп болғандығы жөнінде белгілер анықталмаған. Осымен бірге Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қылмыстық іс қозғап, қазіргі уақытта әлі жалғасуда, осы іс аясында әртүрлі токсикологиялық, сот-медициналық және экологиялық сараптамалар жүргізілуде. Бұл қылмыстық іске осы есеп дайындалып жатқан кезде тергеу жұмыстары жүргізіліп жатты, оның нәтижелері тергеу аяқталғаннан кейін белгілі болады. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің өкімі бойынша өндіріс қуаты мен даму жобаларын кеңейту бойынша жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі аясында Қарашығанақ кен орнының санитарлық қорғау аймағын ықтимал кеңейтуді зерттеу мақсатында арнайы Жұмыс тобы құрылды, бұл істің нәтижелері ҚПО 2015 жылға арналған Тұрақты даму туралы есебінде беріледі.

2014 ж. желтоқсан айында БҚО атқарушы билігінің өкімі бойынша Березовка ауылына жаңа экологиялық мониторинг станциясы орнатылды. ҚПО Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қоршаған ортаны қорғауға бар күшін салады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына айтылған (ЭЫДҰ) шағым

2013 ж. шілде айында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық ету принциптері аясында қоғамдық экологиялық ұйымдар атынан ҚПО компаниясына қатысты компанияның өндірістік қызметі қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына залалын тигізуде делінген шағым түсті. Бұл жөнінде толық ақпарат www.kpo.kz сайтындағы 2013 жылға арналған ҚПО-ның тұрақты дамуы туралы есебінде берілген. Ұлыбританияның Ұлттық Координациялық Бюросы (ҰКБ) шағымды қарап, қоғамдық ұйымдардың ҚПО-ның санитарлық-қорғау аймағының ішінде орналасқан екі үйге қатысты мәселеден басқа айыптауларының көп бөлігін қабылдамады.

2014 ж. ҚПО Ұлыбританиядағы ҰКБ бастамашылық еткен медиация немесе дау-жанжалды делдалмен реттеу процесіне қатысты.

Компанияның жергілікті билік органдарымен тұрғындарды қорғау саласындағы ынтымақтастығы

ҚПО серіктестікті дамыту және төтенше жағдай (ТЖ) кезінде тиімді әрекет ету мақсатында тұрғылықты халық өміріне белсенді қатысып, билік органдарымен өзара әрекет етуді жалғастыруда. Дабыл беру және ақпарат тарату жүйелері 6 000 адам тұратын 9 ауылда орнатылған. Халыққа апаттық дабыл беру жүйесі автоматты режимде тәулік бойы басқарылады.

Тұрғылықты халықты қорғау мәселелері бойынша ҚПО жергілікті атқарушы органдармен және азаматтық қорғаныс пен өндірістік қауіпсіздік саласындағы аймақтық органдармен жұмыс істейді. ҚПО компаниясы мен Бөрлі ауданының ҚМГКК нысандарында ірі апат қаупі туындаған жағдайда елді мекендерді эвакуациялауды ұйымдастыру бойынша бірігіп әрекет ету жоспары әзірленіп, әрекет етуде.


Сызбаға сәйкес, 2014 ж. ішінде дыбыстық сиреналарды қолдану арқылы елді мекендерде апаттық хабарлау станциясы ай сайын сынақтан өткізіліп тұрды. Сонымен бірге жыл ішінде ауылдық округ әкімдерімен, ауылдардың жауапты және лауазымды тұлғаларымен, шаруа қожалықтарымен, халықпен тұрғындарды апат жөнінде хабарлау жүйесінің жұмыс тәртібімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы айтқанда, ақпараттық жұмыс 1 148 адамды қамтыды.

Осыған қоса, 2014 ж. ауыл округтерінің әкімдерінің демеуімен ҚПО мамандары ҚӨК – Үлкен Шаған – Атырау экспорттық құбыр желісінің бойында орналасқан 60 ауылда тұратын 357 жергілікті тұрғынмен ТЖ болған кезде шұғыл әрекет ету және бірігіп жұмыс істеу мәселелері жөнінде кездесулер өткізді.

Барлық апаттық әрекет ету жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында ҚПО эвакуациялық іс-шаралар жоспарына сәйкес ауылдарда жүйелі түрде дайындық жұмыстарын жүргізеді. Бөрлі ауданы әкімдігінің ТЖ бойынша аудандық комиссиясының ұсыныстарына сәйкес оқыту жұмыстарын жүргізу кезінде ауылдың трансшекаралық орналасуы ескеріліп, кен орнына тікелей жақын орналасқан және тұрғындары көп ауылдар басымдыққа ие болады.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

26-сызба. 2014 ж. Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламалары



Жергілікті халықтың негізгі мұқтаждығы өмір жағдайларын жақсарту болып табылады, ал ҚПО жергілікті билік органдарына көмек көрсетіп, ұзақ мерзімді экономикалық дамуға үлесін қосу арқылы осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға күш салады.

Компания Консультативтік кеңестер арқылы қолдау көрсететін ауыл жұртшылығы ауылдардың инфрақұрылымы мен әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған жобалар бойынша ұсыныстарын енгізеді. ҚПО, өз кезегінде, тұрғындардан алынған ұсыныстарды сараптап, олардың тұрғындардың мұқтаждығына, жалпы басымдықтарға сәйкес келетіндігіне және оның бөлінген бюджет аясында жүзеге асыру мүмкіндігіне баға береді.

ҚПО-ның 2014 жылы жүзеге асырған жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға жәрдемдесу бағдарламасы денсаулық сақтау, білім беру және өнер саласын қамтиды және ол төменде берілген.

Зейнеткерлер мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету

Жергілікті халықты әлеуметтік қолдау бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын ҚПО-ның маңызды жобаларының бірі зейнеткерлерге шипажайлық-курорттық емделу және демалыс және Қарашығанақ кен орнының маңында орналасқан ауылдарда (Бөрлі ауданының Березовка, Успенев, Жарсуат, Орал маңы және Пугачев ауылдары) тұратын балаларға жазғы лагерь ұйымдастыру болып табылады.

2014 ж. ҚПО ауыл зейнеткерлері мен Бөрлі ауданының соғыс және еңбек ардагерлеріне «Ақжайық» санаторийіне 200 жолдама бөлді. Бөрлі ауданының жоғарыда аталған ауылдық округтерінің 160 оқушысы «Талап» жазғы лагерінде 10 күн демалып қайтты.

Жеңіс күні ардагерлерге құрмет көрсету

ҚПО-да 2003 жылдан бері ҰОС ардагерлері мен соғыс ардагерлерінің жесірлерін Ұлы жеңіс күні қарсаңында құттықтау дәстүрі қалыптасқан. Сол кезден бері ҚПО-ның тұрақты дамуды қамтамасыз ету және жергілікті тұрғындармен жұмыс істеу бөлімінің қызметкерлері Қарашығанақ кен орнының маңайындағы ауылдарда тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлерін компания атынан құттықтап, сыйлықтар табыстайды. 2014 ж. Ұлы Жеңістің 69 жылдығына арнап ҚПО ардагерлер мен ардагерлердің жесірлеріне 17 азық-түлік кәрзеңкесін сыйға тартты.

Білім беру

Жергілікті қоғамдастықтардың тұрақты дамуы міндеттерін орындай отырып, ҚПО-да жастардың білім алуы мен дамуын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарланған бағдарламалар әзірленуде. Бір реттік қайырымдылық шаралардан айырмашылығы, адам капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар салу компанияның стратегиялық міндеттерін шешуге, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтардың экономикалық жағынан өркендеуіне көмектеседі.

№ 10 мысал: Ауыл мектептерінің түлектеріне арналған шәкіртақы бағдарламасы

Мақсаты:

Бөрлі ауданының жергілікті билік органдарына білім беру, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы салаларындағы білікті кадрлардың жетіспеушілігімен байланысты мәселелерді шешуге көмек көрсету

Шешімі:

Бөрлі ауданының ауылдық округтарында білікті мамандардың жеткіліксіздігіне байланысты, 2010 ж. ҚПО кен орнына іргелес жатқан 4 ауылдық округ – Березовка, Успенев, Орал маңы және Жарсуат округтерінің – мектеп түлектеріне арналған шәкіртақы бағдарламасын алғаш рет бастамашылық етіп, әзірледі. Бұл жоба Бөрлі ауданының білім беру бөлімінің қолдауымен келісіліп, жүзеге асырылуда.

Ең алдымен, бұл жоба Батыс Қазақстан облысындағы жоғары және арнайы орта оқу орындарында білім алғысы келетін әлеуметтік қорғансыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен әке-шешенің қарауынсыз қалған балаларға, сонымен бірге мүгедек балаларға бағытталған.

ҚПО шәкіртақы бағдарламасының шарттарына сәйкес, студенттер алған мамандығы бойынша Бөрлі ауданында оралып, 2 жыл қызмет ететін жағдай ғана оқу ақысы мен ай сайынғы шәкіртақысы төленеді.

Қорытынды:

2010 ж. Бағдарламаға қатысу үшін Жарсуат ауылдық округінен алғашқы 4 студент таңдалынды. Студенттердің екеуі оқуын сәтті аяқтап, туған ауылдарына оралды.

2014 ж. Орал қ. Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының дене шынықтыру және спорт факультетін аяқтаған Күсүмқұлов Артур қазір Жарсуат ауылындағы өз мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмысын бастады.

Нуйкин Дмитрий 2013 ж. Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжінің электрмен жабдықтау факультетінің дипломын алып, сол жылдың қыркүйек айынан бастап «МСС КИП - Автоматик» ЖШС-да электрмонтаждаушы болып жұмыс істеуде.

Ағылшын тілін үйрену бағдарламасы

Ағылшын тілін білу жастарға өнеркәсіп, бизнес, дипломатия, мәдениет, халықаралық туризм, ғылым және компьютерлік технологиялар сияқты әр түрлі салаларда білім алуға және карьерасын дамытуға көмектеседі. Бұл білім беру процесін тиімді жүргізуге, жұмысқа орналасуға көмектеседі және жалпы өмір сүру сапасын жақсартады. Қазіргі таңда әр түрлі БАҚ ақпаратты еркін таратады, оның 80%-ы ағылшын тілінде.

Жергілікті оқушылардың ағылшын тілі бойынша қосымша сабақтарға зәру екендігін ескере отырып, ҚПО өзінің әлеуметтік міндеттері аясында жергілікті оқушыларды ағылшын тіліне оқыту жобасын қаржыландыруды жалғастырды. Сыныптан тыс ағылшын тілі сабақтары Ақсайдың алты орта мектебінде және ҚМГККО периметрінде орналасқан Бөрлі ауданының бес ауылдық мектебінде өткізілді.

№ 11 мысал: Бөрлі ауданының ағылшын тілі мұғалімдерін кәсіби дамыту бағдарламасы

Мақсаты:

Бөрлі ауданының ағылшын тілі мұғалімдерінің ағылшын тілін меңгеру дағдыларын жетілдіру

Шешімі:

2014 ж. ҚПО-ның жергілікті оқушыларға ағылшын тілін үйрету бағдарламасына қатыстырылған Бөрлі ауданындағы ағылшын тілі оқытушыларының қажеттіліктерін тексеріп, ҚПО Ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру және оқытудың озық әдістемелерін үйрету бағдарламасына бастамашылық етті.

Бөрлі ауданының Білім бөлімінің қолдауымен ҚПО Бөрлі ауданының 20 оқытушысының оқу ақысын төледі. ҚПО мұғалімдердің оқытудағы қажеттіліктеріне бағалау жүргізген «Британдық кеңес» мемлекеттік емес ұйымымен серіктестікте жобаны жүзеге асырып, ағылшын тілі оқытушыларын оқыту бағдарламасын жасап шығарды.

Оқытушыларды оқытудың ең маңызды бөлігі «Британдық кеңес» сарапшылары тарапынан тәлімгерлік және коучинг болды, осының көмегімен оқытушылар тәжірибелі тренерлерден сабақтарда қолданатын әдістемелерге қатысты уақытылы жауап алып, өз прогресін қадағалай алды.

Жобаның толығымен «Британдық кеңес» сарапшылары арқылы әзірленгенін, ал сабақтарды тіл тасымалдаушы оқытушылар жүргізгенін атап өту керек. Жоба 2014 жылдың соңында сәтті аяқталды.

Қорытынды

Оқыту курстары сәтті аяқталғаннан соң, ағылшын тілінің 20 оқытушысы «Британдық кеңес» сертификатын алды.

Қоғамдық бірлестіктермен серіктестік

Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік бағдарланған жобаларын жүзеге асыру үшін, ҚПО әлеуметтік жауапты компания ретінде жергілікті қоғамдық ұйымдармен серіктестік қатынасқа орнатуға мүдделі.

№ 12 мысал: «Жас Дарын» қоғамдық қоры

Мақсаты:

Бөрлі ауданының қоғамдық ұйымына әлеуметтендіруге бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруына қаржылай көмек көрсету және мүмкіндігі шектеулі балалар мен қиын жағдайға тап болған балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Шешімі:

2011 ж. ҚПО компаниясының қаржылай демеушілігімен Бөрлі ауданында 7 жастан 16 жасқа дейінгі мүмкіншілігі шектеулі және қиын жағдайға тап болған балалардың құқықтары мен мүдделерін жан-жақты қорғау мақсатында «Жас Дарын» қоғамдық қоры құрылды.

«Жас Дарын» қоғамдық қорының институционалдық дамуына және қызметкерлерінің бизнесті жүргізу, жобаларды басқару, бизнес-жоспарлар құру дағдыларына және фандрейзингке оқыту кезінде, ҚПО компаниясының серіктес компанияларының бірі «БиДжи Қазақстан» компаниясы айтарлықтай көмек көрсетті. Осы компанияның қаржылай қолдауы арқылы 2012-2014 аралығында бірқатар оқыту семинарлары жүргізілді.

Қорытынды:

2014 ж. тамыз айында ҚПО-ның демеушілігімен Ақсайда №3 мектеп базасында «Жас Дарын» қоғамдық қорының жобасы аясында физикалық мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Өнер студиясы ашылды. Өнер студиясы жобасы Бөрлі ауданының әкімдігі, мәслихат және білім бөлімі тарапынан қолдауға ие болды. 2014 ж, ішінде осындай өнер студиялары Бөрлі ауданының Қанай, Кеңтүбек және Жарсуат ауылдарының мектептерінде де ашылды.


Осы бағдарлама аясында 2014 ж. мынадай шаралар өткізілді: «Қолыма қарындаш алып» сайысы, Бумакөл ауылының табиғат аясындағы көшпелі пленэр және шығармашылық демалыс, Ақсай қ. Өнер мектебінің, Орал қ. көрме залдарына бару, әлеуметтік педагогтармен тренингтер, балалар акцияларына қатысу.

Батыс Қазақстан облысындағы ірі ұйым және жұмыс беруші ретінде, ҚПО компаниясы көптеген мердігерлік ұйымдармен серіктесе отырып, аймақ экономикасының және жалпы Қазақстанның дамуына айтарлықтай үлес қосуда.

ЖАБДЫҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

ҚПО-ның тауарлар мен қызметтерді сатып алу саласындағы қызметі ҚПО компаниясы бекіткен тендерлік процедураларға және Өнімдерді бөлу туралы ақырғы келісім (ӨБАК) нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алулар бәсекелестік, әділдік және құпиялылық қағидаттарын сақтай отырып, тендерлер жүргізу арқылы конкурстық негізде өткізіледі.

Төменде ҚПО-ның келісімдік жұмыс пен сатып алулар қызметін қысқаша сипаттайтын ақпарат берілген.



Сатып алуды жоспарлау процесіне шығындар мен қаражатты үнемдеу, қорлардың мақсатты көрсеткіштері мен сапаға егжей-тегжейлі әрекеттердің стратегиялық жоспарын анықтауға мүмкіндік беретін сатып алу қажеттіліктерін қамтитын бағдарламаны әзірлеу кіреді.

Келісімшарттық стратегия тұтынушы бөлімдердің ержелер мен саясаттарды сақтай отырып, сатып алу қызметіндегі қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қажетті әрекеттерді анықтауға бағытталған.

Жеткізушілер мен тауарлық топтарды басқару жүйесі ҚПО-ның этикалық принциптер, жергілікті қамту мен қаржылық тұрақтылық саласындағы талаптарына сәйкес келісімшарттық жұмыс пен сатып алуларды жүзеге асыруға бағытталған.

Өтінім беру процесі тұтынушы бөлімнің келісімшарттық жұмыс пен сатып алулар бөліміне (КЖпС) тауарлар және/немесе жұмыстар және/немесе қызметтер алу мақсатында сатып алу әрекетін бастау жөнінде сұрау жіберуден басталады.

Тендерлік сауда-саттық жүргізу және келісімшарт беру кезеңі тендерлік сауда-саттыққа қатысуы үшін шақыруға сәйкес келетін жеткізушілерді анықтау, алынған ұсыныстарға талдау жасау, сондай-ақ келісім-шарт беру және жасау арқылы КШпС бөлімі тұтынушылардың сатып алу өтініштерін өңдеуге қолданатын процестерін қамтиды.

Ары қарай келісімшартты басқару және әкімшілік ету процесінде рөлдер мен оны орындауға жауапты тұлғалар, оның ішіне келісімшартты ұстаушы, келісімшартты басқарушы маман, сонымен бірге КШпС бөлімінің қатысушылары анықталады.

Мердігер жұмысына берілген соңғы пікірде оның келісімшарттық міндеттерді орындауына, оның ішінде көрсетілетін қызметтер сапасына, коммерциялық басқаруына, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, ҚПО-мен өзара әрекеттестігіне және тағы басқаларына баға беріледі. Берілген пікір жеткізушінің біліктілігін жаңартуға және қайта қарауға мүмкіндік береді.

Қарашығанақ кен орнын игеруден бастап 2014 жылдың соңындағы деректер бойынша ҚПО-ның жеткізушілер мәліметтер базасында 7 174 ықтималды тауар, жұмыс және қызмет түрін жеткізушілер тіркелген. 2014 ж. барлығы 437 компания тіркеліп, оның 204-і сенімді деп танылды.

2014 ж. қорытындысы бойынша ҚПО 1,70 млрд. АҚШ долларына 1 933 келісімшарт пен оған қосымшалар жасады. Келісімшарттар мен оған қосымшалар 655 жеткізушіге ұсынылды, оның 383-і (58%) – жергілікті жеткізуші (Қазақстан Республикасында тіркелген), ал 272-сі (42%) – шетелдік компаниялар.

Сатып алулар санатына сәйкес, 2014 ж. тауарлар жеткізуге 447 млн-нан астам АҚШ долларына 1 234 келісімшарт, қызметтер көрсетуге 1,261 млрд-тан астам АҚШ долларына 699 келісімшарт жасалынды.

Қарашығанақ кен орнында құрылыс, бұрғылау операциялары, тасымалдау және техникалық қызмет көрсету қызметтерін қамтитын негізгі жұмыс пен қызмет түрлерін орындауға біз көптеген мердігерлерді жұмысқа тартамыз.

Тауарларды жеткізу келісімшарттарының негізгі санаттары: құбырлық өнімдер, компрессорлар, әр түрлі бекіту арматуралары, сағалық атқыма құрылғылар, жылу алмастырғыштар, электрлік тауарлар және осы қондырғылардың қосалқы бөлшектері.

Қызмет көрсету жөніндегі негізгі келісімшарттар құрылыс, тамақтану қызметтері, газды ГП-2-ге кері айдау компрессорларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, ҚӨК-дегі газтүрбиналық станцияларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу, логистика және жүктерді жөнелту қызметтері, бұрғылау және ұңғымалық операциялар, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау қызметтері, күзет қызметтері, жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қосалқы қызметтер сияқты қызмет түрлерін қамтыды.

2014 ж. қызмет көрсету бойынша келісімшарттың басымы, жоғарыда айтып өткендей, Қазақстан Республикасында тіркелген компаниялармен жасалынды. Сонымен бірге тауарлар мен қызмет түрін көрсету бойынша келісімшарт жасалынған мемлекеттер саны көп. Оған Қазақстаннан басқа, Италия, Ұлыбритания, Германия, БАӘ, Ресей, АҚШ, Нидерланды, Чехия және т.б. кіреді.


ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАЗМҰНДЫ ДАМУ

Қарашығанақ кен орнын игеруді бастағаннан бері ҚПО импортты азайтуды және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін Қарашығанақ бойынша серіктестер алатын жалпы тауар, жұмыс және қызмет көлемінен жергілікті жерде өндірілген тауар, қызмет және жұмыс көлемін арттыруды мақсат ететін қазақстандық қамтуды дамыту бағытында белсенді қызмет етіп келеді.

Сатып алу әрекеттерін айқын жүргізу мақсатында ҚПО тауар, қызмет және жұмыс сатып алу жөніндегі жылдық, орташа және ұзақ мерзімді жоспарларын веб-сайтта жариялайды. Бұл жергілікті компаниялардың аймақты ірі жұмыс беруші ретінде ҚПО-ның жоғары қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес келетін жеке стратегияларын дайындауға көмектеседі.

2014 ж. Қарашығанақ жобасында қазақстандық қамтудың үлесі төмендегі сызбада көрсетілгендей 47,38%-ды (472 млн АҚШ долларын) құрады.

27-СЫЗБА. 2012-2014 жж. ҚПО ЖАЛПЫ ШЫҒЫНЫНЫҢ КӨЛЕМІНЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
 МАЗМҰННЫҢ ҮЛЕСІ



2013 жылға қарағанда 2014 ж. қазақстандық мазмұнның жалпы түсімі Қарашығанақ кен орнының дамуын қолдауға Компанияның өндірістік қажеттіліктерге бөлген шығындарының жалпы артуына байланысты болды.

Қарашығанақ кен орны – мұнай конденсаты мен газды өндіру мен өңдеуге арналған әлемдік стандарт бойынша алдыңғы қатарлы технологиялары ендірілген әлемдегі бірегей және ең ірі мұнай-газ конденсаттарының бірі. Жобада шетелдік қондырғыларды қолдану өндірістік процестің жоғары технологиялылығына және жоба талаптарына байланысты. Қазақстандық компаниялар шығаратын фланец, фитинг, клапан сияқты қосалқы бөлшектер және басқа да құрылғылар шет елде жасалынған қондырғылардың бөлшектерін ауыстыруға келмейді. Сол себепті осы қосалқы бөлшектерді шет елдік компаниялар жеткізеді.

2014 ж. қосымша жұмыстарда қолданылатын Қазақстанда өндірілетін тауарлар шығыны азайтылды, бұл 2013 ж. тауарлардағы қазақстандық мазмұнның негізін құраған болатын.

Сонымен бірге ұңғымалық операциялар саласында жүзеге асырылатын жұмыстарды жүргізуге және мұнай операциялары үшін техникалық қызметтерді орындауға бөлінген шығындардың артуына байланысты азайтылды. Бұл жұмыстарды шетелдік компаниялардың қазақстандағы филиалдары орындайды және жергілікті қамту көзі болып табылмайды.

Оған қоса қазақстандық қамтуда теңгенің құлдырауы да маңызды рөл атқарды, бұл 2013 жылмен салыстырғанда күрстық айырмашылықтан едәуір көрінді.

Қазақстандық мұнай-газ компанияларымен әрекеттесу

Отандық нарықпен тиімді әрекеттесу Қазақстанның мұнай-газ секторындағы барлық кәсіпорындар үшін өзекті мәселе болып табылады. Қазақстандық қамтуды барынша арттыру мақсатында саланың ірі кәсіпорындары әр түрлі қызмет көрсету саласындағы компаниялармен бірлесіп жұмыс істейді.

Мұнай газ операторларының бірігіп әрекет етуі жөніндегі Ақтау декларациясы

Алдыңғы жылдардың есептерінде біз отандық өндірісті бірегей басымдықта дамыту бойынша операторлардың, инвесторлардың және мемлекеттік мекемелердің жеке бағдарламаларын біріктіру мақсатында 2012 ж. қол қойылған Мұнай-газ операторларының бірігіп әрекет етуі жөніндегі Ақтау декларациясы аясындағы бастамалар жөнінде айтып кеткенбіз. Осы бастамаға қатысушылар – Теңізшевройл, Норт Каспиан Оперейтинг Компани, ҚПО және «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы бірлесіп әрекет етуді жалғастырып, 2014 ж. жеткізушілерді тіркеудің бірегей базасын жасау жөнінде нәтижелерге қол жеткізді.

Жеткізушілерді тіркеудің бірегей базасын құру идеясын операторлар базаның олардың талаптарына сәйкес келіп, қажетті параметрлерге ие болған жағдайда ғана қолдады. Бірегей мәліметтер базасы жеткізушілерді іздеу процесімен байланысты шығындарды жеңілдетуге және қысқартуға көмектеседі. Дегенмен мәліметтер базасының тиімділігі жағынан кең ауқымды және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс.

2014 ж. қыркүйек айында операторлар жеткізушілер туралы мәліметтерді басқару бойынша қызметтер көрсетуші және «Қазақстанның алғашқы бекеті» жүйесін шығарған «Ахилес» компаниясымен мұнай газ саласында жеткізушілердің бірегей базасын басқару жөніндегі қызметтерді жеткізуші ретінде жұмыс істеу жөнінде шешім қабылдады.

Осы бағытты жүзеге асыру аясында мәліметтер базасына жеткізушілерді тіркеу процесіндегі талаптарды үйлестіру жұмысы параллельді жүргізілді. Әр оператордың жеткізушілерді алдын ала бағалаудың өзіне тиесілі айрықша процедуралары бар екендігін ескере отырып, жеке компаниялар үш жобаның әрқайсысына құжаттар пакетін жинауға мәжбүр, бұл қосымша жайсыздық тудырады.

Операторлар талаптарын салыстыру және ішкі процедураларды қайта қарау нәтижесінде 2014 ж. барлық операторлар жеткізушілерді мәліметтер базасына тіркеудің жүйеленген сауалнамасын дайындап, мақұлдады. 2014 жылдың үшінші тоқсанынан бастап ҚПО алғашқылардың бірі болып жеткізушілерді тіркеу процесіне осындай жүйеленген сауалнама қолдануды бастады.

Өндірісті локализациялау және жаңа технологиялар ұсыну

ҚПО компаниясы үшін жергілікті компаниялардың үздіксіз дамуына қолдау көрсету, сонымен бірге олардың әлеуетін нағайтуға, құзыреттілігін арттыруға және олардың мұнай-газ саласында қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу маңызды.

Өндірісті локализациялау жөніндегі жобалар шет елдік және отандық компаниялардың өзара тиімді серіктестігін көздейді, ішкі инвестициялардың көбеюіне ықпалын тигізеді, жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер береді. Осындай жобалардың екеуі төменде берілген.

№ 13 мысал: Ақсай индустриалдық паркі (АИП)**Мақсаты:**

Қазақстандық кәсіпорындармен серіктесуге мүдделі халықаралық компанияларға қажетті жағдайларды қолдап, жасау арқылы мұнай-газ саласында ұзақ мерзімді негізде талап етілетін тауарлар мен материалдардың жергілікті өндірісін дамыту.

Шешімі:

Жоба ҚПО компаниясы мен ұлттық нарықтың тауарлар мен қызметтерге қажеттіліктерін есепке ала отырып жасалынды. Жобаны жүзеге асырудың алғашқы кезеңдерінде жергілікті өндірісті ары қарай дамыту мүмкіндіктері мен әлеуеті бағаланды.

2012 ж. маусым айында ашылған АИП қазақстандық кәсіпорындарға халықаралық жетекші компаниялардан «ноу-хаудың» берілуін қамтамасыз ету үшін, қазақстандық қамтуды дамыту бастамалары аясында Ақсай қаласының өнеркәсіптік аймағында жеке компаниялар жүзеге асырған пилоттық жоба болып табылады.

АИП – Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымына кірген және Қарашығанақ, Теңіз және Қашаған сияқты негізгі ірі кен орындарына жақын орналасқан Жоғары технологиялар орталығы. АИП тауарлар мен қызметтер өндірісін жақсарту үшін жергілікті мердігер компаниялар үшін олардың батыстық серіктестерімен тікелей өзара әрекеттесу инфрақұрылымын ұсынады.

Қорытынды:

Қазақстандық қамтуды ары қарай дамыту бойынша ортақ ниеттерді бекіту мақсатында 2014 ж. 28 наурызында ҚПО мен «Ақсай индустриалдық паркі» арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Серіктестік ҚПО-ға қажетті бірқатар жұмыстар бойынша жол картасы аясындағы ортақ әрекеттерді көздейді. Нәтижесінде келесі тауар, жұмыс және қызмет түрлерін ұсынуға жалпы сомасы 45 млн АҚШ долларын құрайтын 8 келісім-шартқа қол қойылды:

1. Зертхана орнату;
2. Қондырғыларды жөндеу;
3. Клапандарды жөндеу;
4. Қондырғыларды калибрлеу;
5. Клапандарды жетілдіру бағдарламасы;
6. Материалдарды салыстыру;
7. Механикалық тетіктер;
8. Құбырларды тексеру және тазалау әдістері.

№ 14 мысал: Ақтау қаласындағы «Тенарис Глобал Сервисез Қазақстан» ЖШС бұранда кесу зауытының құрылысы

Мақсаты:

Тауарларды сатып алуда қазақстандық мазмұн үлесін ұлғайту және «ноу-хау» технологияларын ҚР-ға тасымалдау.

Шешімі:

ҚР өкіметінің өндірісті және қызметтік кластерлерді дамыту жөніндегі бастамаларын қолдауға, сонымен бірге Қарашығанақтағы ары қарай кеңейту жобаларының аясында тұтынушыларды ықтимал кеңейтуді ескеріп, ҚПО және Қарашығанақ жобасы бойынша серіктес компаниялар жергілікті әлеуетті дамытуға және заманауи технологияларды беруге инвестицияларды тарту мақсатында ортақ келісімді жүзеге асыруды мақұлдады. Осындай шаралар жоғары технологиялық өндірісті локализациялау және жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы аймақтың өнеркәсіптік секторын ары қарай өсіруге көмектеседі.

Қорытынды:

2014 ж. шілде айында Қазақстан өкіметінің басшысы Ақсай қаласына келген кезде, ҚПО мен Тенарис Глобал Сервисез Қазақстан Ltd» компаниясы Ақтау қаласындағы құбырлардың бұранда кескіш желісінің цехын салуға көмек көрсету мақсатында келісімге қол қойды.

«Тенарис Глобал Сервисез Қазақстан Ltd» компаниясының 2014 жылға арналған келісімді жүзеге асыру туралы есебіне сәйкес:

- Жобаның сәйкестігін растау және арнайы экономикалық аймақ қатысушысын тіркеу;
- “Kazakhstan Pipe Threaders” ЖШС жаңа қазақстандық компаниясын тіркеу;
- Жергілікті компанияға егжей-тегжейлі әзірлеуге, топографиялық және геологиялық жұмыстарға 1,2 млн АҚШ доллары сомасында келісімшарт ұсыну, сонымен қатар Ақтау қаласында құбырлардың бұранда кескіш желілерінің цехын салуға рұқсат беру.

Сызбаға сәйкес жобаны жүзеге асыру 2015 жылдың аяғына есептелінген.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ЖЕТКІЗУ

ӨБАК ережелері мен шарттарына сәйкес, ҚПО компаниясы Батыс Қазақстан облысының тұрғындарына 20 МВт электр энергиясын жеткізеді. 2005 ж. ҚПО ҚӨК ГТЭС-ке төртінші генератор салып, пайдалануға берді. Бұл кен орнының мұқтаждығын қанағаттандырғаннан кейін, аймақтық желілерге 45-48 МВт-қа дейін электрлік қуат беруге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ҚПО ары қарай БҚО тұтынушыларына жеткізу үшін, екі электрмен қамтамасыз етуші «Ақсайэнерго» ЖШС мен «Батыс Энергоресурстары» ЖШС ұйымдарына электр қуатын өндіріп, жеткізеді.

2014 ж. облыс басшылығы мен электрмен қамтамасыз етуші ұйымдарының үндеуіне жауап ретінде ҚПО ҚӨК-тегі ГТЭС-тің барлық төрт генераторын бір уақытта жұмыс істетуге арқылы облысқа электр қуатын жеткізуді жалғастыра берді.

Осыған қоса Батыс Қазақстан облысының басшылығы мен Батыс Қазақстан аймақтық электр энергетика компаниясы АҚ-тың (АЭК) өтінішіне жауап ретінде 2014 ж. ҚПО Аймақтық электр желілерін жетілдіру жобасын қолдап, 326 млн теңгеден астам қаражат бөлді. Соңғы жылдары БҚО АЭК ескірген электр желілерінің сенімсіздігінен жарық жиі өшіп, соның салдарынан Қарашығанақ кен орнының қызметіне айтарлықтай шығын әкелген болатын.

Модернизациялау екі кезеңге жоспарланды, оның біріншісі негізінен 2014 ж. орындалды. Ол құрылғыны ішінара жаңартуды, сондай-ақ ескі құрылғыны үздік сипаттары бар жаңасына ауыстыруды көздеді. Нәтижесінде Батыс Қазақстандық АЭК электрлік желілерінің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыруға көмектесті.

Жетілдірудің екінші кезеңі 2015 жылға жоспарланған. Екінші кезеңнің бағдарламасында ауа желілері мен подстанциялардың жұмыс көлемін ұлғайту қарастырылған.

ҚПО электр қуатын жыл мезгіліне қарай аймақтық желіге жеткізу Батыс Қазақстан облысының жалпы электр тұтынуының 30-40 %-ын құрайды. Бұл облыс экономикасына айтарлықтай үлес қосады. Сонымен бірге ҚПО өндіретін электр қуатының құны басқа өндірушілер электр энергиясының құнынан анағұрлым төмен, осыған байланысты Басты Қазақстан облысындағы электр қуатының жалпы құны бір деңгейде ұсталып тұр. 2014 ж. компания «Ақсайэнерго» ЖШС үшін 40,8 ГВт-сағ және «Батыс Энергоресурстары» ЖШС үшін 304,7 ГВт-сағ, ал жалпы алғанда БҚО желісіне 345,5 ГВт-сағ электр қуатын өндірді.

2014 ж. БҚО тұтынушылары үшін ҚӨК ГТЭС-те электр қуатын өндіруге арналған отындық газ көлемі 114,3 млн м³ құрады.

37-кесте. 2014 ж. ҚПО-ның отын газы бен электр қуатын жеткізуі

	2012	2013	2014
БҚО-ға жеткізілетін КПО отын газ, млн м ³ , оның ішінде:	130,4	98,7	114,3
▪ «Казтрансгаз Аймаққа» (КТГА) тікелей сату	19,8	0,0	0,0
▪ БҚО үшін электр қуатын өндіруге	110,6	98,7	114,3
БҚО жеткізілген электр қуаты, ГВт-сағ	350,4	325,9	345,5

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ДЕМЕУ

